

САРЫАРҚА САҢЛАҒАРЫ



ЖАҚСЫ
ЖАНҚҰТТЫ

Болатқ-Баспа

Өз заманының тұлғалы азаматы
Жанқұтты Ботантайұлының
190 жылдық торқалы тойына
ТАРТУ





Сарыарқа саңлақтары

Жақсы Жанқұтты

Жалпы редакциясын басқарған:
Ж.С. АҚЫЛБАЕВ,
академик,
техника ғылымдарының докторы,
профессор.

Болашақ-Баспа

Жақсы Жанқұтты. Қарағанды: Болашақ-Баспа, 1999- 152-б.

Бас редакторы:

М.Х. ХАМЗИН, филология ғылымдарының докторы, профессор

Жауапты редакторы:

М.І. ӘБДУОВ, филология ғылымдарының кандидаты, доцент.

Редакция алқасы:

К.С. САРХАНОВ, Шет ауданының әкімі, ауылшаруашылық ғылымдарының кандидаты.

З.Р. РАХИМОВ, техника ғылымдарының кандидаты, доцент.

Н.О. ДУЛАТБЕКОВ, заң ғылымдарының кандидаты, доцент.

С. ЖҮНІСОВ, Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі.

Ш. КӨКЕНОВ, дербес зейнеткер.

Б.Е. МҮСТАФИН, Қазақстан Республикасы Суретшілер одағының мүшесі.

М. БАДАНОВ, Ақжал ҚазЦИНК фирмасының бас директоры.

Қ. ТІЛЕУБЕРГЕНОВ, Шет аудандық әкімшілігі ішкі саясат бөлімінің меңгерушісі.

Сарапшылар:

Б. ӘБДІҒАЗИЕВ, филология ғылымдарының кандидаты, доцент.

А. БҮЛДЫБАЕВ, филология ғылымдарының кандидаты, доцент.

Көпшілікке ұсынылып отырған ғылыми және көпшілік сипаттағы бұл кітап ХІХ ғасырда өмір сүрген әрі шешен, әрі көсем Жанқұтты Ботантайұлының өмірі мен шығармашылығынан сыр шертеді. Өз кезінде халықтың қамын ойлап, ел бірлігі үшін еңбек еткен Жақсы Жөкеңнің кейінгі ұрпаққа өсиет етіп қалдырған үлгі боларлық нақыл сөздерімен осы кітап арқылы толық танысуға болады. Сонымен қатар бұл жинақ ғылыми тұжырымдарға да, ой салар пікірлерге де, қызықты естеліктерге де, тебірентер толғаныстарға да толы.


ISBN 5-7667-8635-6 © Қарағанды маңызды білім беретін


“Болашақ” институты

“Болашақ-Баспа” редакциялық-баспа бөлімі.

Аллаға жағам десең — азанды бол,
Ағайынға жағам десең — қазанды бол,
Халқыңа жағам десең — әділ бол,
Судай таза бол,
Жердей берік бол,
Өмірің ұзақ болсын,
Аймағың суат болсын,
Сөзің халқыңа қуат болсын!
Әмин!

*Шабанбайдың
Жанқұттыға берген батасы*





Осы аятты марқұм
Жақсы Жанқұтты Ботантайұлының
рухына
бағыштаймыз!

БАСТАУ

Бабалар рухына тағзым ету — қиялыңдағы асыл әруақтың қабіріне бір уыс топырақ салып, тәу ету деген ұғыммен жақын нәрсе. Қазақтың Уақыт және Кеңістік аясындағы бүкіл болмысын кең даланың барлық түкпіріне өсиет етіп қалдыра білген Әнет баба, Қаз дауысты Қазыбек би, Байдалы би, Жидебай, Сана би, Қараменде би, Шабанбайлардың қалдырған өсиет-мұрасын ХХ ғасырдың табалдырығына тақап кеткен Жанқұтты биге көрсетіліп жатқан құрмет, шығарылып жатқан кітап, бөрінен бұрын, қазақтың ұлттық рухына көрсетілген құрмет. “Тойдың болғанынан болады-сы қызық” деген сөз бар.

Бөрінен бұрын, әйгілі бабамыздың рухын еске алу тойын өткізуге белсене ат салысқан азаматтарға ұйымдастыру алқасы алыс сезімін білдіреді. Жинақ ретінде шығарылған кітаптың жалпы редакциясын басқарған академик Жамбыл Ақылбаевқа, барша іс-шараның өз мәнінде өткізілуіне жанашырлық білдірген Қарағанды облыстық әкімшілігіне, Шет ауданының әкімі Кәкімжан Сархановқа, орынбасары Рысқали Әбдікеревке, аудандық әкімшіліктің ішкі саясат бөлімінің меңгерушісі Қайыржан Тілеубергеновке, сондай-ақ қаржылай жәрдем көрсеткен еңселі азаматтар Кәдірбек Мейрамбековке, Зекен Рахимовқа, Мейрам Бадановқа, Тілеуқабыл Есенбековке, кітапты басып шығару ісіне еселі еңбек сіңірген Қарағанды маңызды білім беретін “Болашақ” институты жанындағы “Болашақ-Баспа” редакциялық-баспа бөліміне, оның редакторы Жомарт Оспанға, т.б. тек қана алғыстан басқа айтарымыз жоқ.

Жақсы Жәкең ғұмыр кешкен дәуір аса бір күрделі кезеңге жатпандықтан осынау кітапқа мақала жазған ғалымдар, басқа ғалымдар, өлең жазған ақындар, бөрінен бұрын сол заманның өкіліне, дәуір тынысына көбірек назар аударуға тырысты, ұлттық мұрасын әлемдік жалпыадамзаттық құндылықтар зерделеуге әрекет жасады, күні бүгінге дейін жансақшынып келе жатқан кейбір тарихи айғақтарды жан-жақтай күйінде беруге талпынды.


Мақала авторларына рахметімізді білдіреміз. Әрдайым намыс туын биік ұстай білген азаматтарға ұлы бабамыздың рухы күш берсін дегіміз келеді.

Ұйымдастыру алқасы атынан —

**Мәуен ХАМЗАҰЛЫ,
филология ғылымдарының докторы,
профессор.**

I тарау

**ҒАЛЫМНЫҢ СӨЗІ —
ҒЫЛЫМНЫҢ КӨЗІ**



Шешендік және шеберлік

Х.М. НҮРМҰХАНОВ,
филология ғылымдарының докторы,
профессор.

Өнердің көптеген өзге де түрлері сияқты, шешендік те адам баласымен ежелден бірге жасасып келе жатқан, қоғамдық-рухани мәні зор, қадірлі де қасиетті өнер.

Ол, әсіресе, біздің халқымыз үшін тіпті ерекше бағалы. Себебі Ж. Аймауытов, М. Әуезов сөзімен айтқанда: “қазақ жұрты кең далада, еркін әуеде сайран салып, жер мен көк, су мен ағаш, тау мен тастың тамаша сырларымен бірге туысып біте қайнап, басы бос, қиялы күшті, дүниенің бір бұлғақтап жүрген ерке баласы” болды. “Сондықтан оның сүйегінде ақындығы бар” (Ж.Аймауытов. М. Әуезов. Абайдың өнері һәм қызметі. “Абай” журналы, 1989, №12, 71-бет). Ал шешендік болса “ақындыққа ағайын” (М. Әуезов) өнер. Демек, бұларды сонау халу фәләдан-ақ жүрегімізге тағдыр сыйлаған нұр, қанымызға дарыған қасиет деп тануымыз өбден орынды.

Халқымыздың мұндай қабілет-дарынын өзге жұрттың білімпаз өкілдері де айқын байқаған. Мәселен, айтулы түркологтар В.В. Радлов, М.П. Мелиоранский, С.Е. Маловтар:

“Қазақ тілі — исламның бүлдіргіштік әсеріне ұшырамай, түптік таза түрін, түркі сипатын сақтап қалған тіл. Қазақ тілінің осы тазалығы мен табиғилығы, сондай ақ көп таралғандығы бұл тілдегі мұраларды менің көбірек жинап, оған әдебиет нұсқаларынан құрастырылған жинақтардың толық бір томын арнауыма себеп болды. Оның үстіне қазақтың өзге бауырластарынан гөрі сөзге тапқырлығы мен шешендігі маған айрықша әсер етті.” (В.В. Радлов. Образцы народной литературы Северных тюркских племен. Казахские наречия С.-П. 1970, стр. 17).

“Қазақтар — көркем, жатық сөйлеуге өте шебер де құмар халық. Бұларды тыңдау — жанға ләззат”. (М.П. Мелиоранский. Краткая грамматика казах-киргизского языка. С.Б. 1894. Ч. 1).

“Қазақтардың тілдері түркі тілдері ішінде өзінің бейнелілігімен де, суреттілігімен де үнемі ерекшеленіп отырады. Қазақтар-

дың даңқы өзінің халықтық ауыз екі тілімен, мөнерлі ауыз өдебиетімен де шықты, (С.Е.Малов. К истории казахского языка. ИЗВ. АН КазССР, 1941, вып.3.) - десе, 1830-31 жылдардағы Польша ұлт-азаттық көтерілісіне қатысып, Сібірде айдауда жүргенінде жиі-жиі өрі ұзақ уақыт қазақ даласында болып халқымыздың өмірін, дәстүрін және мәдениетін зерттеген А.Янушкевич інісі Януарийге 1848 жылдың 22 мамырында жазған хатында өзі куә болған бір даудағы шешендер айтысы туралы: “Бұл іске біздің бірнеше күніміз кетті. Өштескен екі жақ күреске барып түсті. Шешендер алма-кезек сөз таластырды. Қайсы біреулерінің желпіне, айшықты сөйлегені соншалық, мен қайран қалдым! Ежелгі Грецияда немесе Римде болса, старшина Тоқымбай мен Бейсекелер лаврдың астында қалған болар еді”, - деп жазды (А.Янушкевич. Күнделіктер мен хаттар. А., “Жалын”, 1979. 32-бет).

Енді халқымыздың шешендік өнері туралы өз зиялыларымыздың кейбірінің еңбектеріне, пікір-пайымдауларына кідіRELİK.

Бұл ретте алдымен Шоқан Уәлиханов есімін атаймыз. Ол “Записки о судебной реформе” атты еңбегінде шешендік өнер өкілдері — билерге байланысты біраз сөз қозғайды. Мұнда автор қазақ қауымында би атағын алу үшін олардың тектілігі, байлығы емес, халықтық әдет-ғұрыпты жете білуі және шешендік қабілеті болуы қажет екендігін баса айтады. (Ч.Ч.Валиханов. Собр. Соч. в 5 томах, т.1, 1962, стр. 93.)

Билер жөніндегі Абай пікірі де осыған ынғайлас. Оның үстіне ұлы ақынның сөз өнері туралы пікірлерінің, эстетикалық көзқарастарының шешендік сөздерге де қатысы бар екенін ескеруіміз керек. “Ескі бише отырмын бос мақалдап” деген сөзінен ақынның қызыл сөзділікті сынап, шешендіктен бос мақалдауды емес, ұтымды, мазмұнды, мағыналы көркемдікті талап еткені аңғарылады.

Қазақтың шешендік сөздерінің маңызын дұрыс түсініп, жариялаушы адамдардың бірі — Ыбырай Алтынсарин. Ол өзінің христоматиясына “Жәнібек батыр”, “Ізбасты”, “Байұлы” “Жиренше шешен” секілді шешендік сөз үлгілерін енгізеді. (Ы.Алтынсарин. Таңдамалы шығармалар. 1955, 123-бет).

Халқымыздың шешендік — тапқырлық сөздерінің алғашқы қағазға түскен нұсқаларын Диваев қолжазбаларынан да кездестіреміз. Қазақ өдебиетінің үлкен досы Диваев ел аузынан жазып алған материалдарының аяғында кімнен, қанша, қай жерде жазып алғанын да көрсетіп отырған. (Ә.Диваев. Түркістан қырғыз-

қазақтарының ескі тұрмысы туралы жазба сөздер. “Шолпан”, 1922, 41-бет).

Шешендік өнер жайына арнайы көңіл аударуда М.Әуезов еңбегі де елеулі орын алады. Ол “Әдебиет тарихы” кітабына “Билер айтысы” деген тарау енгізіп, шешендік сөздерден мысалдар келтіріп, олардың сыр-сипаты, табиғаты туралы талдау жасайды.

Шешендік сөздерді зерттеуге арналған үлкен бір еңбек — Сәкен Сейфуллиннің “Қазақ әдебиеті” кітабы. Бұл кітапта билердің тарихи орны хақында шағын тараумен қоса шешендік сөздерді өз алдына дербес жанр ретінде қарауға арналған “Билердің сөздері” деген үлкен бір тарау бар. Онда шешендік сөздердің көп варианттылығы және шешендік сөздер мен мақал-мәтелдердің ара қатынасы сөз болды. (С.Сейфуллин. Қазақ әдебиеті. А., 1932, 1-к.). Шешендік сөздерді зерттеуде тағы бір елеулі еңбек еткен ғалым — Ә.Мөметова. Оның: “Қазақ билерінің шешендік сөздері және оның әдебиеттегі орны” дейтін тақырыптағы кандидаттық диссертациясы осы өнердің ерекшелігіне арналған. Бұл еңбегінде автор шешендік сөздердің мағынасын, ауыз әдебиетінде алатын орнын айқындайды, белгілі шешен-билер туралы көптеген мәліметтер келтіреді.

Шешендік сөздерді ұзақ жылдар бойы жинап, жүйелеп, екінші бір арнайы зерттеген адам Б.Адамбаев болды. Бұл ретте оның бірнеше еңбегі баспадан шықты. Зерттеулерінде автор шешендік сөздердің табиғатын, жанрлық, көркемдік ерекшеліктерін кең сипаттай келіп, оларды түр-түрге бөліп, оған қоса шешендік мектеп туралы да пікір айтты.

Бұл ретте ғалым былай дейді: “Шешендік сөздер — әдеби тіліміздің сөздік қоры, сарқылмас көзі. Демек, шешендік нұсқалар — ауыз әдебиетінің басқа салаларымен бірге қазіргі қолданылып жүрген әдеби тіліміздің үлгісі, үйтқысы”. (Б.Адамбаев. Шешендік өнер. А., 1976. 68-бет).

Бұл — өте орынды тұжырым. Өйткені, шешендік сөздерді оқып отырғанда, олардың әдебиет үлгісі екендігіне шек келтіре алмаймыз. Мұның себебі, бір жағынан, халқымыздың тарихи-әлеуметтік экономикалық және мәдени жағдайына байланысты болса, екінші жағынан, сөз өнерін жоғары бағалаған көшпелі ырғақсыз, ұйқассыз, әуенсіз сөзді қабылдамауында жатыр. Және көптеген ақын-жыраулар билік айтып, шешен атанса, ал ірі шешендер әдетте ақын-жырау болған. Сондықтан да М.Әуезов “шешендікті ақындыққа ағайын” өнер деп қарайды. Б.Адамбаев та өзінің

еңбектерінде “шешендік пен ақындық — егіз өнер. Содан болар қазақтың ақыны — шешен, шешені — ақын” дейді.

Алайда шешендік сөздерді әдеби үлгі дей отырып, оның ең алдымен шешендіктің жемісі екенін естен шығармау керек. Шешендік сөздер — өдебиеттің басқа үлгілеріне ұқсамайтын, өзіндік қыр-сыры мол мұра. Тіпті сонау ерте заманда, көшпелі елде шешендіктің бүтіндей мектебі қалыптасқан. Сөз қадірін бағалай білген талапкер жастар шежіре-шешен қариялардан сөз үйреніп, оларды ұстаз тұтқан. Ал аға буын шешендер өз білгенін жастарға үйретуден жалықпаған.

Шешендік проблемасына арналып соңғы кезде жарық көрген еңбек ғылым докторы, профессор С.Негимовтің “Шешендік өнер” (1997) аталатын оқу құралы.

Автор бұл кітабында шешендік өнердің қалыптасу, даму тарихына шолу жасаумен бірге, оның табиғаты, өзіндік ерекшеліктері туралы да баяндайды.

Кітабының ұлттық шешендік өнерімізге, оның тарихына арналған бөлімінде ғалым сонау Майқы биден (1105-1225) бастап талай би-шешендердің атын атап, өмір сүрген кезеңдерін көрсете отырып, кейбірінің халқына танылған ерен қабілеті, ел тарихындағы айрықша орны туралы да байсалды тұжырымдар жасайды.

Сол аталғандардың арасында Қараменде, Зілқара, Алшынбай, Байкөкшелермен қатар Жанқұтты есімі де аталып, оның жас Абаймен кездескен сәті баяндалады. Сонда шешеннің Абайға қойған “Дүние неге сүйенеді, көздің көрмесі бола ма, шам жарығының түспес жері бола ма, болат пышақтың кеспес нәрсесі бола ма, өз тамағына тартпайтын мақлұқат бола ма?” деген 5 сұрағы, бұларға болайын деп тұрған балаң жігіттің берген жауабы келтіріледі. Болашақ ақынның тапқырлығына ырза болған шешен: “Осы айтқандарынды енді өлең сөзбен кестелеші,” - дегенде, әлгі жауабын Абайдың қолма-қол екі шумаққа сыйғызып тақпақтап бере салғаны, бұған айрықша көңілі толған Жәкеңнің ақ батасын бергені айтылады.

Бұл дерек “Ел аузынан” аталатын жинақта да бар. Алайда Құнанбай, Алшынбай сияқты ірі тұлғалармен тұстас өрі олармен жиі араласқан, талай шаршы топта суырылып билік айтқан, кейде тіпті Құнанбайдан асып кесім айтуға да батылы жеткен Жанқұтты сияқты бетті сөз ұстасының жинаққа енген мұрасы тым шағын ғана.

Дегенмен, “Пушкиннен мұра боп бізге кесек шығармалар емес,

тіпті бір ғана өлең жолы қалған болғанда да, соның өзінен-ақ біз ақынның ұлылығын айқын аңғарған болар едік”, - деп В.Г. Белинский айтқандай немесе құдық суының ащы-тұщылығын бір ғана тамшысы арқылы айқындауға болатыны сияқты, енді қолда бар осы айтылған шағын мысал негізінде-ақ Жанқұтты бабамыздың халқымызға төн дәстүрлі сөз сайыстарында ылдидан шауып төсте озып өнер көрсеткен айтулы тарландарының бірі ретіндегі сөз саптау срекшеліктерінен байқағандарымызға тоқталмақпыз.

“Ата, арзан не, қымбат не, даусыз не?” - деп Абайдың қойған сұрағына шешен:

- Шырағым, арзан — өтірік, қымбат — шындық, даусыз — көрілік, - деп жауап береді.

Сұрақ та, жауап та ықшам. Демек, бұдан сұрақ қоюшының да, жауап берушінің де қара жаяу емес, сөз қадірін жақсы білетін, сөйлеу машығына да жетік адамдар екені аңғарылады. Сондықтан да бірі: “Арзан деп қандай нәрсені айтуға болады?” - деп екіншісі: “Арзан деген айтыла салатын, қадірі жоқ өтірік қой”, деп шұбалтып емес, скеуі де екі-ақ сөзбен түсінісіп отыр, бұлар өзге жұртқа да өрі айқын, өрі әсерлі. Демек, шеңнен жауабы, жи айтылатындай, өрі қысқа, өрі нұсқа.

Ал Шабанбай бидің “Дүниеде не адал, өлемде не мықты?” деп қойған сұрағына ол:

“Адал болсаң, сұдай бол —

Су арамды кетіреді.

Мықты болсаң, жердей бол —

Жер жаһанды көтереді,” - деп жауап береді.

Бұл кездесуде қойылған сұрақтар да құрылымы жағынан жоғарыдағылардай, бірақ жауап олардай ықшам (эллипсис конструкциялы) емес, керісінше, шартты, түсіндірмелі компонентті аралас құрмалас сөйлемдермен күрделіленіп берілген.

Біздің ойымызша, өлі сынға түсіп ысылмаған, бата алдындағы “тесттен” өткелі отырған 17 жасар Жанқұтты бұл тұста жауабын бұрынғы аға билердің ертеден келе жатқан, ақ өлең түріндегі сөз саптау үлгілерінің бірі ынғайында, мысалы Қазыбек бидің:

“Өркенім өссін десең,

Кекшіл болма —

Кесепаты тиер еліңе;

Елім өссін десең,

Өршіл болма —

Өскенінді өшірерсің,” - деп толғайтыны сияқты, термелеген.

Демек, бұл жерде шәкірттікке Қадам басқалы отырған талапты жас кексе ұстазы алдындағы алғашқы жауабын кесіп-пішіп қысқа қайыруды жөн көрмей, бұлай істеуді өзіне әлі ертерек санап өрі ілгеріде өткен алқымды жезтандайлардың шешендік дәстүрін негізгі үлгі көретінін аңғартқысы келіп, жауабын сондықтан да толымды құрылымда берген сияқты.

Ал “Жанқұттының қартайған шағында айтқандары” деген жалпы тақырыппен берілген топтамадағы:

“Бір сөз айтсаң жақсыға,
Аталы сөзге тоқтайды.
Бір сөз айтсаң жаманға,
Өмірінде үкпайды...
Шешеннің сөзі шын асыл,
Қап түбінде жатпайды...
Топ бітпеске тон бітсе,

Қағуменен тоздырар”... — сияқты тақпақтарын шешен “Аталы сөзге арсыз жауап қайырар”, “Жаманға айтқан ақылың елекке күйған сумен тең”, “Асыл кездік қын түбінде жатпайды”, “Қой көрмеген қой көрсе, қуалап жүріп өлтірер” мақал-мәтелдерінің мазмұн-желісіне құрған. Демек, бұл жерден де байқалатындай, шешен Жер-Анамен кіндіктес Прометей сияқты, айтқандарын көбіне халқының байырғы тіл байлығы, сөз саптау үлгі-өнересі негізінде кестелеген.

Енді Жанқұтты баба туралы берген қысқа мәліметіміздің кіріспесіндегі “кейде тіпті Құнанбайдан асып кесім айтуға да батылы жеткен бетті” деген сипаттамамызға негіз болған дерекке тоқталайық.

Бірде Құнанбай, Алшынбай, Мұса үшеуі көпшіліктің қатысымен Мәслихат өткізбек болады. Халық түгел жиналып болғанмен, дуанбасылар келе қоймайды. Шілденің ыстығында жұрт бірнеше күн тосып қалады, реніш білдіре бастайды. Үш мырзаның бұл астамшылығына шыдай алмаған Жанқұтты халықты таратып жібереді. Кейін келген дуанбасылардың алдынан өзі шыққанда, Алшынбай тұрып:

- Жанқұтты, халық жиналды ма? - деп сұрайды. Сонда шешен:

- Халық жиналмақ түгіл, жиналыс бітіп қойды. Сіздер кешіккен соң, сырқаттанып қалған шығар деп, жиында қаралатын төрт мәселенің біреуін өзім шешіп, үшеуін үшеуіңе қалдырып, бір келгенде айтар деп, халықты таратып жібердім, - дейді.

- Оның да дұрыс болған екен. Бізге қалдырғаның нелер?
деген Алшынбайға:

- Мұсажан, асықтың қаржысының билігін саған қалдырдым; Алшынбай, тақыр жердің билігін саған қалдырдым; Құнанбай, ақ тобық аттың шабысының билігін саған қалдырдым, - дегенде, үшеуі де ләм-мим деместен атарынан түсіп, үйге кіріпті.

Бұл жердегі “асықтың қаржысы”, “тақыр жер”, “ақ тобық аттар” астарлы (символ түріндегі) сөз тіркестері. Бұлар арқылы ой бүкпелі өжуа түрінде бейнеленген. Мырзалардың үнсіз қалуы да сондықтан.

Бұлай жұмбақтап, түспалдап сөйлеуге де халқымыздың шебер екені рас, бірақ мына құпия мағыналы телімдер — ел жақсыларының лайықсыз қылық көрсеткеніне жасалған ескертпе, мазмұнында зілсіз, бірақ уытты сын жасырынып тұрған бейнелі айтылымдар.

Бұларда “қаржасу”, “тобық”, “тақыр жер” сөздері арқылы қаржас, тобықты руларының аттары мен Алшекең басының тақырлығы меңзеліп, “сөздерінде тұрмай, осы сарша тамыз ыстықта халықты қойдай иіріп қойып көптің емес, екеуің өз руларыңның. Алшекең болса “баяғы бір басының” қамымен жүргендерін қалай?!” деген астар жатыр. Қорыта айтсақ, осы келтірілген мысалдардан-ақ Жанқұтты шешеннің қасиетті өнерімізде өшпес орын алған от ауызды, орақ тілді майталмандардың бірі екені айқын аңғарылғандай.

Жалпы адамзаттық құндылықтар және ұлттық болмыс

*М. ХАМЗАҰЛЫ,
филология ғылымдарының докторы,
профессор.*

Адамзат баласының жер басып жүргенде еш тоқтамайтын, мөңгі-бақи қозғалыста болатын ұлы Көш-керуені уақыт өте келе тарих атты құнарлы шежіреге айналады, адам санасындағы сақталып қалған үзік-үзік слестердің арқауын бұзып алмай, біртұтас дүниеге айналуына әсер-ықпал етеді. Тарихы жоқ ел — жетім. Рухы төмен ұлт — жетім. Қандай халық, қандай ел, қандай ұлт болмасын, оның тарихын бар қылатын, рухын зор қылатын нәрсе — рухани әлемі. Мысырлықтарды өзге жұрт пирамидалары арқылы, европалықтарды роман стилімен дүниеге келген сәулет, мүсін ескерткіштері арқылы, шығыс елдерін гуманизм мен адамтанута, философия мен имандылыққа негізделген ғажайып бай поэзиясы арқылы танып білді (олардың әрқайсының астарында бай тарих бар, рухы биік жұрт бар).

Тым әріге бармай-ақ қояйық, бергіндегі тарих белестеріне көз салсақ та, бір нәрсеге көз жеткізуге болады, ол — біздің ұлттың сөзбен сурет салғаны, сөзбен сарай соққаны. Біздің ұлт “ердің құнын екі-ақ ауыз сөзбен” бітірді, бекеті, түрмесі, зынданы болған жоқ, оларды қажет еткен жоқ. Өзгелер үшін, өресіз өлде кімдер үшін жабайы болып көрінетін көшпенділік ғұмыр біздің ұлттың дүниетанымын биіктетті, қиялын үшқыр етті, ақылын алғыр етті. Осының нәтижесінде алғыр да дарынды, пайымды да қарымды ұлт қалыптасты. Біздің ұлтты түсінбей, мұрнын шүйіретіндер бар, олардың бізді түсінбеуіне кінәлі өздерінің өресіздігі. Қазақтай ұлттың ішкі әлеміне, жан дүниесіне, руханиет болмысына тек қана өре-деңгейі биік, рухы айқын, парасат пайымы кемел, салиқалылығы мен сұнғылалығы әдемі қиюлашып, шебер үйлескен жан ғана ене алады.

Әлемдік деңгейде біз жоғарыда сөз еткен мұра-ескерткіштер материалдық игіліктерді жасау жолында бірден-бір тиімді бағытты таңдап алған, яғни технократтық сипаттарға ертерек көшкен

елдермен салыстырғанда солардың көлеңкесінде қалып қойғаны және аян. Оның үстіне құрамына еніп, біртұтас кеңес елі атанған империяда біздің ұлттық мұрамызға қаншалықты дәрежеде көңіл бөлінгені де баршаға мәлім...

Қазір барша әлем жұрты тәуелсіз Қазақстанға назар салуда. Әлемдегі өркениетті елдер қауымдастығына мүше боп енбекке талпынған республиканың экономикалық жағдайы, табиғи байлығы ғана емес, оның адамдық болмыс-бітімі, руханиет өлемі, әдеби-мәдени мұрасы бәрі-бәрі де сыншыл көзқарастан сыртқары қалмауда. Сондықтан да біздің өзгеге көрсетер рухани ұлттық асылымыз да сөзді қастерленген, сөздің нарқы мен парқын пайдаланған шешендік өнеріміз болмақ.

Қазақтың шешендік өнері — барша руханиет өлеміміздің алтын бастауы. Кезінде Казаков, Потанин, Янушкевич, Радловтар таңқалып, тамсанған таза поэзияның, көусар өлеңнің, өзінің байлығы мен жанры жағынан дүние жүзінде ешқандай елдің әдеби-мәдени мұрасы тең келмейтін ғажайып фольклордың алтын өзегі де осынау шешендік өнерде жатыр. Табиғаттың өзіндей бұла, таза, табиғи, еркін, ешкімге бас ие қоймайтын өршіл, еңкейгенге еңкейіп, шалқайғанға шалқаятын, мінезі жомарт, көңілі мәрт қазақ ұлты ғасырлар бойы ұлы Даланы өзгеге таныта білді, сондықтан да атақты философ Бердяев Россияны Европаға төн немесе Азияға төн деп кесіп айтпай, оның ешкімге ұқсамас өзіндік кескін-келбеті бар дей келіп, сол Россияға ұлы Даланың да мықты әсер ықпалы тиді дегенді айрықша атап көрсетеді.

Ұлттық руханиет мұрасында кеңдікті, ерлікті, береке мен бірлікті, еркіндік пен өрлікті ту етіп көтерген қазақ халқы барша болмысын бір ғана тұлғасына сыйғыза алатын — шешенді дүниеге өкелді. Шешенді өулиедей сыйлаған жұрт оған піріндей табынды. Міне, осыдан барып шешеннің би атына, батыр атағына, көріпкел атына ие болуы заңды құбылыс болды.

Осынау айтылғандардан шығатын қорытынды: қазақтың сөз өнерін мойнына тұмар етіп таққан ұлтымыздың биі ғасырлар бойғы ұлттық қазынаны терең меңгеріп, аса үлкен мәртебеге ие болды, яғни сайын сахараның түкпір-түкпіріне аты жайылып, үш жүзге мәлім болған Жанқұтты бидің, оның алдындағы Ақжолдың, Қаз дауысты Қазыбектің, Шоң мен Әнет бабаның, Жидебай мен Жарылғаптың, Сана би мен Шабанбайдың, атақты Қараменденің бәрі-бәрінің әрі философ, әрі ұстаз, педагог, әр психолог, әрі сот, әрі тарихшы, әрі кеңесші, әрі билік иесі, әр

ақын, өрі ділмар шешен болып келуі тарихи заңдылық жүйенің белді-белді алғы шарттары болатын.

Міне, Жанқұтты сияқты би-шешендерді сөз еткенде, басты назарда ұстайтын мәселе — ұлттық сөз өнерінің жалпы адамзаттық құндылықтар қатарына қосылатындығы және ұлтымыздың барша болмысын айқара ашып, көп жұртты өзіне тәнті ететіндігі болса керек.

Өлі есімде, сонау жетпісінші жылдардың ішінде Жезқазған облысына келіп қайтқан ғалым Балтөкең - Балтабай Адамбаевтың облыстық газетте Жанқұтты би жайлы мақаласы жарияланды. Әрине, халқымыздың шешендік өнері жайлы өндірте жазған ол кісіге материал беріп, қыруар деректер айтқан қария, көкірегі даңғыл, асқан білімдар ақсақал Ілияс Әбдуов еді. Кейіннен Ілекеннің баласы Мұхамметқали (қазір филология ғылымдарының кандидаты, доцент) Жақсы Жөкең жайлы біраз деректерді республикалық баспасөз бетінде жариялады. Менің айтпағым: сонда көздеріне жас алып, өлгі газетті ең бір қимасындай аялап, тебіренген қариялар еді, өшкені жанып, өлгені тірілгендей болған көне көз ақсақалдар еді. Сөйлесе келе, сол кісілердің ішінде Алдақасв Шөкөрім мен оның туысқаны Оспанов Сыздық қариялардан (екеуі де Ақтоғайда тұрған) сол кезге дейін ешкімге айтылмаған бір әңгімені жазып алдым. Атағы алты алашқа жайылған Әлихан Бөкейханов бірде Жақсы Жөкең жайлы ел аузындағы әңгімелерге ықылас білдіріп, ол туралы сұрастырады, недәуір деректер жинайды. Сонсоң әбден біліп, ой елегінен өткізген сөзге былай деп толғаныпты: “Өмірің мың кісілік қайран Жөкем, бір кісінің өлімің өліпсің-ау!”.

Әлекеннің тамсана, табынғандай тебіренуі, жоғарыда айтқанымыздай, бір өзі ұлттық болмысты ғана көрсетіп қоймай, жалпы адамзаттық құндылықтар қатарынан ойып тұрып, орын алатын қазақтың өзіндік руханиет келбетіне қызыққандықтан деп қабылдағанымыз абзал.

Абыз Әнет бабадан Қаз дауысты Қазыбек, Қазекеннен Шабантай би, Шабекеннен Жанқұтты бабамыз бата алған. Жақсы Жөкең Абайға бата берген. Абай қазақтың ұлттық топырағының құнарын барша әлемге танытты.

Жетпісінші жылдардың аяқ кезінде аспиранттық ізденіс жұмыстарымен жүргенімде, белгілі ғалым Бейсембай Кенжебаевпен әңгімелескен едім. Әңгіме барысында Арқа онірінен шығып, иісі қазаққа мәлім болған би, атақты шешен Жанқұтты жайында сөз

қозғалды. Өзімше білгішсініп, Жәкең бабамыздың бойындағы ұлттық намыс ұғымының аса биік деңгейде болғандығын, сондықтан да ел ұната бермейтін, әсіресе, патшаның отарлау саясатын мықтап қолдаған төре тұқымдарын жақтырмаған халықтың пиғылын жүзеге асырып, Қарқаралы округіне қазақтан шыққан Құнанбайдай адамның аға сұлтан болып отыруын қамтамасыз еткенін айттым. Сондай-ақ Күнекең мен Жәкеңнің арасындағы аса тығыз байланысты, биік сыйластықты айттым. Өз замандастарынан мойыны озық туған Жанқұтты би мен Күнекең, Байсейіт пен Алшынбай төңірегінде сақталып, бізге жеткен әңгімелерді (“Кеншоқы” кеншарындағы Құнанбай қыстағының солай аталу себебі; Күнекең мен Алшынбайдың Жанқұтты аулына соққанда Жәкеңнің: “Қара қобыз сөйлейді таз тартқан соң,

Жалғыз жұлдыз жарқырайды ай батқан соң.

Көңілдерін бүгінде жай тапқан екен

Жігітін жігіпектің айдатқан соң” - деп бір шумақ өлең-

мен Базаралыларды айдатқан Құнанбай қылығын бетіне басуы т.б.) айта келіп, Құнанбай ортасынан, сол тұстағы қоғамдық-өлеуметтік оқиғалардан Жанқұтты биді бөліп алып қарауға болмайтынын, ендеше, Әуезов романында бидің бейнесі неге кескінделмеген деген сұрақ қойдым. Сонда Бейсекең: “Шырағым, Абайды ақтау үшін Құнанбайды құрбандыққа шалған Әуезовті емес, сол тұстағы идеология саясатын айтқан жөн шығар. Мұханда роман эпопеяда пайдаланылған дүниеден, пайдаланылмай қалған материалдар қаншама еді?” - деген-ді.

Жоңғар шапқыншылығы, Абылай дәуірі, бертіндегі Кенесары хан қозғалысы тұсында небір шапқыншылықтың, алапат қантөгістің бар ауырпалығын ерекше көтерген жұрт — Арқа елі екені мәлім. Сондықтан да болса керек, тарихшы ғалым Е. Бекмахановтың өз монографиясында Жанқұтты би бастаған қалың елдің Кенесары көтерілісіне қатыстылығын сөз етуі, сондай-ақ ел арасындағы әңгімелер мен Мәшһүр Жүсіптің еңбектерінде де кездесетін Мұса Шорманов, Ағыбай батыр, Ақмола округінің аға сұлтаны т.б. байланысты деректер Жәкең тұлғасын ғана емес, ұлт келбетін де, оның бай тарихын да дәлелдесе керек.

Қазақтың асқан дарынды, талантты бола тұра, көп реттерде еріншектік, жалқаулыққа бой алдыратыны, тым қамсыз болуы, арқасын кеңге салатын бейқамдығы, жел сөзге ергіштігі бөрі-бөрі бар екені жөне ақиқат. Міне, қандай жағдай болса да мәселенің байыбына бару, мән-жайды анықтап, парасат-пайыммен шешу

Жөкең сияқты сұңғыла жандардың тарих алдындағы ұмытылмас еңбегі болатын.

Табиғатынан бұла өскен еркін халықтың дұшпаны түгіл, досының да бір ауыз артық-ауыс сөзін кешпейтіндігін, намысын ешкімге таптатпайтындығын, сірө, осынау ұлттың ғасырлар бойы қос материкті көктей өтіп, көшпелі ғұмыр кешуімен, алғыр да биік дүниетанымының қалыптасуымен тығыз байланысты екендігінде жатса керек. Сондықтан да Жанқұтты би сонау ерте замандағы Керей, Жөнібек, Қасым, Хақназар, Тәуекел, Есім, өз Тәуке, Абылай, Кенесары хандарды толғандырған ең маңызды да жауапты мәселе — ел бірлігін сақтаудың аса қажет екенін жантаумен, ерекше сұңғылалықпен сезіне білді.

Өздерінің тарихи отанынан түрлі қоғамдық-әлеуметтік құбылыс-оқиғалардың салдарынан қол үзіп, Арқаға көшкен көптеген қазақ руларын қолтығының астына алып, пана бола білді. Найзасының ұшы алтын жауынгер жұрт Алшын мен Табындарға Әлтеке-Сарым елінің иелігінен жер алып беруі — осы ойымыздың жарқын дәлелі.

Сондықтан да болса керек, атақты Әбіш ақын Жанбай ұлының: Әуелі сыйынамын жаратқанға,
Медет берсін құдайым тіл мен жаққа.
Ел ауып, Қаратаудан келгенімде,
Құт болып, Жөкем мінген алтын таққа, - деп жырлауы көп нәрсені аңғартса керек.

Сондай-ақ: Ала көжеге қансыған,
Қаратауда халық едім,
Қожа емес едім, сарт едім,
Көк есекті мінуші ем,
Масақ теріп жүруші ем,
Арқаға шығып нан жедім,
Нан жеген сөң дөңдедім, - деп жырлаған қазақтың философ-ақыны Шортанбай Қанайұлының пәниден бақиға көшерде Жөкеңмен ғарыздасуы, оған айрықша баға беруі сол тұстағы ұлт болмысын, кескін-келбеті мен барша жайын кеңінен мағлұм етсе керек.

Жанқұтты билің рухы алдында бас иіп, бүгінгі ұрпақ атынан сөз қозғанда Уақыт пен Кеңістік аясындағы жалпы адамзаттық құндылықтар мен ұлттық болмыстың кейбір сипаттарын ғана сөз етуге тырыстық.

Жанқұтты заманындағы қоғамдық-әлеуметтік орта

*Ж. О. АРТЫҚБАЕВ,
тарих ғылымдарының докторы,
профессор.*

Жақсы Жәкеш өмір сүрген замандағы тарихи-әлеуметтік жағдайдың өзіне тән ерекшеліктері болды.

Нұра бойы, Есілге дейінгі жер, қазіргі Қарағанды облысының жер көлемі хандыққа тұтас кірді. Бұл иеліктің құрамына Орта жүздің ірі-ірі 13 руы енді (қаракесек, төртуыл, бөсентіін найман, т.б.). Бірақ, әр рудың өз би-батыры, төресі бар, Бөкейдің билігін шартты түрде ғана мойындады. Мәселен, хандықтың құрамындағы қуандық рулары Әбілмәмбет ханның, Сәмеке ханның балаларын қолдаса, төртуыл одағының биі Торайғыр Уәли баласы Ғұбайдолланы хан көтерем деп Қытайдан елшілік шақырып, орыспен соғысып жүрді, ал оның бауыры Шоң орыстың да, төренің де керегі жоқ, қарамағымдағы елге өзім қожа, өзім би деген принципті ұстанды.

Міне, XIX ғ. басында Орта жүз жерінде қалыптасқан ахуал осындай еді. Біртіндеп бір жағы Ресейдің әсері, бір жағы тарихи объективті себептерге байланысты хандық биліктің қадірі қашты өркім өз қамын ойлауға көшті. Мемлекетсіздік, қоғамдық іске жауапсыздық, ұсақтық қазақ қанына осылай сіңе бастады. Осындай өтпелі кезеңде елдің жан-жағынан қаумалап келіп ақылдасатыны, етегінен ұстайтыны өз орталарындағы билері еді. Жақсы Жәкей атанған Жанқұтты би де осындай заман тудырған, бес атаның баласы ішінде ел билігін даналықпен жүргізген кемеңгері, қазақ қоғамдық өмірінің ірі қайраткері болатын.

Уәли мен Бөкей хандар өлген соң Ресей Орта жүзді басқару туралы жарғыны дайындады. Сібір Шығыс пен Батысқа бөлініп Батыстың құрамында Омбы облысы құрылды, Орта жүздің Қазағы осы Омбы облысына бағынатын болды. 1822 жылы жарияланған “Сібір қазақтары (қырғыздары) туралы жарғы” 1824 жылдан бастап іске аса бастады. “Жарғының” негізгі идеялары М.М. Сперанскийдікі болғанымен, нақты дайындау кезінде Батыс-Сібір ге

губернаторы П. М. Капцевич пен С. Б. Броневский (Омбы облысының начальнигі) үлкен үлес қосты (52; V. 2-б, оп. 1, д. 225, л. 3-15).

“Сібір қазақтары бойынша жарғы” Орта жүз жерін бірнеше округтерге бөлетін болып шешті. Әр округте 15-20 болыс болмақ, әр болыста 10-12 ауыл, әр ауылда 50-70 шаңырақ. Округтің басшылығына сұлтандар өз іштерінен аға сұлтан сайлап, ал болыстарды — сұлтан, ауылдарды — би (старшын) басқарсын деп ұйғарылды. “Жарғы” Сібір басшыларының Орта жүзді ондаған жылдар бойы бақылап, зерттеуінің арқасында дүниеге келді және қазақтың өз билігін бірқатар сақтағанымен түбі Ресейге нақты қосудың тура амалын жасады. Оның бір мысалы мынада — ерте уақытта қазақ баласы билікті хан-сұлтанға беретін, бірақ қатан бақылап отыратын, шектен шығармайтын. Енді келіп “Жарғы” сұлтан билігін қазақтың қолынан алып, өзіне берді. Осы себептен төрелер мен қазақтың билері арасында ұзақ жылдарға созылған күрес басталды да кетті. Оның айқын көріністерін Қарқаралы округінен де көреміз, мысалы, Құсбек заманындағы күрес, Құнанбайдың оның орнына келуі. “Жарғы” өз дегеніне жетті, енді қазақ баласы төресіне сенбейтін, қолдан келсе билік бермейтін болды.

Орта жүзде құрылған алғашқы екі округтің бірі — Қарқаралы округі еді (1824 жылы көктемде), екіншісі — Көкшетау округі. Орта жүздің басқа жерінде округ құру үздік-создық 1844 жылға дейін созылды. Қарқаралы мен Көкшетау екеуі де хан ордасы болған жер, жаңа биліктің жүйесін орнатуға икемді болды.

1824 жылы ерте көктемде Қарқаралы бағытында Семияр форпостынан 300 адамдық отряд аттанды. Оның құрамында князь Дадманов, сотниктер Карбышев, Чирков, Кинжицев, Копейкин, дәрігер Зильберштейн, топограф Кошелев, бірнеше тілмаш, 250 орыс-казак әскері және құрылғалы тұрған Қарқаралы округінің болашақ екі заседатели — Бубенов, Налабердин болды. Бұл отрядты полковник С. Б. Броневскийдің өзі басқарды.

Сібір отрядының тоқтағаны Тұрсын (Жамантай) және Әбіғазы сұлтандар ауылы, ең бірінші өтініш білдіріп шақырғаны Шет өңіріндегі бес ата баласына сұлтан болып жүрген Сұлтанғазы. “Сұлтанғазыға қос атпен шақырушы жіберілсін, ол өзінің сұлтандарымен және билерімен аға сұлтанды және болыс сұлтандарын сайлауға Қарқаралыға келсін” (52, 63-б.). С. Б. Броневский елдің тыныштығын сақтайды, сайлауды ұйымшыл өткізеді деп сенгені

— Тұрсын Шыңғысұлы, Ағадай Маманұлы, Шама Абылайханұлы, Әбілғазы Бөкейұлы сияқты беделді сұлтандар. Яғни, ол кезеңде Ресей өкіметі қара қазақтың өз ішінен шыққан беделді бибатырларын білмеген. С.Б. Броневский отряды округ ашылуға керекті жабдықты түгел Қарқаралыға жеткізді, оған қоса қазақтарға сыйға, немесе арзан бағаға сатылады деп алып келген көптеген өнеркәсіп заттары болды.

Қарқаралыда 8-сәуір күнгі сайлауда аға сұлтан болып Тұрсын (Жамантай) Шыңғысұлы сайланды. Шыңғыс Бөкей ханның үлкен ұлы, сонда Тұрсын Бөкейдің немересі болған. Қазақ ішінен заседатель болып Елдебай Ортауұлы, Жаманбай Нұралыұлы сайланды. Осы үшеуі молданың қолынан құранды сүйіп, Ресейге адалдықтарын мәлімдеп, өз қызметтеріне кірісіп кетті. Ал округтің ішінде болыстарды ұйымдастыру 1824 жылы жаз бойы біртіндеп жүрді. Аға сұлтандық құрылғанымен, оны ел лып етіп мойындай қойған жоқ, Қарқаралы басында орыстардың бекініс салуы (округ орталығы) көшпелі мал шаруашылығының, түбінде қазақтың дербестігін ойлаған көп адамның жүрегіне үрей тудырды. Сәуірде болған мәжіліске Сұлтанғазы Бөкеевтің, Шама Абылайхановтың, Ағадай, Көкедай Мамановтардың келмеуін осылайша түсіндіруге болады.

1824 жылғы жобалап жасалған есеп бойынша Қарқаралы округінде 20 мың шаңырақ бар, адам саны — 60 мың, алғашқы санның шындыққа келіңкірейтінін 1851 жылғы санақтың (ясачная перепись) нәтижесінен көреміз:

Қарқаралы округіндегі болыс саны — 18, ауыл — 147, барлығы — 18320 шаңырақ. Еркек саны — 39067, әйел саны — 33839.

Бұл сыртқы округтер аталатын Омбы облысына кірген қазақ елінің 1/10 бөлігі. Ол кезеңде Орта жүздің жерінде орысты жоқ деп те есептеуге болады: Қарқаралы округінде — 1025, бекіністің өзінде — 316, сонда түгел саны — 1341 (1844 ж.).

Қарқаралы қазақтарының орысқа салық төлей бастаған уақыты — 1832 жыл. Әуел баста 5 жыл жеңілдік болады деп, ол 8 жылға созылып кетті. Оның үстіне 30-шы жылдардың ортасында өуелі Саржан, кейін Кенесары бастаған дүрбелең Ресейге қазақтан жиналатын алымды түгелдеуге мүмкіндік берген жоқ. 1838 жылы қазанның 28-інде шыққан патша жарлығына байланысты Орта жүздің қазағынан салық жинау қайта қолға алынды: егер ақшамен түлесе бір жылқының құны — 35 руб., өгіздің құны — 20 руб., қой — 2 руб. деп белгіленді. Әр қазақтың от басы 100

маңың біреуін үкіметке тапсыруы керек болды [1-ж, оп.1, д.613, л. 75].

Орта жүздің “Жарғыны” мойындамаған өркесттері, Кенесарыны хан көтеріп (Ұлытау маңында) хандықты қайта жаңғырттық ойлары Ресей үкіметін қатты ойландырып, өз позициясын бекіту үшін Орта жүз ішінен бекініс желісін салу туралы шешімге алып келді. Қарқаралы, Ақмола, Ақтау бекінісі, Ұлытау пикеті — сол заманның жемісі. Орыстар Ақтауды үлкен бекініс қыламыз деп, басында тіпті шіркеу де сала бастаған 1837 жылы Ақтау бекінісіне бір священник, 2 причетчик және 1 күзетші белгіленді. Көтеріліс кезінде Ақтауда госпиталь да салынды, 1 инвалидтік рота болды: 1 обер-офицер, 2 унтер-офицер, 38 солдатты бар. Әскердің көбі орыс-казактары еді [78, 176-б.].

Біржағы Ресейдің отарлау саясаты: жердің тарылуы, жазалаушы отрядтардың, орыс-казактардың қорлығы, алым-салық, екіншіден 1836 жылғы жұт: округте 25968 жылқы, 5890 сиыр, 17237 қой өлді, осының бәрі Қарқаралы округіндегі қазақ рулары Кенесары бастаған тәуелсіздік үшін күрес қатарына қосты. Шетке шыққан Ресей солдаттарын, чиновниктерін тұтқындап, өлтіріп, қуып, алым-салықтан бас тартып, ереуілге шықты. 1839-1844 жж. жасаған тізімде — Қояншы-Тағай, Жалықпас, Надан Тобықты, Алтай, Темеш, Төлеңгіт, Үйсін, Керей, Кәрсен-Керней, Қара-Айтымбет, Дүйсенбай-Шекшек, Байбөрі, Әлтеке-Сарым сияқты Қарқаралы округінің рулары үкіметке қарсы қозғалысқа белсене шыққан деп көрсетілген. Ақтау бекінісіне жасалған шабуылшылардың ішінде Кәрсен-Кернейлердің үлкен бөлігі болды. [1-ж, оп.1, д.1990, л.17.].

Кенесарыны хан көтерген қазақтың қалың ортасында Жанқұтты шешен жүрді. Осы оқиғаға байланысты Шортанбай ақын айтты деген өлең жолдарын Кәмел Жүністегінің мақаласынан алдық: Ортауда Кенесары хан көтерген,

Орта жүз соңына ерген тым ертеден.

Бесата баласынан Жанқұтты бар,

Байсейіт, Дүйсенбай мен Елбай, Қара,

Бір қол боп көрінеді жеке дара [106].

Міне осындай ел кошп, Есіл кері ағып жатқан заманда Қаракесектің ішіндегі бес ата балаларының Жанқұтты бастап Сырға қайта барған да кезі болды. Бірақ, бұл Абылай заманы емес еді, Қоқан күшейген, Төшкенде күшбегі отыр, қазақты керек қылған ешкім де жоқ. Оңтүстікке барған төре-қарадан тұрақтап

қалғандары шамалы, қайта, малынан айрылып, адамын жоғалтып, көресіні көрді.

Қарқаралыда округ ашылып, қазақ дуан дейді, елде болыс құрындар дегенде үлкен рулардың бәрі де орталарындағы төрелерін болыс сайлайды. Мысалы, құжат қорында Сарым-Қаракесек руының болысты қалай сайлағаны жөнінде акт бар “1824 жыл. 13 шілде. Біз, төменде қол қойғандар, әр ауылдан жинала отырып, бір ауыздан майор Сұлтанғазы Бөкейхановты қазаққа адал және Ресейге берілген деп таныдық. Сол себептен оны Сарым-Қаракесек болысының басшысы қылып бір ауыздан сайладық. Мөр болмағандықтан бұл приговорға таңбамызды бастық.

Би Қағанбай Тоқабаев, Ботантай Шуашбаев, Баланбай Жамабаев және Әлтеке-Қаракесек болысының билері Есенаман Жетібаев, Қоғанбаев (52, 119-б.).

XIX ғ. 40-шы жылдары жасаған Омбы облысына қараған сыртқы округтердің тізіміне Шет өңірін мекендеген рулар жөнінде мәлімет көбірек. Болыстықтар саны басты-басты рулар санымен дәл келеді, ол алғашқы беттен Ресейдің қазақ руларын ысырып тасай алмағанын, қазақ қоғамы рулық байланысқа негізделгенін көрсетеді.

Қарқаралы округінде ол кезде барлығы 19 болыс: Дүйсенбай-Шекшек, Қырғыз, Қара Айтымбет, Елтебет, Қарауыл, Қояншы-Тағай, Көрсен-Керней, Әлтеке-Сарым, Надан Тобықты, Төлеңгіт, Керей, Тарақты, Көшім, Жалықпас, Байбөрі, Айбике-Шаншар, Нұрбике-Шаншар, Қамбар, Тобықты. 19 болыс ел 314 ауылға бөлінген, өрине, ауыл дегеніміз — бір атаның баласы (бір старшын ел). Әкімшілік жағынан бір ауыл атанғанымен көшіп-қонатын жері, малы, т.б. бөлек.

Шет өңірін мекендеген рулар жоғарыдағы тізіммен шектеліп қалмайды. Қояншы-Тағай, Көрсен-Керней, Әлтеке-Сарым бұл жерде әкімшілік бөлік, болыс атауы деп есептеу керек. Бұрыннан тұрғылықты елден басқа округ құрылғаннан кейін Тобыл-Түмен, Қазан, Бұқара, Ташкенттен татар мен сарт молдалық жасап, күн көріс іздеп, солдаттан қашып, саудамен келіп қазақ ішіне сінді. Қарқаралы округінде Қазаннан келген Хамит Яхьяев, Жүсіп Мусин, Ташкенттік Абдолла Сарыманов, Баян Ералин, Бұқаралық Мырзахабиб Ғазизов сияқты жүздеген мұсылмандар қазақ болыстарының құрамына енген. 1840-шы ж. оларды “ясақ” төлеткізу үшін қазақ қылып жазды, сол себептен көпшілігі қазақтанып кетті.

ХІХ ғ. 40-70-ші жылдары Орта жүз қазағы үшін ауыр кезең, ондаған жылғы көтеріліс, арпалыс еш нәтиже бермеді. Бір жағы Ресей, бір жағы Қоқан, қазақ екі арасында қалып, қолындағы малынан айырылды, кедейшілікке ұрынды. Кенесары көтерілісі кезінде, одан кейін орыстың жазалаушы әскері ел арасына шығып, қолына түскенді атып-асып, елді бықпырт тигендей қылды. Қазақтың рухы жасыды, құлдық қамытына үйрене бастады. Қазақ мемлекеттігінен айырылған соң ішкі тәртіп босады, бір-біріне қамқорлығы азайды, шоқынып кеткендер көбейді, отырықшы, жатақтың саны артты, төрелер тыйым көрмеді. Осының бәрі келіп халықтың сағын сындырды.

Міне, осы шақта ел жүгі өз ішінен шыққан Жанқұтты сияқты билеріне түсті. Ол жалғыз емес еді, оның заманында ел деп жарғақ құлағы жастыққа тимеген Құнанбай, Мұса, Ыбырай сияқты не бір көсем, дүлдүлдер шықты. Олардың барлық жігері елді осы бір зобалаң шақтан аман алып қалу болды. Бірде Жанқұтты Түркістан жақта Қоңырат Имамберді датқамен (Сапақ баласы) үйсін Тәле билің билік айтып, төрелік берген төбесінде (Күлтөбе) мәжілістес болып отырып, “Арқада кім бар” дегенде: “Тобықты Құнанбай — шынның басынан шыққан кайнар бұлақ, Қыпшақ Ыбырай — қажымас қара болат, Мұса — қабыршағы жоқ, қолға тұрмас жылмағай қара балық, Шыңғыс төре — мұсылманға суық, орысқа жуық. Тобықты Құнанбай, қыпшақ Ыбырай, төртуыл Мұса — осы үшеуі қазақ маңдайына неғып сыйып жүргеніне айран-асырмын”, - десе керек.

Бұл аты аталған Орта жүздің көсемдері үлкен қайрат-жігер, күш жұмсап, қазақты құл қылып тентіретіп жібермей, шоқындырмай, мөңгүрттендірмей зар-заманнан алып шықты. Жанқұттының кемсігерлігі де замандастарының осы қасиеттерін бағалап, өз кезегінде ел шаруасына ат салысуында. Бұған бір мысал А.Янушкевичтің күнделігінде (1846 ж. күз айлары) кездеседі: “Тоқырау өзенінің бойында Әлтеке-Сарымдар жайлаған қойнауға қонуға түстік. Қойнау екі таудың арасында, таудың ең үлкенінің аты — Күшік. Ел билеуші Жанқұтты шағын дәулетті, қарапайым ғана қазақ.

... Өзінің ақсақалдарын ертіп, таңертен бізге Жанқұтты келіп кетті. Аға сұлтан Құсбекті күтіп отырғандарын айтты. Виктор оған арнап кигіз үй тігілді ме деп сұрап еді, бәрі де бастарын ұстап абыржып қалды. Тез арада кілем табу қиын болса, Виктор кілемдерді біздің кигіз үйден ала тұруға болатындығын айтты.

Жанқұтты: “Басқа әкімдердей емес, оның жаратылысы басқа. Әне Бөлекті көрмейсің бе, ол да Қара тоқтының өйелі шыққан рудан”, - деп қойды. Бұл поляк өйелі еді, шамасы” (57, 238-239 бб.).

Жанқұтты шешен бұл жерде Қарқаралы қазақтарының адаммен малына санақ жүргізген поляктарға (Бөлек-Поляк) ерекше баға беріп, олардың адамгершілік қасиеттерін жоғары қойып отыр. Санақ жүргізген В.Ивашкевич пен А.Янушкевичтің екеуі де Польшаның тәуелсіздігі үшін күресіп, патша үкіметі Қазақстанға жер аударған поляк зиялылары. Құнанбай мен Жанқұтты алпыстан асқан шақтарында Меккеге бірге бармақ болады. Бірақ бара мезгілде Құнанбай елде дау-дамай көбейіп, шешетін көп жұмыстар болғандықтан: “Жәкем биыл Меккеге баруды тоқтата тұрсын, келер жылы барайық”, -деп хабар айтады. Бірақ Жанқұтты: “Мен тоқтар едім, оған ажал күтіп тұрмайды ғой”, - деп (ел ішінде Бөкес әулие атанған, Сарым-Қоңырбайдан тарайтын бір тақуа болжапты деген сөз бар) Меккеге жүріп кетіп, айтқанындай, сол жақта о дүниелік болыпты. Құнанбай келесі жылы Меккеге барғанда, Жанқұттының басына дұға оқып: “Әй, Жақсы Жәкем-ай! тірлікте мен сені “Жақсы” деуші едім, мені сен “Жақсы” деуші едің, өлімің де менен қадірлі болды-ау, сен болсаң Алланың қасиеті жерінде қалып барасың, мен болсам дүниенің қу боғына қайта кетіп бара жатырмын”, - деп көзіне жас алған екен.

XIX ғ. шаруашылық тығырықтан, рухани күйзелістен, елді алып шығудың басты жолы ісләм діні деп түсінген Құнанбай, Мұса мырзалар, Жанқұтты шешен қазақ ортасында іргесін бекіту үшін күш салды. XVIII-XIX ғғ. басында қазақты мұсылман елі, тіл табысудың бір жолы ісләм діні деп жоспарлаған Ресей үкіметі дінді қолдады, ал XIX ғ. ортасына қарай діннің отаршылдыққа қарсы бағытталып, ұлт-азаттық идеяларына тамызық болып отырғанын анықтаған соң қудалау басталды. Сол себепті мешіт салу, медресе ашу, Меккеге бару үлкен қиыншылықтармен іске асушы еді. Кейін келе үкімет медресенің өзінде орыс тілі оқытылуы керек деген ережелерді шығарды. Осыған қарамастан ел көсемдері өршелене ісләм үшін күресе түсті. Тобықты Құнанбай мырза, Көрсөн Көпбай дінде салғырт қазақтарды қамшымен де сөздеге жыққан уақыты болған екен. Көпбай намаз уақытында сөздеге бас ұрмаған кісіні, кім де болса, дүрелетіп тастайды екен, сонан сескенген жұрт Көпбай келе жатыр дегенде шидің, шөптің үстіне құлап, жерге бас ұра берсе керек, “Көпбайдан қорқамыз деп

кезін шығатын болды-ау” деген сөз сол уақыттан қалыпты.
(106).

Жанқұттының Шортанбай ақынмен достығына арқау болған да “Жақсы Жөкеңнің” ісләмге деген айрықша іттипаты, оған үлкен қорғандық мән-мағына беруінің нәтижесі деп түсінеміз. Деректерге қарағанда Шортанбай 40-шы жылдарға дейін Құсбек сияқты төрелерге жуық болған сияқты. Орынбай ақынмен айтысында:

Хан, қара шақырған соң келс қалдым,

Ақынды іздеп келген көре қалдым, - десе, Орынбай

жауап ретінде:

Қожеке көп шайтанмен салыспаңыз,

Қараға төре тұрып таныспаңыз.

Айтамын жаным ашып ақ сүйекке,

Жасыққа бола атыңды алыспаңыз, - деп жауап береді

(53, 220-б.)

Құсбектің аға сұлтан болатын уақыты ХІХ ғ. 50-ші жылдарына дейін, одан кейін ел наразы болып Алшынбай, Жанқұттылар өзара бегуаласып округ билігін Бөкей тұқымы төрелерден тартып алып, алыс ағайын, елді әділ басқарады деп Құнанбайға береді. Екіншіден, Орынбайды ертіп жүрген Тұрлыбек Көшенев Батыс Сібір генерал-губернаторлығында қазақ үшін сөйлеген (кеңесші) ірі лауазым иесі, сүйегі Керей. Оның орыс өскерімен бірге Сарыарқаға шыққан жылдары 1844-45 жж. болуы мүмкін. Орынбайдың сол көрсетілген межеде Қарқаралыда болғаны тағы анық. Орынбай “жанын сатып мал тапқаны” болмаса, өз заманындағы ірі ақын. Шортанбайдың айтысты қойып ғұламалыққа бет бұруына Орынбаймен кездесуі себеп болуы мүмкін. Ал Шортанбайдың Шөжемен айтысы одан ертерек болған, екеуінің де тілі ащы, бір-бірінің түбін аямай қазуы Шортанбайдың ол кезде жастау екенін көрсетеді (48, 288-б.).

Әдебиет тану ғылымында Шортанбайды “зар-заман” ақыны деп бағалайды. Дулат, Мұрат, Әбубәкір сияқты ХІХ ғ. ортасында ел күйзелісін өлең тілімен жеткізген, болашаққа тон пішкен ақын. Шортанбай Жанқұтты шешенмен дос болып, Орта жүздің ылғи сорпаға шығарымен табақтас болған, ірі ойлайтын, ірі сөйлейтін ақын. Оның шығармашылығы қазақтың жазба әдебиетінің жаңаша дүниетанымының қалыптасуына елеулі әсер етті.

ХІХ ғ. ортасынан бастап Сарыарқа жерінде бұрын-сонды болмаған ірі өзгерістер басталды. Таза көшпелілік тұрмыс қазақ үшін

тарихқа айналды. Ресей осыған дейін қазақ жерін тек әскери отарлауды ғана көздесе, енді өндірісін, ауыл шаруашылығын, мәдениетін, оқу-білім ісін жеделдетуді қолға алды. Қазақстанның оңтүстік үлкесін Ресей қарамағына қосу (XIX ғ. ортасы) қазақ жерін Ресейдің ішкі колониясына айналдырып, жаңағы айтылған процестерді дамытуға срекше мүмкіндік ашты. Ресейде 1861 жылдан (шаруаларды басыбайлылықтан босату) басталған реформалар Қазақстанды да қамтыды, соның бір көрінісі, Ш.Уәлиханов өзінің пікірін білдірген, сот ісінің реформасы. Капитализмнің даңғыл жолына түскен Ресей өнеркәсібі бұрынғы кәсібі — делдалдық саудамен шектелмей, қазақ жерінің кен-байлығын игеруді, темір жол ашуды, ірі-ұсақ кәсіпорын ашуды жоспарлады. Өзгерістер оңайлықпен жүрген жоқ, қазақтың өзі де көшпелі мал шаруашылығын тастап өндіріске, саудаға, егіншілікке, білімге ауып, көндікті. Оның үстіне Ресей жер реформасын дұрыс шешпей, әдейілеп, қазақ сахарасына қарашекпенді қаптатты. Ғасырдың соңына қарай жүз мындаған орыс-хохол мұжығы қазақтың шұрайлы жеріне ағылды.

Ескі заң “Жарғы” тәртібі бойынша жүргізілген соңғы санақтардың бірінде (1863) Қарқаралы округіне қатысты статистикалық мәліметтер мынадай: округте 17 болыс, 161 ауыл, 18396 шаңырақ, 31396 еркек, 26841 әйел, осы елдің қарамағындағы малдың саны: жылқы - 217651, сиыр - 75912, миллионнан астам қой, мындаған түйе, т.б. Енді орта есеппен қарасақ әр от басына жылқының өзі орта есеппен 12 бастан келеді екен, басқа малды, кәсіпті алмағанда. Олай болса, бұл мәліметтер қазақ шаруашылығының XX ғ. бірінші жартысындағы дағдарыстан тым күйзелмей шыққанын куәлендіреді (1-з, оп.1, д.58, л.50-53).

“Жақсы Жәкең” заманы өтті, болашақтың күре жолы жаңа құндылықтарды ұсынды. Қазақтың руға бағынған, би-батырының сонынан жүрген уақыты өтті. Құнанбай, Мұса, Жанқұттылар көшпелілердің көсемдік институтының соңғы тұяқтары еді. Халық дағдарған уақытта олар табиғат берген, тәрбиеден сіңген дара қасиеттерінің арқасында елді сақтады.

Баба туралы толғаныс

З. РАХИМОВ,

техника ғылымдарының кандидаты,
доцент.

Шешендік өнер жайында әрі терең, әрі жан-жақты ғылыми зерттеу жасап, сындарлы еңбек жазған көрнекті ғалым С.Негимов былай дейді: “Шешен сөйлеудің табиғатын тексергенде ең негізгі, ең басты мәселе — сол шешен адамның жаратылысы, табиғи психофизиологиялық қасиеттері, ерекшеліктері, жүйке талшықтарының жүйесі, әсіресе, миға алуан түрлі, сан қилы хабарлар жеткізетін жүйке талшықтарының сезімшіл, қараушы, тітіркендіруші қасиеттері, көру, сезу, есту қабілеттері, образдар ассоциациясын тудыру сияқты дүние әсерлерін қабылдау — шешен болмысының өзгешеліктерін анықтайтын көрсеткіштер”.

Қазақ шешендік сөздері бата-тілектен бастап, кейінгі ұрпаққа арналған онсегізлі өсиет сөздерді, өмірде кездесетін жер дауы, жесір дауы, ердің құны секілді дау-талап мәселесіне байланысты туған керіс-келіс сөздерді қамтиды. Шешендік сөздерді халық өміріндегі, ел ішіндегі алуан түрлі оқиғалардың нәтижесінде туған келелі ойдың қорытындысы, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні мен түйір дені деуге болады. Малшылықтан асар кәсібі жоқ, өлеңнен асар өнері кем кешпелі елде жас өспірім жастардың алдындағы биігі — ақындық пен шешендік, аса батырлық пен билік болды. Осыдан қалыптаса келіп, уақыт елегінен өткен шешендік сөздер өмірден кең орын тепті.

Шешендер-шешен билер ауызекі сөлемдескенде, сырттан хабарласқанда шешендік-тапқырлық сөздерді, тақпақ-термелерді молынан пайдаланғандығы байқалады. Тұрмыс-салт жырларында, батырлық және ғашықтық дастандарда шешендік сөлемнің неше алуан түрлерін кездестіруге болады. “Қамбар батыр” жырындағы Келмембеттің Әзімбайға, Жөдігердің Қамбарға, Қамбардың Қараманға түспалдап айтатын сөздері оған мысал бола алады. Шешендік сөздердің алуан түрлі үлгілері сақталған.

— Қайғы-қазаға байланысты туған естірту, көңіл айту сияқты шешендік сөздердің нұсқалары көп. Ондай сөздерді тоқтау,

шешендік жоқтау деп айтуға болады. Шешендік тоқтау көңілді қаралы, беті ажарлы жандарды жадырату үшін айтылады. Тауып айтылған көңіл айту “Жегім тоқты тасбауыр, түңілер де отығар” дегендей, қайғылы жанды қайырымсыз қазадан сергітуді, “Ту-маққа өлмек кезек” екенін ескертеді. “Арғымаққа тайтөлеу”, “Ор-ныңда бар оңалар” деп, “Өлімге өкінгенше, тірінің қамын тіле” дейді.

Ақ қоян қашты беркіне,
Қоймайды бүркіт еркіне.
Өлмес жан болмайды,
Өткелсіз су болмайды.
Қанаты бүтін сұңқар жоқ.
Тұяғы бүтін тұлпар жоқ.
Дүниеде не күшті?
Алланың өмірі күшті,

Ақ сұңқар тұғырдан ұшты, - дейтін сөздер — баласы өліп, жер таянып қалған ата-анаға ежелден айтылып келе жатқан көңіл айту үлгісі. Жақсы сөз жаралы ананың көңілі ширатып кезінің жасын тыяды. Жақсылыққа тасымай, жамандыққа жасымай төзімді болуды уағыздайды.

“Жақсы лепес — жарым ырыс” деп тілектестік сөзді жоғары бағалаған халықтың бата-тілегін бейнелейтін шешендік сөздердің неше түрлі нұсқаулары бар. Қазақ халқы “Ас — адамның арқауы” “Астан ешкім үлкен емес” деп заттық игіліктің адам өміріндегі тілск, игі ниеттерін білдіретін, яғни бата беретін болған.

Түнде жортқан ұрыдан сақта,
Жазалдағы бөріден сақта.
Жаз жайлауды жаусыз ет,
Қыс қыстауды қарсыз ет.
Ұл мен қызды мұңсыз ет,
Шыққанының есесін бер,

Кіргенінің берекесін бер, - дейтін сөзден, біріншіден басына бақыт тілесе, екіншіден, бақыт иесі болады деген халық санасының сол кезгі балаң дәрежесін көрсетеді. Қазақ басқа халықтар сияқты өзіл-сықақты, ойын-сауықты ежелден жақсы көретін жарқын жанды, жайдары мінезді халық. “Өзілің жарасқанмен ойна” деп, әйел мен еркек, жас пен көрі, кара мен тері қалжындаса беретін болған. Бұқаралық сын, жұртшылық пікірін өткір де әсерлі құралы болып табылатын осындай шешендік сын-сықақ сөздердің де алуан түрлері сақталған.

“Жақсы өзіл — жан азығы” дегендей, өзіл-қалжың танысы

білісудін, сынасудың таптырылмайтын төсілі болған. Бірақ “Әзіл түбі — зіл” дейді халық. Әзіл-қалжың қыз бен жігіттің, замандас жастардың сынасу, сырласу төсілі болумен бірге кейде көңілде жүрген күпті-күдікті сөздерді айтып, біреуді-біреу көп алдында кекетіп-мұкатып қалудың да құралы болған. Мысалы, бір жолы күн сұрай келген Байұлының адамдарын менсінбей, Әлімнің төкаппар биі Ақсуат: “Атымды сұрасаң — Ақсуат, елімді сұрасаң — Әлім. Әлімнің ортасына қаққан қазығымын, айналаманан ел кетпейді, алдыма келмей дау бітпейді,” - деп мақтаныпты. Сонда Байұлының жоғын жоқтай келген бала Сырым: “Би, суатпын деп мақтанбаңыз, су жаманы — суат, басынан соқпақ кетпейді, қазықтың деп мақтанбаңыз, басынан тоқпақ кетпейді” - депті.

Отбасы, достық туралы да шешендік сөздер мол. Халық оған да үлкен мен берген.

- ✓ Әйеліңмен дос бол,
Үйіңе береке кіреді.
Азаматпен дос бол,
Қадірінді біледі.
Білімдімен дос бол,
Сасқанда ақыл береді.
Әйелді теппе аяқпен,
Баланы ұрма таяқпен,
Әйелді тепсең — сағы сынар,
Баланы ұрсаң — бағы сынар,
Қатын ашынса — қатты айтар,
Бала ашуланса — бетің қайтар,- деп отырады екен

көпті көрген көне көз қарттар. Көп адамда кездесетін бір кемшілік — малға, басқа мастану. Тасыған төгіледі, мақтанған шашылады:

- Малым бар деп мақтанба,
Боран соқса қайтесің?
Басым бар деп мақтанба,
Ажал соқса қайтесің?
Тілім бар деп мақтанба,
Тіл байланса қайтесің?
Бағым бар деп мақтанба.
Сорға айналса қайтесің?
Ақылдан артық хандық жоқ,
Жомарттан артық нарлық жоқ,- деп төжірибелі

қариялар жастарға ескерту жасайды. Адам өзінің өмірінде көбіне қабілет-қасиеттеріне қарай, кейде сәтті жағдайға байланысты та-

сып-тартылып тұрады, бірде ойда, бірде қырда көрінеді. Сондай кезеңдерде өз елін білмеген адамдар өзін-өзі билей алмай, сабыр салмағынан, тең басу қабілетінен айырылып қалады.

Ақ бөкенім, көп жортпа,
Алдында қазулы ор бар.
Көк түйғыным, көп шүйгіме,
Алдында құрулы тор бар.
Адамым көп деп топтанба,
Малым көп деп мақтанба,
Білгішсініп сұқтанба,

Бәрімізден де зор бар, - деген өзінің нақыл сөзінде халық адамды осындай астамшылықтан сақтандырады.

Адам мінезінде кездесетін бір мін — кекшілдік. “Ұрыспайтың ене, керіспейтін келін болмайды”, бірге тұрған адамдар арасында кейіс-керіс болмай тұрмайды. Бірақ, бітпеспейтін дұшпандық, таптық қайшылық болмаса, күнделікті тұрмыста дос-жар, ағайын туыс адамдар ұсақ-түйек көңіл кірбендерін кек тұтпау керек кен, кешірімді болған игі. “Ас тасыса, қатығы төгіледі, ашу тасыса, ақылы төгіледі”, “Ашу үстінде досынды тілдеп, жақыныңды жаралаудан сақ бол” - дейді мақал. “Қайтып кірер есігінді қайтып жаппағайсың, Қайтып көрер досыңа қайырылмастай сөз айтпағайсың” - дейтін сөз де соны аңғартады. Адам ісімен ғана емес мінез-құлқымен, басқа адамдармен сыпайы қарым-қатынас жақ сай білуімен де бағаланады. Нақыл сөздер, әсіресе үй ішінде көпшілік арасында өзінді әдепті ұстай білуге, ойлап сөйлесуге үлкен мән берген. “Алған жарың жақсы болса, ат үстінен дүбірет, алған жарың жаман болса, үйге кіріп сыбыр ет” - деп адамның ерекшелігімен есептесе білу қажеттігін ескертеді.

Жақсының бір белгісі — ел-жұртын қадірлей білу. Бірақ халықтың қадір-қасиетін, онымен бірге жасап, бірге қайнасаң ғана түсінесің. Міне, сондай соңына ұлағатты сөз қалдырған ел құрметіне бөленіп Жақсы Жөкең атанған бабамыз — Жанқұтты Ботантайұлы. Сол замандағы елдің игі жақсылары Жөнемнің төңірегінде топтасқан еді. Алысты-жақынды көптің қамын ойлаған азаматтар Би атамды ақылшы, дана тұтқан. Белгілі ақыл Шортанбай да Жөнеммен дос-жар, ниеттес болыпты. Ол осы Жанқұтты аулында, қазіргі Ақсу-Аюлы ауылында қайтыс болған Дүниеден өтер алдында Жанқұттымен, ел-жұртымен қоштасып

Жаралған Жөкем едің асыл азат қып,
Өзгеден бір кісі едің ақылы артық.

Алладан ажал жақын келді білем,
Кетейін енді сізге ғарыздасып, - дейді.

Жырау досы өрі құрдасы **Жанқұттының** үйінде келер заманның сипатын айтып отырып, жан тапсырады. Дүниеден кетер шағында **Жанқұттыға**: “Басыма мазар салдырма, көпір сүйегімнің қайда жатқанын білмесін, таң ала кеуім ата басыма кел, рухымды өксіп бара жатқанын көресің” - депті. Осы жерде айта кететін бір мәселе, **Шортанбай жыраудың** басына алғаш рет тас белгі қоюға себепкер болған, **Жәкем ұрпақтарының** бірі, қазіргі ауылдың айтулы азаматы — **Тілеукабыл Есенбекұлы**.

Қаракіік жылы **Сарым, Керней** еліне ауыр тиіп, малы қырылып, жері босап қалыпты. Осыны пайдаланған **Тобықтының** **Дадан атасы** араға аға сұлтан **Құнанбайды** салып, жер алып қалмақшы болады. **Қарқаралыдағы** бір отырыста **Құнанбай**: “**Көкше Тобықтының** жері жақсы. **Семей Тобықтысының** да жері жақсы. **Шөл Тобықтысының** жерін жақсартпай болмас”, - депті. **Жанқұтты** бұл хабарды **Бейсейітке** айтады. Сонда **Бөшекен**:

- **Мал** басқа бітеді, қына тасқа бітеді. **Сарым мен Кернейдің** қатыны қысыр деп кім айтады. Үш **Тобықты** келсе де жер жоқ, - депті.

Бұл өңгіме **Құнанбайдың** құлағына тиеді. Сонда аға сұлтан:

- **Тілінің** қыршаңқылығын қарашы, бұл айыр тілді алдағы уақытта ескермей болмас... - деген екен.

Тышқан жылы жанына **Жанқұттыны** алған аға сұлтан “сиез” ашпақ болып қазіргі **Толағай** жерінің **Есберген** еепесіне он екі қанат үй тіктіріпті. Бұған дейін **Құнанбай мен Бейсейіт** бір-бірімен кездеспеген екен. **Жанқұттыдан** **Құнанбайдың** **Сарым-Керней** елінен жер алып қалу жөніндегі пиғылын білгеннен соң **Бөшекен** жолға жиналыпты.

Ордаға келісімен елеусіз кіріп сәлем береді. Сәлемшінің киіміне қарап, төрде құс төсекте түйе-жастықты жастанып жатқан аға сұлтан таяғының үшін ұсыныпты. Сонда **Бөшекен** **Құнанбайдың** таяғын қағып жіберіп:

Әй, Жанқұтты! Ақырзаман болғанда жерден жалғыз көзді тажал шығады деуші еді, мынауың сол емес пе?! Қой, ол болса сіле барып бір дайындық жасайық, - деп кірген бойы, түрүлі есіктен кері шығып кетіпті. Сонда **Құнанбай**:

- **Жәке**, мені **Қарқаралы, Семейде** ешкім бетіме қарап соқыр демеуші еді. Соны айтқан әлгі шоқалайың тегін болмады-ау! - депті.

- Бәйсейітіңіз сол, қолындағы асасына қарап жүздемедіңіз бе?
- депті Жөкең. Аға сұлтан:

- Алшекем де айта береді екен ғой, әлгіні бұталақ бөдене деп отырушы еді, мынауың айбат шеккен арыстан ғой. Болмас... - депті. Содан “сиез” өткізбекші болып келген аға сұлтан ордасын жықтырып, кетерінде:

- Жөке, жердің үстімен келіп, астымен кетіп бара жатқандай болып бара жатырмын-ау, - десе, Жақсы Жанқұтты:

- Күнеке, қапа болма! Осы жерді алмасаң да алғандай болып бара жатырсың. Алғаның сол емес пе — осы жерде атың қалады, - дейді. Айтса айтқандай, Жөкеңнің аузы дуалы ғой, кейін өлгі жер аға сұлтанның атымен “Құнанбай еспесі” деп аталып кетіпті.

Жақсы Жөкең Мекке-Мәдинеге барып, аз күн ауырып, сол жерде қайтыс болған. Табыты Әлбақи-Жанфаниядан /құрметті адамдарды жерлейтін жай/ орын алыпты, ал Жүніс қожа киімін алып елге оралыпты. Жақсы Жанқұттының қазасын елге естірту де оңай болмаған.

Дуалы ауыз Дүйсенбай бидің өзі әрі налып, әрі абыржып:

Қас жақсының басынан заман өтті,

Кім қалды кешегіден көрген көпті.

Алланың жазуына шегің бар ма,

Жанқұтты Мекке барып құлай кетті, - деп отырып қалып-

ты. Атақты Құлтума ақын мен Көрсөн Исабек ақынның айтысында Исабек:

Өзінің терең ойлы білімімен,

Біз түгіл, бар қазаққа болған мақтан.

Ғұмырын сарп қылып, жолда жүріп,

Ер Жөкем Мекке барып Иман тапқан, - деп жырлайды.

Көрі құлақ қариялар Жақсы Жанқұтты өзінің әділетті ісімен де, имандылық ізгілік мінез-құлқымен де, шешендігімен де халыққа үлгі болып, иманды болып өткен адам деседі.

1930 жылдың сойқанды кезені Жақсы Жөкеңнің ұрпақтарына да оңай тимеген, қатты қуғынға түсіп, алды атыла бастаған соң, Жөкеңнің ұрпағы Қарғажан 1929 жылы-ақ елден қоныс аударған. Қарғажан Жөкеңнің табағын бір түнде Көпжан Бөйменұлына “ие боларсыз” деп тастап кетіпті. Жанқұтты бабамыздың аты XX ғасырдың сойқанды белсенділерінің ұр да жық ісімен аталмай келген, алайда Жақсы Жөкеңнің адами келбеті, имандылық істері халық жүрегінде сақталған, халық арасында аңыз болып айтылып келген шешендік сөздері, қоғамдық-әлеуметтік ой-пікірлері

адамгершілік-ізгілік істері тәуелсіз елінің ұрпақтарының жаңа үшінші мыңжылдыққа жетіп-жетелеп, дем берушісі.

Жанкүтты пещеннің қазақтың тұңғыш ғалымы Шоқанға айтқан:

Адамның басшысы — ақыл,

Жетекшісі — талап,

Шөлғыншысы — ой,

Жолдасы — кәсіп,

Қорғаны — сабыр,

Қорғаушысы — мінез,- деген ғибратты сөздері

қазақтың тәуелсіз ақпарат құралдары, радио арқылы жиі беріліп тұрады.

Жақсы Жәкемнің өз ұрпағы, Шет ауданында өртүрлі қызметтерде еңбек еткен, елге сыйлы, халқына қадірменді марқұм **Кәдірбек Халилаұлы** бабасының армандап, көзімен көре алмай кеткен, тәуелсіз Қазақстанның бүгінгі жетістігін ақындық шабытпен былай деп термелейді:

Көтерілді қазақтың

Көгілдір көк байрағы.

Таңданды әлем таңырқап,

Қазақ деген қайдағы,

Арманы болған Алаштың

Орындалды ойдағы.

Сахара — сайран даласы,

Абайды туған данасы.

Азаттық алған бүгінде

Біз қазақтың баласы.

Егеменді еліміз,

Байлыққа толы жеріміз.

Әлемге ұран тастадық,

Қол ұшын бізге беріңіз...

Жазылды елдің ұраны,

Бір сөзде қазақ тұрады.

Бірігіп отау құруға,

Шетелден көмек сұрады.

Алпауыттары әлемнің,

Ынтасы бізге түсіп тұр.

Бірлесіп жұмыс істеуге,
Ат басын бізге бұрып тұр.

Атамыз шықты жарыққа,
Кездескенмен нарыққа.
Өтпелі кезең бұ да өтер,
Тарықпа халқым, тарықпа.

Ат сабылтқан қазақпыз
Азаттықтың жолында.
Ел байлығы кетпесін
Озбырлықтың қолында.

Талай жылдар отырдың
Өктемдіктің торында.
Еңсенді көтер, еркінде
Тізгінің өз қолында.

Осы шараға арнап өз үнін қосқандай, Кәдем де “Бабалар рухын еске алу” (бұл өлең кітаптың бесінші тарауында жеке беріліп отыр) деген ұзақ толғауын арнапты.

Жанқұтты би тағлымы

*М.І. ӘБДУОВ,
филология ғылымдарының кандидаты,
доцент.*

Қазақтың шешендік өнерінің кемелденіп қалыптасуына, ауыз өдебі етінің бетке ұстар белді саласына айналуына, оның мазмұндық тақырыптық, көркемдік жағынан молығуына ерекше еңбек сіңірген қайраткерлер баршылық. Олардың әрқайсысы өз заманының дара тұлғасы, көрнекті көсемі. Өзіндік үнмен, өрнекті де өткір тілмен жарқырап шығып көпке танылған, қысылған тұста сөз тапқан, қиналған жерде жол тапқан. Екінің бірінің қолынан келе бермейтін іс тындырып, ой-өрісі жетпейтін терең мағыналы нақылдар туғызған. Олардың есімін ел жадында ұстап, өңгімесін естелік етіп айтып, кейінгі ұрпаққа жеткізіп отырған.

Қазақ халқын өнерге бай халық десек, өнердің салалары да көп. Әр саланың өзіне тән озық немесе орта қолды өкілдері болады. Мәселен, Тәттімбет те, Әбікен де күйші, Біржан да, Қалқа да өнер, Абай да, Арыстанбай да ақын, Қазыбек те, Қосыбай да шешен. Бірақ, дәрежесі бір деңгейде емес. Әрқайсысының тұлғасына лайықты орынды тағайындайтын халық. Бізде “Жақсыдан сөз қалды” деген тамаша даналық нақыл бар. Әрине, жақсыны да, сөзді де әр түрлі мағынада түсінуге болады. Бірақ, бұл жердегі біздің айтайық деп отырған мәселеміз — “сөз қалады” деген тіркес тұрасында. “Сөз” дегеніміз философиялық, тәлім-тәрбиелік мәні бар туынды. Ал, “қалады” дегеніміз не? Осы сөздің астарында терең мағына жатқан сияқты. “Қалады” деген кейінгі ұрпаққа тапсырылған өсиет. Біреуден байлық, келесі біреуден мүлік т.б. қалуы мүмкін. Бірақ, бұларды халық қалды деп айтпайды. Себебі олар өсиет емес. Олай болса “сөз қалады” деген тіркестің түсінігі, тіршілігінде тұлға болған азаматтың өзі өмірден кетсе де ел ішінде жас талапкерлерге өнеге боларлық тағлымы қалды деген ұғымды береді екен. Ал, тағылым тозбайды. Ол кешеге де қажет болды, бүгін де керек, ертеңге де ұшан-теңіз пайдасын тигізері сөзсіз. Мәселен, халықтың “Білегі жуан бірді жығады, білімі көп мың-

ды жығады” деген мақалын белгілі бір дәуірге ғана қажетті деп айта аламыз ба? Болмаса, Абайдың:

Өсек, өтірік, мақтаншак,
Еріншек, бекер мал шашпак —

Бес дұшпаның, білсеңіз,- деген өлең жолдарың
Абай заманына ғана қатысты деп пайымдауға бола ма? Әрине жоқ. Ендеше, алыптарымыздың бірі Бұқар жыраудың:

Дүниеде не өлмейді?
Жақсының аты өлмейді,

Ғалымның хаты өлмейді,- деп толғауы сондықтан болар. Ажалмен арпалысқан Әсет ақынның соңғы сөзінде:

Артыма сөз қалдырмай ала кеттім,
Айғайға қайран даусым ерінбеген.
Абайдай арт жағына сөз қалдырып,

Жақсы еді-ау, өттеген-ай, өлу деген,- деп айтқан өлең жолдарынан жоғарыдағы келтірілген пікірдің құптамасын көреміз.

Міне, осындай төлім алатын тағлымы мол халқымыздың ұлы перзенттерінің бірі — Жанқұтты Ботантайұлы.

Қазақ халқы ұлының ұлылығын түсіне де, таныта да білетін халық. Айтулы азаматтарын даралап көрсету үшін, олардың заманындағы тұлғасы мен тұғырын айқындап, келер ұрпақ біліп, түсініп жүрсін деген мақсатпен есімдерінің өзін ерекше ілтипатпен айтқан, алдына айқындауыш мүше қосып отырған. Мәселен, үн мен шешендігі үйлесім тапқан Қазыбекті — Қаз дауысты Қазыбек деп, жауынан жеңіліп көрмеген, айбаты арыстандай Ағыбайды — Ақжолтай Ағыбай батыр деп т.б. атағандығын білеміз. Ел ішінен шыққан елеулілеріміз баршылық. Бірақ, барлығына бірдей мұндай айрықша құрмет көрсетіле бермеген. Көсемнің де көсемі шешеннің де шешені болады. Биіктер көп, шындар санаулы.

Міне, осындай өз заманының дара тұлғалы азаматы — Жанқұтты Ботантайұлын халық қадірлеп Жақсы Жанқұтты атап кеткен. Күні бүгінге дейін біз Жанқұттыны шешен немесе би деген тұрғыда ғана қарастырып келдік. Бірақ, мәселенің түпкі төркін бұдан әлдеқайда өріде жатқан сияқты. Кез-келген жағдайдың бағасын білетін де, беретін де халық. Жеке адам баға бермейді, ұсыныс жасайды. Оны көпшілік қабылдаса орынды, қабылдама са орынсыз болғаны. “Халық айтса қалт айтпайды” деген нақыл бар. Яғни, сөздің соңғы түйіні — елдің пікірі. Бі соған жүгінудіміз керек. Жанқұттыға Жақсы атауын берген халық. Олай болса Жәкен туралы жазғанда алдымен Жақсы тұрғы

сынмен белгіеміз жөн. Енді “жақсы” сөзінің мән-мағынасына ой жүгіртіп көрейік. Қасиетті “жеті” санына негізделген “жақсының” жеті тармақ жолы бар деп шамалауға болады. Солардың алғашқысы — **дандарлық**. Ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық тәрізді тағы да басқа адамгершіліктің барлық қағидалары осы төңірекке топтасқан. Келесі тармағы — **кеменгерлік**. Тереннен ойлау, болашақты болжау, сындарлы пікір айтып, тұжырымдар жасау осыған жатады. Тағы бір тармағы — **білімділік**. Тарихи шежіресі мол, оқығаны да, тоқығаны да көп, өмір тәжірибесі толымды, ісі орынды, сөзі қонымды болуы осының айғағы. Ендігі бір көрінісі — **көсемдік**. Көсемдікті даналықтың адам бойындағы кескінделуі деп бір сөзбен пайымдауға да болады. Келесі тарау — **шешендік**. Бұл дарындылықтың арқасында сөз өнерінің әлемін толық игеру. Енді бірсі — **блгік**. Ол халықты ақылмен басқару деген сөз. Соңғысы — **ұстаздық**. Бұл үлгі көрсету, өсиет айту, өнеге болу, тәлім-тәрбие беру. Ал осы айтылған жолдардың басын тоғыстырып, тоқайластыратын қазық — **әділдік**. Міне, сл құрметіне бөленген **Жақсы Жәкеннің** тарихтағы тұлғасы осындай қасиеттерімен көрінуі керек. Біздің айтайық деп отырғанмыз — **Жанқұтты Ботантайұлының** ұстаздық тағлымы. Тағлымның да тармағы көп. Соның бірі — **қазақ дәстүрінде** әбден қалыптасып, орныққан үлкеннің **кішіге бата беруі**. Бұл сала жайында айтылған азды-көпті пікірлер **баршылық**. Бірақ, солардың көпшілігі жанрлық тұрғыдан сипаттама берумен шектеліп отырған. Мазмұндық жағынан зерделеген еңбекті кезіктіре қойғанмыз жоқ. Задында, батаның маңызы мөнділігінде, философиялық толғамының тереңдігінде. Осы талапқа толық жауап беретін **Жанқұтты мен бала Абайдың жауаптасуы**. Халықтық дәстүрде бата бермес бұрын оған лайықты деп табылған жас арнайы сынақтан өтеді. Егер ол өскенде батыр, бауан болады делінсе іс-әрекет арқылы ақындыққа, шешендікке талапкер болса тілдесу негізінде жүргізіледі. Бата алған жасқа көптің көзқарасы қарым-қатынасы өзгереді.

Бас қосуларда онын айтқан сөзіне құлақ түріп, мән беріп отырады. Шешендіктің жолына түскен болса, бала демей ауыл арасындағы жеңіл-желпі дау-дамайға билік айтуға қатыстырады. Сөйтіп, тиісті мектептен өткізіп, шындайды, қалыптастырады.

Бата беретін ұстаз да, оны қабылдайтын шөкірт те біріне бірі лайықты болуы керек. Бұл мәселені шешетін, айқындайтын — **әке**. Өйткені, “Әке балаға сыншы”. Ал бата берушінің көп ішіндегі **бедел-салмағы, халық алдындағы қадыр-қасиеті, жас шөкірттің**

талабына қанат бігіреді, өнерін ұштайды. Олай болса бала Абайдың Жанқұттыдан бата алуы кездейсоқтық емес, Құнанбайдың ұсынысымен орындалған жұмыс. Енді біз батаның мазмұнына көңіл аударып көрелік. Алғашқы шарты болып табылатын жауаптасу үлгісі өте терең философиялық жүйеде құрылған.

Мысалы:

- Дүние неге сүйенеді?

- Дүние үмітке сүйенеді.

Осындағы “дүние”, “дүниелік үміт” дегеніміз не? “Дүние” дегеніміз, біріншіден, жаратылыс, екіншіден, тіршілік. Ал тіршілік үздіксіз қозғалыста болады, тоқтау, аялдау деген онда жоқ. Қозғалыста тәртіп, мақсат бар. Тәртіпке — қалып, мақсатқа — үміт керек. Адамзат жаратылыстың бір бөлшегі, ол да үмітке сүйенеді. Үміт тотының тоқсан тарауы төрізді, жолы көп. Оның бастыларын Қараменде, Жидебай шешендер:

Жас өсемін деп үмітті,

Жалғыз көбейемін деп үмітті,

Жарлы байымын деп үмітті,

Ауру жазыламын деп үмітті, — деп кейінгіге нақыл етіп айтып кеткен. Үміт талапты туғызады, талап еңбек еткізеді, еңбек нысанаға жеткізеді. Осының барлығы тіршіліктің белгісі. Ендеше адамға алдымен үміт қажет. Жоғарыдағы сұрақ-жауаптың маңызы осында.

Екіншісі:

- Көздің көрмесі бола ма?

- Көз қабағын көрмейді.

Осы айтылғандарды тура мағынасында қабылдап, ақиқат екендігіне көз жеткізуге болады. Бірақ, бұл жердегі “көз” — мысал. Адамның дене мүшелерінің әрқайсысының атқаратын міндеті бар. Бірінікін екіншісі ауыстыра алмайды. Көздің басты қызметі — көру, адам бойындағы ұлы қасиеттердің бірі. Ол ақыл-ой мен сана сезімнің жетілуіне айрықша ықпал жасайды. Бірақ бір ерекшелігі — осындай дәрежеге ие бола тұрса да, өз қабағын көре алмайды екен. Бұл, әрине, адамның көзі. Ал осы мәселені халықтың көзі тұрғысынан алып қарастырсақ қалай болады? Адамның көзіне қабағын көру қажет емес, көптің көзі болған ел азаматына келер болсақ не дер едік? Екінші сөздің маңызы осында.

Үшіншісі:

- Шам жарығының түспесі бола ма?

- Шам жарығы табағына түспейді.

Түннің түнегін түріп, сәуле шашатын жарықтың бірі — шам. Онсыз қараңғыда көру мүмкіндігі іске аспайды. Көру болмаған жерде танып-білу жоқ. Белгілі бір затты, пішінді санамызда кескіндеу үшін назар аударып қарауымыз керек. Ол жарық бар болса ғана жүзеге асады. Сондай-ақ өмірді түсініп, саралау үшін де, ақыл-ойға шырақ қажет. Ол — білім. Шам жарығының өзіне таяныш болып тұрған тұғыры — табағына түспеуін жөн деуге болар, ал білім иесі шарапатын барша халқына тигізбесе, ондай ғұламалықтан не пайда? Үшінші сөздің маңызы осыған негізделсе керек.

Төртіншісі:

- Болат пышақтың кеспесі бола ма?

- Болат пышақ өз сабын өзі кеспейді.

Осы тұста есімізге ел ауызында жүрген мынадай аңыз-өңгіме оралады. Екі шешен сөз таластырғанда бірі былай деп сұрайды:

- Балдан төтті не бар? Қылыштан өткір не бар?

Сонда екіншісі:

- Балдан төтті бала бар, қылыштан өткір тіл бар,- деп жауап беріпті. Мұндағы тілдің иесі — адам. Олай болса Жөкеңнің, “болат пышақ” деп отырғаны шешен, ал “сабы” — халқы. Өнерпазды тәрбиелеп шындайтын да, қадірлеп ұстайтын да елі. Шешеннің міндеті — халқының қамын ойлау. Бұл төртінші сөздің маңызы.

Бесіншісі:

- Тамағына тартпайтын мақлұқат бола ма?

- Тамағына тартпайтын мақлұқат болмайды.

Мұндағы “тамақ” сөзі де астарлы мағынада қолданылып тұр. “Ас — адамның арқауы” дейді халық даналығы. Адамзаттың рухани азығы — ғылым. Ол сарқылмайды, таусылмайды, шексіз, шетсіз. Онан қол үзуге болмайды, нәр алып, сусындап отырған жөн. Міне, соңғы сөздің маңызы осыған саяды. Сонымен, түйіндей келгенде, келтірілген бес мысалдың мәні мынадай болып шығады. Дүние өзін білгізу үшін жаратылысқа иек артады. Жаратылыс өзін таныту үшін тірлікке сүйенеді. Тіршілік тірлік ету барысында адамзатты арқаланады. Ал адамзатты өмір сүруге жетелейтін — үміт. Үміттің ұлысы — Алладан рахым күту. Осында тура жолға бастайтын бастаушы болсаң, ел саған үміт артады, ол үшін алдымен көреген болуың керек. Сонда ғана тура жолдан таймайсың, ауытқымайсың. Екіншіден, білім қажет. Ойткені, ол қараңғыдағы шам тәрізді. Халқың жарығынды көріп соныңнан ереді, сен адаспайсың. Үшінші, көрегендігің мен білімділігіңді ел

сөзіңнен, ісіңнен таниды. Сондықтан онымен көпке қорған болу міндетің. Оның көзін ашар болса өзгені де, өзінді де риза етесің. Өйткені, ол нағыз ақиқат, ақ жол. Жақсы Жөкеннің кейінгі ұрпаққа қалдырған тағлымының бір тармағы осындай.

Осыдан ширек ғасыр бұрын халық қамын ойлаған айдарлы азаматтарымызға қара күйе жағып, санадан сызып тастауға жанталасқан бір заман болып еді. Солардың санатында Құнанбай Шорманның Мұсасы, Алшынбайлар да жүрді. Меккеде “Тақия” қонақ үйін салғызып, қазақ халқын әлемге паш еткен Құнекенді, Романовтар өулетінің үш жүз жылдық тойында, ойлаған мақсатын жүзеге асыру үшін патшаның көзіне түсіп, қамауда жатқан мындаған бауырларын бұғаудан босатқан Мұсаны, билігін жүргізбек болған Қоқан ханының құрсауынан қазақ елін арашалап қалған Жаманқұлды халқын сүйген қайраткерлер ретінде танытатын кезге енді ғана қолымыз жетті. Осындай зиялылар қауымы кейінгі ұрпаққа тәлім-тәрбиелік мәні бар мол мұралар қалдырды. Лұқпан Хакім айтқандай, олардың әр сөзі алтын еді. Соны ашып, айқындау — біздің басты міндетіміз.

Жақсы Жанқұтты тағлымының келесі бір тармағы өсиет, нақыл түрінде келеді. Кейінгі келер ұрпақтың сыр-сипатын көрегендікпен аңғара білген данагөй баба, естігеннің есінде оқығанның ойында жүрсін деген мақсатпен сабақ боларлық сәлиқалы сөздер айтқан. Солардың бірі терең толғаныстан туған: “Қарағайға қарсы бұтақ біткенше, еменге иір бұтақ бітсейші, құсқа орда болатын, Атадан алты жаман туғанша, алты атадан бір жақсы тусайшы, елге тұлға болатын” деген нақыл. Сөз түйіні алғашқы орамда емес, соңғы қайырымда. “Болар елдің баласы он бесінде баспын дейді, болмас елдің баласы жиырма бесте жаспын дейді” демекші, нашар ұрпақ өмірге келер болса, ол заманның кері кеткені. Ал, жақсының орыны бөлек. Екінші бірі елге тұлға бола бермейді. Егер, көпке бас болар жас болса, олқысыну орынды емес. Өйткені, “қой асығы қолыңа жақса — сақа тұт”. Мінсө жоғарыдағы айтылған қанатты сөзді сабақтай берсек өзі жеке бір ғылым төрізді. Олай болса ол жай ғана нақыл емес, ұлағатты көсем сөз.

Айта берсек Жақсы Жөкеннің тағлымы көп. Ол кісінің Меккеде жатуының өзінде де үлкен ғибрат бар екендігінде дау жоқ.

Жаны құтты шешен

М. ФАЛЫМ,

әдеби мұраларды зерттеп, жинастырушы.

Биыл Жанқұтты шешеннің 190 жылдығын атап өткелі жатыр. Солған байланысты мен ел аузынан, әкемнен естіген әңгімелерді аятып беруді жөн көрдім.

Бірде Әлтеке, Сарым елінің беделді биі Шабанбайдың ауылына Атығайдың Андағұлының үш жүзге белгілі биі Құрмысы келіпті. Биге Ботантай да үйінен дәм берген екен.

Сол жылдар ел тарығып, алды аштыққа ұшырап жатқан ауыр мезен болса керек. Астан кейін Құрмысы биден бата сұрапты. Биекеңнің үйіндегі келіннің аяғы ауыр екенін байқаған би:

Бұл үйге жаны құтты бала келсін,

Жай ғана бала емес, дана келсін.

Әлтеке мен Сарымға ғана емес,

Бар қазаққа жақсылық ала келсін!

Әумин! - депті.

Күндердің күнінде Ботантайдың үйіндегі келін босанып, дүниеге ұл келіпті. Оны естіген Шабанбай: “Құрмысының аузына күл салған шығар, баланың атын Жаны құтты қойсын”, - деп сәлем айтып жібереді. Сөйтіп, жаны құтты бала Жанқұтты атанып кетіпті.

Сол Жанқұтты туған жыл құтты жыл болып елдің есінде қалған екен.

Ол кісі “Таспен атқанды аспен ат”, “Жақсылыққа жақсылық тәр адамның ісі, жамандыққа жақсылық — ер адамның ісі”, “Егеріс — ерегіс тудырады”, “Дүниенің қозғаушы күші — келісім, тірімділік”, т.б. деген тәрізді нақылдарды,

Біреу саған қастық жасаса, ойлан,

Оған да болсын сенің айлаң.

Есінде ұста ылғи, ей, бауырым,

Ашулы адам адам емес, хайуан, т.б. ұлағатты сөздерді айтып сұрады екен. Содан бергін келе бұл кісі Жақсы Жанқұтты, Жақсы Жөкең атанып кетіпті.

Атығай Зілқараның баласы Әлібек батыр Жанқұттымен жаста-

ры шамалас, әрі сыйлас кісілер болыпты. Бір аста кездесіп қалып
Әлібек батыр:

Әуелі сәлем бердім Жанқұттыма,
Дауларды өділ шешіп, сан ұтты ма.
Құнанбай, Мұса, Алшынбай келмей қалып,
Апыр-ай, олар сені пір тұтты ма? - депті. Сон-

да Жанқұтты:

Қазақта кім білмейді Әлібекті,
Орнатқан өз еліне әділетті.
Рас, халқым мына мені пір тұтады,
Билікте мені Әзірет Әлі етті, - деген екен.

Әлібек:

Құдай қолдап аруақтар сені демеді,
Халқың да сені пір тұтты, жаман демеді.
Еліне жолы құтты бір бала келеді деп,
Әулие ағам Құрмысы би солай деп еді. Өзің
соны білесің бе, Жанқұтты, - депті.

- Білем-білем, - деп Жөкең екеуі құшақтасып амандасыпты.
Әңгімелесіп отырып Әлібек батыр:

- Жанқұтты, осы мен біраз елді көріп жүріп Алшынбай мен
Құнанбайды көрмеппін, - десе керек. Сонда Жанқұтты:

- Әй, батыр аңғал деген осы екен ғой. Оларды танымаймын
деп қорықсаң, мен айтайын, бірінің тақия тастамайтын өурес
бар, екіншісінің “бір басқа бір көз де жетеді” деген тәубесі бар,
деп бір шалып өтіпті. Жөкең тағы да жақсылық, жамандық тура-
лы біраз әңгіме айтыпты.

- Иә, қолдан келсе жақсылық жасаған дұрыс қой. Ал өзің
жамандық жасап көрдің бе? - депті Әлібек батыр. Жанқұтты:

- Мен жамандық жасауды білмеймін. Жамандықты жасамап
түгіл, оны ойыма да алмаймын.

- О, міне, онда жамандық жасауды білмеген кісіні жақсы кісі
деу керек десейші! Ал, өзіңе жамандық жасаған кісіге не істеу
керек? - деп сұрапты Әлібек.

Жаманшылық жақсылықтан аса ма,
Жақсы адам жақсы істен қаша ма?
Жақсы болғың келсе егер, батырым,
Жамандыққа жамандықты жасама, - депті Жаң

құтты.

- Апыр-ай, мынауың маған айтатын ақыл емес екен. Шығыс
тың бір ғұламасы: “Жамандыққа өділ қарымтасын қайтар, ал жақ

СЫЛЫҚКА жақсылық жаса”, - деп үйретіпті. Менің 95-ке келген **ӘЕМ** Зұлқара:

Ежелден егескеннің есін алдым,
Жауымды жығып салып, күшім алдым.
Желкеме мініп алып жібермейтін,

Жаным-ау 95-тің несін алдым, - деп, жауынан

ТҮҒЫЛмай өтті. Мына қасқыр заманда, қорыққанын ғана сый-
ЛӘЙТІН заманда, жамандықтың қарымтасын қайтармай өмір сүру
ҚАЛАЙ болар екен? - депті Әлібек.

- Әлеке, сенің айтып отырғаның мен менің айтып отырғаным
БІР-БІРІНЕ қарсы болғанымен бірін-бірі толтырып тұр. Ал қайсы-
СЫН қашан, қалай, қаншалықты пайдалану, ол өмір сүре білу.
Сен еліңді батырлыққа, мен жақсылыққа тәрбиелеймін, - деген
екен **ЖӘКЕҢ**.

Е, мұның дұрыс. Сонда жақсылықтың үлкені не?

ЖАҚСЫЛЫҚТЫҢ үлкені — кешірімділік.

ЖАҚСЫЛЫҚ пен жамандықтың айырмашылығы не?

- **ЖАҚСЫЛЫҚ** құдықтан қауғамен су алғандай ауыр, жамандық
СОЛ алған суды төге салғандай жеңіл. Бірақ бұл дүниеде істеген
ЖАҚСЫЛЫҒЫҢ қаншалықты ауыр болса, соншалықты өл күнөңді
ЖЕҢІДТЕДІ, ал жамандығың ауырлатады. Айырмашылығы сол.

- **ЖАҚСЫЛЫҚ** пен жамандықтың арасы қанша?

- Байдалы би жақында — ажал жақын депті ғой, жамандық
ЖАҚСЫЛЫҚҚА одан да жақын, - депті **ЖАҚСЫ ЖӘКЕҢ**.

Өзіне қай күнді бақытты деп есептейсің? - депті батыр.

- **ЖАН-ЖАНУАРҒА**, жаратылысқа жақсылық жасаған күнімді
ӨЗІМНІҢ бақытты күнім деп есептеймін, - депті **ЖӘКЕҢ**.

- **ЖАҚСЫ** сөз, жақсы әңгіме мен үшін үлкен олжа. Бұл жұртың
СЕНІ енді неге **ЖАҚСЫ ЖӘКЕҢ** деп жүргенін түсіндім, көзім жетті.

Биік төбеге шықсаң, көзің ашылады,

ЖАҚСЫМЕН сөйлессең, көңілің ашылады, - деген

АТАМ қазақ. Сол айтқандай, өзіңізбен кездесіп көзіміз де, көңіліміз
ДЕ ашылды. “Құтты қонақ келсе, қой егіз табады” деп тегін айт-
паған ғой, сен енді жаныңның Құтты екенін дәлелдеші, - депті.

- Әй, Әлекем-ай!

ЖАҚСЫ келді дегенше, жарық келді десенші,

ЖАҚСЫЛЫҚТЫҢ уызын алып келді десенші, - де-

ГЕН де сол қазақ атаң. Өзің келгенде бізге де жарық келгендей,
ЖАҚСЫЛЫҚТЫҢ уызын алып келгендей болдың ғой. Баяғыда **СЫ-**
РЫМ батыр бір байдың үйіне түскенде байдың інгені өліп қалған

екен, сонда бай: "Құтсыз қонақ болдың, інгенім өліп қалды" - деп кейісе керек. Сырым: "Байеке, қате түсініп жүр екенсің, құтты қонақ келсе інгені өліп, өзі аман қалады, деген емес пе?" - депті. Сол айтқандай, мен қарынбайға құтсызбын, жаны байға құттымын. Құдай қаласа, Меккеге жүрейін деп отырмын. Бірге жүр. Менімен бірге Меккеге барғандар аман-есен еліне қажы атанып, құдай алдындағы ақыреттік борышын өтеп келеді, - депті Жанқұтты.

- Ал өзің ше? - деген екен Әлекең.

- Е, Құдай шақырса, қайда барады дейсің, - депті Жөкең.

- Е, баяғыда біреу: "Қажылыққа біреуді періште шақырады, ол қажыға аман-есен барып келеді, дін жолына түседі, мал-мүлікпен жұмысы болмайды, шын қажы сол болады, біреуді шайтан шақырады, ол да қажылыққа аман-есен барып келеді, қажы атанады, бірақ ұрлық-қарлығын тастамайды, ондайды шайтан қажы дейді, енді біреуді құдай шақырады, ол қажы жолынан еліне қайтпайды, ол да қажы атанады, ол қажы елінің, туған-туыстарының ауырпалығын, соған дейінгі жамандықты ол дүниеге алып кетеді, оны қасиетті қажы деп атайды, - депті ғой. Сол айтқандай, сен періште боп шын көңілмен шақырып тұр екенсің. Алла разы болсын! - депті Әлібек батыр.

Содан біраз өткен соң: "Жанқұтты Меккеге барып сонда Пайғамбар жасы — 63-те қайтыпты, ал бірге барған кісілер тегіс аман-есен елге ешбір қиындықсыз оралыпты" - деп естіген Әлібек батыр Өлтеке-Сарым еліне келіп, қасиетті қажы Жанқұтты шешенге бата қылып кетіпті.

II тарау

ОЙДЫ ОЙ ҚОЗҒАЙДЫ



Ел бірлігін, абыройын ойласақ

К. САРХАНОВ,
Шет ауданының әкімі,
ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты.

Үшінші мыңжылдықты қарсы алу Шет ауданының бағдарламасындағы ең бір айрықша бөліп айтар жәйттердің бірі — биыл 190 жылдығын кеңінен атап өтпекші болып отырған Жақсы Жанқұтты бидің осы елдің тумасы екендігін, аңызға айналған бабамыздың осы Ақсу-Аюлыда уық шаншып, шаңырақ көтеріп, осы жерде өмір сүріп, өз тұтастарымен бас қосқандығын жас ұрпақ санасына сіңіру қажеттігі. Ұрпақтар сабақтастығы жылы жаңашыл сананы қалыптастырудың негіздерін салу, мемлекетіміздің өткен дәуіріне, халқымыздың көмескіленіп аңызға айнала бастаған тарихи тұлғаларына әділ бағасын беріп, қазақи дәстүрдің шын болмысының қандай екендігіне халықтың көзін жеткізуді мақсат еттік.

Келешегін ойлаған ел тарихтан тағылым алады. Керей, Жәнібек сұлтандардың бастауымен Көк Орданың құрамынан бөлініп шыққан қазақ хандығының құрылғанына бес жарым ғасыр толған екен. Осы уақыт ішінде қазақ елінің озып, үдеген кезі де, тозып, жүдеген кезі де аз болмаған. Үдеудің сыры — бірлікте, жүдеудің сыры — алауыздықта екен.

Халқын сүйген Жанқұтты би де осыны көрегендікпен болжай білген: “Бақыт-дәулет келерде ырыс қонады, ынтымағы елдің дұрыс болады” - деп, тек бірлік қана елге береке әкелерін өсірт қылған.

Жанқұтты би туралы біршама еңбектер кезінде жарияланды. Өз заманының ірі тұлғасы, мемлекет қайраткері Жақсы Жәкен жөнінде Шет өңірің тумалары М.Хамзин, Ж.Қашқынов, М.Әбдуов, С.Жүнісов, Т.Сағытаев, Ш.Жұқанов, К.Жүністегі, өз ұрпағы Ш.Көкенов қалам тартты.

Қарағанды қаласында 1998 жылы жарық көрген “Шет өңірінің тарихы” атты монографияда Ж.Артықбаев пен М.Жакин Жақсы Жәкеннің от ауызды, орақ тілді шешен, қара қылды қақ жарға би, ірі мемлекет қайраткері бейнесін одан өрі толықтыра түсті.

Билік деген біздің қазақ ішінде әрбір кісінің қолынан келмеген.

Бұл үшін бұрынғы Қасым ханның “Қасқа жолын”, Есім ханның “Ескі жолын”, Әз Тәуке ханның “Күлтөбенің басында күнде кенес” болғанда “Жеті жарғысын” білмек керек болды.

Саяси ой тереңдігі өз алдына, әділдік, дәстүр, қарапайымлықтық сананы білу керек. Билік дұрыс болмаса адамдар бір-біріне деген сенім мен сыйласуынан айрылар еді.

Халықтың рухани өмірінен негіз алмаса ол билікте келешек жоқ болар еді.

Билік дұрыс болған, әділдік шуағын шашқан жерде әр адамның сана-сезімінде жалпы құқықты, адамның құқығын сыйлаушылық қалыптасар еді. Бұл ұлттық сананың да қалыптасуына үлкен әсер етері сөзсіз. Сондықтан біз Жанқұттыны мемлекет қайраткері дегенде, осы ой-пікірге сүйене отырып айтқанымыз жөн. Заманыңда “Жақсы Жөкең” атанған қайраткер өз халқының қамын ойлап, болашағын болжауда ең жоғарғы биікке көтеріле алды десек, артық айтпаған болар едік.

Қазіргі қоғамда Жанқұттының адам туралы, оның өмірдегі орны жөніндегі ойлары ете жақын түсінікті. Мұнда шешеннің терең білімдар, ұлан-ғайыр ақыл иесі болғандығын көрсеміз. Жанқұттының “Жақсы Жөкең” атануының өзінде терең мән бар. Қазақта небір өз заманынан аса туған адамдар болды, бірақ халық бәріне бірдей көзі тірісінде ат-атақ бере бермеген. Шешенді “Жақсы Жөкең” атымен барша қазақ біледі. Жастайынан әділеттілікке ден қойған, осы өмірлік тұжырымы оның ойын тазартқан, рухани дамуына көмектескен. Бұл өз кезегінде оны замандастарынан жоғары көтерген. Әділеттілік іздеген адам Жақсы Жөкең келген. Өмір бойғы ізденіс Жанқұтты бойындағы Аллаға деген сенімге бастаған, табиғи тазалық, терең ойшылдық, әділеттілікті бөрінен ден жоғары ұстау — Жөкеңнің Алла алдындағы мәңгілік қарызын өтеуге талаптанғандығын байқатады. Өмірінің соңында Меккеге сапар шегуі, сонда қалуы — бәрі-бәрі Алла адамды жер бетіндегі ең саналы тіршілік иесі еткендігіне, оған ақыл, ой сипаттарын дарытқанына ризашылығы, адам санасын, ақылын пайдалана алмаса тіршілік ете алмайды, өз өмірін сақтай алмайды деген Жөкеңнің өмірлік мұратының шырқау шыңы.

Егер Шортанбай сияқты жырауды жақын дос-жар қылып, қалың Сарым елінің, қала берді бүкіл Орта жүздің үлкен-кішісінің мәзінің ашық болуын қалағанын зерделесек, Жөкеңнің халықты

күнбе-күн көріп жүретін тіршілік пен өмір тағылымынан өз бетінше қорытынды шығара білуге бейімдегенін түйсінеміз.

Бұған Жөкеннің осы өңірдегі алғашқы мшітті салдырған адам екенін қоссақ, елді имандылыққа, мейірбандыққа, бауырмалдыққа, өдептілікке, ізеттілікке, елжандылыққа баулуға икемдегенін танымыз.

Шешеннің өз сөздерінде де ең жиіркенішпен атайтыны қарадүрсіндік, тұрпайылық қасиеттер. Рухани ақсүйектікті жоғары ұстаған. Жанқұтты текке өмірді зая кетіріп, жеңілдің астымен, ауырдың үстімен жүрудің биік дәрежедегі рухани талаптарға сөйкес келмейтіндігін өрдайым ескертеді. Жанқұтты рухтық ісқимылды дінмен ғана ұштастырмаған. Рухтылықтың белгілері өмірдің құбылыстарын объективті түрде түсіне білуде, адамдар арасындағы қарым-қатынастарда көрінеді.

Жанқұтты шешеннің мұндай адами ниеттерінің түп-тамыры тереңде жатыр.

Шешеннің атасы Шуаш атақты сардар болған, есімі бүкіл қазаққа аян Деріпсалы батырдың інісі екен. Ауданымызда “Деріпсалы” аталатын жерде батырдың сүйегі жатыр. Шуекең де тегін адам болмаса керек. Суырылып сөз бастаған шешен, айтқаны екі болмайтын би болыпты. Шуаш ел арасындағы жер дауы, жесір дауы, барымта, қарымтадан кейінгі шуды басып отыруға жүріп-тұрады екен. Шуекең барған жерде дау шешілмей қалмайды. Ел аузында “Шуаштың бітірмеген дауы болмаған” деген сөз қалуы содан.

Сол кісіге бірде ағасы Деріпсалы батыр ел білсін, жер көрсін, топ ортасына түсе берсін, оны мен солын танитын бізден соң да адам керек қой деп, үлкен баласы Мархабайды қосып жібереді. Бұл жолы даудың аяғы шиеленісіп, екі жағы да сөз соңына жете алмайды. Сонда қарсы жақ ағасының үлкен баласы Мархабайды сөйлетіп, жол тауып кеткен екен. Мархабайдың бұл алғаш та соңғы билігі болған. Шуекең риза болмайды. Бірақ наразылығын да айтпай, Деріпсалыға соқпай (жолдан келгенде әдетте ағасына кірмей, өз үйіне түспейді екен) өз үйіне барып жатып қалады. Келесі күні сәскеде ғана мөн-жайға қаныққан Деріпсалы батыр “Сен інім Шуаштың алдын орап билік айттың” - деп Мархабайға теріе батасын берген екен дейді.

Міне, отбасы ішіндегі ағайындық, туыстық қарым-қатынастың үлгісі. Бір ұрпақтың өлденеше буынының әрқилы парызы болады. Биылғы көп айтылып жүрген тұшымды ой, дәстүр сөзі

бақтастығы, даналық сабақтастығы және төлім жалғастығының мәйегі осы емес пе?

Осы арада **Айдабол** ұрпақтары: **Деріпсалы, Шуаш, Маман, Шәндіген, Кенжебай** — кіші жүз алшын Бұйдаш бидің қызынан туады екен. **Жанқұтты Шуаштың** немересі. “Тектіден текті туар мүйізі қарағайдай” деген осы.

Тектілік дегеннен шығады, жақсы **Жөкеңнің** ұрпағы **Аманбек Нұраға** болыс болған, ауызы дуалы адам екен. Бір отырыста **Абаймен** сөз жарыстырған. Сонда ұлы ақынды: “**Иә, рас, қажының ұлысың, өзің болыс, өзің бай, өзің ақын, өзің шешен, кітап шығартып жатырсың — барлығы сенде, тек, менің өкем Меккенің төрінде жатыр, ал есінің әкен малдың өрісінде жатыр**” - деп сөзден тоқтатқан екен. **Абайдың** өзі де: “**Уай, бәлі, мұны айтпасаң сен Жақсы Жөкең ұрпағы болармысың**” - деп мойындаған.

Жақсы Жөкеңнен қалған таза алтындай сөздерді оқып отырсаңыз бірден көзге түсетіні — елдің бірлігі жайында көп айтқан екен. Егер “**Жақсы Жөкең заманын**” айтар болсақ елдің тұтастығы, бірлігі негізгі әңгіме болуы заңдылық. **Жақсы Жөкең** кіші жүзден сіңген алшын, табын руларына **Бес ата** елінің бауыр басқан қонды жерлерінен кесіп беріп, ағайындықпен күшақ жайғанын бидің алысты шолған алғыр да кенінен болжаған кемелгер ойының айқын дәлелі ретінде қабылдауға тиіспіз. Отаршылық саясатты айқын түсінген, онын зардабын болжай білген бабамыздың іс-қимылы аудан тарихынан сыр шерткен, тыңнан түрсен салғандай, осы өңірдің алғашқы тарихи кітабы профессор **Ж.Артықбаевтың** жоғарыда аталған монографиясында біршама айтылған болатын.

Жанқұтты би сияқты тарихи тұлғаға өзінің лайықты бағасын бере отырып, ешбір адам жеке өзі елге тұтқа бола алмайды, **Жөкең ізімен, халқымен, азаматтарымен** “**Жақсы Жөкең**” атанғанын атап көрсетуіміз керек.

Быттыр ғана 70 жылдығын атап еткен **Шет ауданында Жақсы Жөкеңнің** бүгінгі ұрпақтары жер бүтіндігі үшін, ел бүтіндігі үшін көп еңбек сіңіріп жүргендігін айтуға мүдделіміз.

Сарыарқаның бел ортасындағы, жері бай, слі тату, ұзын аққан **Нұра** өзенінің бастауында, **Бұғылы мен Тағылының** қос баурайын жайлап жатқан **Шет ауданының** құрылуына себепкер болған **азаматтардың** есімдері аудан тарихынан, халық зердесінен лайықты орын алғаны жөн болмақ:

Ордабаев Қасқатай, Отыншин Төлеуқұл, Борнаев Қаппар,

Мұсабеков Қасым, Жақыпов Әкімбек, Құлатаев Төлеубек, Матаев Орынбай, Нақыпов Алтыбай, Тұңғышбеков Кенжебек, Боқаев Тілеке, Әшіляев Сопыжан, Темірбеков Жамантай, Төженев Ескендір, Жонкин Шөкей, Есмағанбетов Хасен, Тілеубергенев Кәрім, Кенжин Еден, Қаратөбелов Қаби, Байнамазов Жұмаділ, Аққаскин Қапас, Тәжин Темірбек, Омаров Әміржан, Ысқақов Ынтықбек, Төкенов Жұмабай, Түсіпов Қызкен, Оразбеков Смағұл, Жұматаев Қасымбек, Туғанбаев Асанбек, Күлейменов Балмағанбет, Ақымбеков Қасқатай, Күлейменов Жұмабек, Смайылов Егінбай, Әбілдин Көшкінбай, Дүйсенбеков Камали, Медиев Қасымбек, Дулатбеков Орынбасар, Дөлмағанбетов Тұңғышбек, Сыздықов Сәулебек, Қаспақбаев Аманбай, Кокенов Шілікбай, Жампейісов Кенжебай, Омаров Мағаз, Жүнісов Сәулебек, Нілдібаев Алдаберген, Қапасов Балтабай, Халилин Шөкітай т.б.

Бұл адамдар — “Өмір азығы — еңбек пен адалдық, онердің атасы — ұйымдастыру” деген Жанқұтты бабамыздың ауданымыздың ұлан-ғайыр жерінде ең болмаса төу етіп жүретін зираты жоқ, көңілден тыс аңыз деп сезінбей, өрқашан баба рухына бас ие жүріп Шет өңірінің даңқын талай жерге жайған азаматтар. Ел аман болса, әлі де талай ұрпақ жалғастыра берер.

Құсбегілік — киелі өнер

Т. ЕСЕНБЕКОВ,

құсбегі,

“Азат” жеке шаруа қожалығының жетекшісі.

Жақсы Жәкең айтқан аталы сөз елінің ынтымақ-бірлігін сақтауға, әдет-ғұрпы мен салт-санасын, өнері мен мәдениетін қадірлей отырып, ұрпақтан ұрпаққа аманат ретінде жеткізуге үндеген. Елдік ерекшелікті, халықтық қасиетті құрметтеу әрбір қазақ баласының айрықша міндеті мен парызы дегенді де осы Жәкеңнің әр сөзінің астарынан аңғару қиын емес. Кешегі сайын даладағы қазақты тірлік пен тұрмыс-салт үрдісі қашанда қымбат әрі қасиетті саналған. Сол асылымыз қаймағы бұзылмаған қалпында ұрпақтар игілігі мен салтанаты болса деген арманды өмірлік мұрат тұтқанда осы Жақсы Жәкең.

Өткен, қасиеті мен қадірі асқан бабамыздың сол аманат-арманы кешегі тоталитарлық жүйенің кесірі мен өктем саясатының салдарынан халық жадынан ұмытылуға шақ қалғаны шындық еді. Кеңестік идеологияның бар мақсаты қазақ өнері мен мәдени артықшылықтарын халық тірлігі мен өмірінен аластату болғанын енді сезініп, бармақ тістеп отырған жайымыз бар. Дегенмен, еліміздің тәуелсіздік алуы, егемендікке қол жеткізуі осындай жұмысқы саясаттың бет-пердесін айқындап қана қоймай, ендігі жерде қалайда халықтық өнерді қайыра жаңғыртып, ата-баба алдындағы қасиетті парызды құрметтеп, кастерлей білу арқылы жаңалат, жаңа серпінмен қолға алып, дамытуды міндеттеп отыр.

Міне, бүгінгі таңда сол арнаға түсіп, екінші өмірін бастаған асыл қазына-игіліктеріміздің бірі — саятшылық. Бұл өнердің жалпы халық өміріндегі орны да, жөні де тым бөлек. Ұлтымыздың маңдайына біткен айрықша киелі өнердің қасиеті мен күдіреті, салтанаты мен жасампаздығы жайында тарих шежіресімен бізге дейін жеткен жәдігерлер, мәдени-әдеби құндылықтар аз емес. Ол сонау түркілердің VI-VII ғасырлардағы жазбаларынан да, басқа да тарихи ескерткіштерінен де жиі кездеседі. Демек оның тарихы қане дәуірлерден бастау алғаны ғой. Қаншама ғасырлар бойы халқымен бірге жасап келген саятшылыққа қазақтар ғана емес, ділі

мен діні бөлек басқа елдердің де тамсана таңқалуы осыдан болса керек.

Саятшылық туралы қазақ тілінде мың жарымдай сөз бар екен. Халқымыздың шамшырағы болған Шоқан, Абай, Мұхтар сынды ардақтылары қасиетті өнердің төлім-тағылымы жайында тілдік кесте мен айшықты інжу-маржанын ыждаһаттылықпен тере отырып, талай тұщымды дүние жазып қалдырды, оның қасиеті мен құдіретіне бас ие отырып, қадір тұтты. Ұлттық өнердің, ұлттық ерекшеліктің киелі шоқ жұлдызы деп аса жоғары бағалады. Құсбегіліктің тарих қазынасына айналмауына бар абырой-беделін салып, шығармашылық талант-дарынына арқау етіп, оның ұрпақтан ұрпаққа жалғасуы үшін мәңгі өлмес құнды шығармалар қалдырған жоқ па!

Қазақтың талай марғасқалары мен ардақтылары құсбегілікті өнердің биік шыңы деп бағалағаны, оны дамыта отырып, ұрпақ игілігіне айналдыру хақында келелі ой-пікір қозғап, мәселе көтергені үшін де итжеккенге айдалып, түрмелерге қамалды. Бірақ қазақтың қанына сіңген қасиетті өнер қанша жерден “қара құлыпқа” салынғанымен, сол қалпында сақталып, бүгінгі ұрпағының жігерлілігінің арқасында қайыра жандану үрдісін бастан кешіруде.

Құсбегілік бүгінде еліміздің әр аймағында бой көрсетіп келеді. Қазақтың қалың ортасынан шыққан жанашырлары ұлттық өнерді өз ынта-жігерімен қолға алып, алдында көрсетушісі мен ұйымдастырушысы болмаса да, жаппай орістетуге білек түріп, бел шеше кірісіп-ақ кетті. Өз қатарларына құсбегілікті қасиет тұтып, ардақтай білетін, оны мал табудың көзіне емес, шын өнердің биігіне бағалаған жастарды көптеп тартуға ұмтылуда. Бұл игілікті іс жеміссіз де емес. Қазірдің өзінде осы қасиетті өнермен бүкіл отбасы болып айналысатындар, тіпті ауыл болып шұғылданатындар қатары молая бастады. Олар Ұзақовтың (6 адам), Тұрлыбасвтың (4 адам) отбасылары. Сол үлгіден тағылым-тәрбие алғандардың ішінде 25-40 шамасындағы жастардың да бой көрсете бастауы өпккенімізді жандыратындай сенім ұялатады. Бұл құсбегіліктің кешегі салтанаты мен қызығы қайыра қалпына келетін кезеңнің қыр астында тұрғанын аңғартса керек.

Сондай-ақ, кешегі кесірлі саясаттың ықпалымен ата-баба жерінен қашып шығуға мәжбүр болған Монғолия мен Түркиядан туған еліне қайта оралып жатқан оралмандар да бұл өнердің дамып, өркен жаюына мол мүмкіндік жасап жатыр. Қазір небір салтанатты тойлар мен астар құсбегілік өнермен өрлене түсуде

жуырда ғана, Астанамыздың бір жылдығына байланысты өткен қала күнінде еліміздің құсбегілері ұлттық өнердің қасиеті мен кереметтігін көрсетіп, қалың елді тамсандырғанына бүкіл Қазақстан халқы куә. Ұлы жазушы Мұхтар Әуезов "... Құсбегіліктің үміт-қуанышы көп. Ыстық оттай қызулы минуты көп, мағыналы өмір. Аңшылықта кісіні ақын күйіне жеткізетін сезім күй көп" деп атап көрсеткеніндей, халық айрықша бір сезім нұрына бөшеніп, ләззат алған жоқ па?.. Олай болса, құсбегіліктің кешегі тамыры жанданатынына еш күмән болмаса керек.

Арқа өңірі де, кешегі Жақсы Жөкең мекен еткен Шет, Ақтоғай аймағы да құсбегілік өнерге айрықша ден қойғаны тарихтан мәлім. Осы жерлерде өмір сүріп, қыран бүркітімен, алғыр қаршығасымен, құмай тазысымен, айлалы сұңқарымен, болат қақпағымен, түзу мылтығымен, жүйрік атымен талай жұртқа танылған құсбегілер болған. Әттең олар жайында ауызекі өңгімелерде бірлі-жарым деректер ғана айтылады. Ендігі міндет сол құсбегілер жайында деректерді жинастыра отырып, олардың іс-тәжірибелері мен аңшылық, құсбегілік өнерлерін бүгінгі ұрпаққа таныстыру. Бұл киелі өнер алдындағы, ата-баба алдындағы парыздың бір етеуі болар еді. Ойланарлық, қолға аларлық аса маңызды өрі жауапты жұмыс.

Құсбегілік өнер біздің Шет ауданында бүгіндері қайыра қолға алына бастады. Солардың алғашқысы мен едім. Қасиетті өнерді дамытып, қайта тірілтуге бет бұрдым да, "Азат" деп аталатын жеке шаруа қожалығын аштым. Сол шаруашылықта тұңғыш рет Арқа жерінде жетпіс жылдан кейін құсбегілік өнерді қолға алып, өзіме жанашыр, аңшылыққа бейім және соған бар ынта-ықыласымен берілген жастарды тарта бастадық. Сол бастамамыздың ықпалы болар, бүгінде осы аймақта құсбегілікті нағыз өнер санап, онымен біржола айналысуға бет бұрған жастар қатары көбейіп келеді. Арадағы аз жылда құсбегіліктің қыр-сырын меңгерген, соның қызығы мен қуанышына шын берілген саятшылар тәрбиеленіп шықты. Құсбегіліктің құдіреті мен қасиетіне, құстарды баулу мен оларды аңға салу және басқа да ерекшеліктеріне қаныққан, киелі өнерді қызық үшін емес, ата-баба дәстүрімен жемісті жалғастырып келе жатқандар қатары осылайша көбейіп келеді. Әрине, бұл осындағы шөкірттеріміздің өз ұлтына, ата-баба дәстүріне адалдық, елдік қасиетке деген жанашырлық сезімінің айғағы десем, артық болмас.

Жетпіс жылдан астам уақыт ішінде Арқа жерінде құсбегілік

өнер ұмытылып, ол ақсақалдар мен үлкендердің тамсана айтуымен жеткені ақиқат. Бүгінгі ұрпақ құсбегілікті өнер деп түйсінгенімен, оның құпиясы мен құдыреті жайында мүлдем бей-хабар. Соған қарамастан бізде, Шет өңірінде құсбегіліктің өзіндік мектебі қалыптасып үлгерді. Ол бүкіл Қазақстан жеріндегі санаулы орталықтардың бірі десем де болады.

Иә, құсбегілік кез келген жыртқыш құсты қолға ұстап, баудумен біте салатын өнер емес. Ол үшін төзімділік те, шыдамдылық та, салмақтылық пен байсалдылық та, тіптен құстың ішкі ойын біле алатындай қабілет пен көрегендік те аса қажет. Сонда ғана құсбегіліктің сансыз көп құпиясы мен қызығы өзіне тарта түседі. Міне, біздің мектеп жігіттерінің бойынан осындай қасиеттерді көріп, төубе деймін. Бұрын-соңды құс баптаған, не құсбегілікпен айналысқан адамды көрмей-ақ, қиын өнерді өзіне серік етуге бел шеше кірісудің өзі неге тұрады. Бұл жерде білім мен табандылық өз алдына, құсбегілікте пайдаланылатын құстардың тегі мен түрін ажырата білу де оңай жүк емес.

Құсбегілікті табыс табудың көзіне айнылшырмай, шын мәніндегі өнер құдіреттісі деп бағалағанда ғана нәтижеге жетуге болады. Сонда ғана онымен айналысушылар өздеріне жүктелген міндет пен парыздың ара салмағын айыра алады. Біздің мектеп жігіттері осы бір жазылмаған қағиданы ұдайы назарда ұстап, құсбегіліктің өз өңірімізде ғана емес, сырт жерлерде де кеңінен таралуына ынталы. Соның бір жарқын мысалы: осыдан екі жыл бұрын тұңғыш рет республикалық “Салбурын” өткіздік. Бұған республиканың санаулы құсбегілерімен қатар алыс шетелдерден де — Австриядан да, Германиядан да, Аглиядан да, Бельгиядан да, Франциядан да қонақтар келіп, қазақтың кең даласында, Бұғылы-Тағылы баурында кешегі ата-баба дәстүрімен құсбегілік өнерді тамашалап, ләззат алып қайтты. 1998 жылы желтоқсан айында осы “Салбурынды” екінші рет өткіздік. Алда алыс-жақын елдерден көп қонақтар қатыстыруды, сөйтіп қазақ халқының өзіндік орны мен қадір-қасиетін құсбегілік өнер арқылы әлем жұртшылығына танытуды мақсат етіп отырмыз. Ол мұратымызға жетіп жатсақ, Жақсы Жөкен армандап өткен қазағының абырой-беделі, ынтымақ-бірлігі тағы бір қырынан таныла түсеріне дау жоқ.

Иә, халықтық атақ-абыройдың биік шыңы саналатын саятшылықтың көкжиегі әлі алда. Оның бүгінгі даму үрдісін баянды ете отырып, өзіне тән болмысын қалпына келтіру үшін қыруар еңбек пен жан-жақты ұйымдастыру шаралары қажет-ақ. Ең ал-

дымен, нарықтық экономиканың қайнар бұлақтарының бірі — туризмді дамыту арқылы шетелдіктерді саятшылықтың қызығы мен сән-салтанатына тарта білудің елге әкелер пайдасы паш етек-тен. Ол тамашалаушыларды өзіндік ерекшеліктерімен мойында-тып қана қоймай, қазақ деген халықтың өлемдік өркениеттегі алар орнын айшықтап, биіктеге түсері сөзсіз. Бұл кешегі Жақсы Жөкең мұрат тұтқан ізгі армандардың бірі ғой. Аты аңызға айна-лып, халқының болашағына зор сеніммен қараған Жақсы Жөкең аманаты мен арманы осылайша жүзеге асып жатса, онда қасиетті де өруақты бабамыздың ізгі ісі мәңгі өлмесі хақ.

Бірлік болмай тірлік болмайды

Ш. ҚАСЫМОВ,
еңбек ардагері, зейнеткер.

“Ата көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер” деп халқымыздың даналары айтып кеткеніндей, бәріміз де өткенін өшірмейтін, болашағын болжай білген елдің ұрпағымыз ғой. Жақсысын жарқыратып көрсете алатын да, жаманын жасыра алатын да біздің халық. Арқаның аты мәлім, аузы дуалы, өулие ақыны Бұқар жыраудың:

Асқар таудың өлгені,
Басын мұнар шалғаны.
Көктегі бұлттың өлгені,
Аса алмай таудан қалғаны.
Дүниеде не өлмейді?
Жақсының аты өлмейді,

Ғалымның хаты өлмейді, - деп тереннен толғауы қазақ халқының болмыс бітімін, тыныс-тіршілігін толық түсінгендіктен шығар. Осы өлеңге назар аударып, байыптай йа-раған адам кеменгер жыраудың алдымен аузына жақсыны алғандығын аңғарады. Бұл кездейсоқтық па? Бізше олай емес. Жаманның іс-әрекеті, еңбегі, ғалымдығы, айтқан сөзі дұрыс жолға жетелемейді. Сондықтан оны көпшілік қабылдамайды. Ендеше, адам алдымен жақсы болуы керек. Ал жақсылықтың нышаны ниет пен пиғылдан байқалады. Міне, күміс көмей өнерпаз осыны мезеп айтып отырған тәрізді.

Жақсының да түрі көп. Ағайынның жақсысы, аймақтың жақсысы, ортаның жақсысы тағы басқалары. Бірақ, бұлардың барлығына бірдей “жақсы” сөзі үкіленіп тағыла бермейді. Нағыз жақсы болу үшін халықтың сынынан өтуі керек. Өткен ғасырда иісі қазақта осы есімді иеленген адам — Жанқұтты Ботантайұлы болды.

Біз, қазіргі ұрпақ, өзімізді бақытты деп санауымызға хақымыз бар. Соның бір ұшығы өткенімізде жатыр, яғни, ата-бабаларымыздың мұра етіп қалдырған мол қазынасы, біздің рухани байлығымыз. Көзі ашық, көкірегі ояу жастарымыз мұны түсінеді.

тәлім-тәрбие аларлық үлгілер Жақсы Жәкенде өте көп. Бала кезімізде көне көз қариялардан естіген мынадай өңгімені айта кеткенді орынды санап отырмын.

Белгілі адамдар бас қосқан жерге, өсиет, нақыл, ұлағатты сөз етүү үшін, ел жиналатын өдеті ғой. Бірде Жақсы Жәкен, дуанбасы Құнанбай, ақын Шортанбай бас қосып, әңгіме өткізіпті. Келгенел көп, барлығы тындаушы. Ел жайы, жер жағдайын айтып болғаннан кейін, халықтың өсиет тындар қалпын сезген Жанқұтты былай депті:

- Ақыным, маған бір ой келіп отыр. Қарадан шығып хан болған Қүнекенді қалың қазақ қадір тұтып, сыйлайды. Мен осы нәлі Қүнекеме Кертанап тұлпарды мінгізейін деп отырмын. Сен елді жиі аралайсың ғой, естімегендерге айта жүр, мына Ел бергеннің еспесін, бұдан былай Құнанбай еспесі деп атайық. Жиналған жұрт бізден сөз дәмепіп отыр, Құнанбай, Шортанбай, Жанқұтты осы жерде бас қосыпты деген аты қалсын, болашақты болжай отырып үшеуіміз, үш ауыз өңгіме қалдырайық, ақыным, сен баста!

Шортекең сәл ойланып алып:

- Жәке, келер заманның адамдары аласа туады,
Ата-анасына қарсы боп, таласа туады,
Жақсылықтан шошынар,
Жамандыққа қосылар,
Өзөзілден досы бар,
Ақырзаман адамы,
Сұрасаңыз осылар! - депті.

Құнанбай былай дейді:

Жасы қырыққа келсе де, сақал-мұрты болмайтұғын,
Бар дүниенің байлығын алса да, көңілі толмайтұғын,
Өмірі ұрыс-керіс,
Ниеті, пиғылы теріс болады екен, болашақтың адамы!

Сонда Жақсы Жәкен тұрып:

“Ал” десең топтың алдын бермәйтін,
“Бер” десең бетінді көрмейтін,
Өткенінен нәтиже шығармайтын,
Келешегінен керектісін ұға алмайтын,
Ақылы аз,

Тойғанға мөз болады екен, болашақтың адамы! - депті.

Осы нақыл ел ішіне ауыздан-ауызға өтіп, кеңінен тарап кеткен екен.

Бұл айтылған өңгіме жай ғана өсиет емес, өнегелі сөз. Кейінгі келер заманның келбетін талғам таразысына сала отырып, ой мен ақылдың елегінен өткізіп, маржан сөзбен тізіп, ұрпаққа аманат етіп қалдырған. Осыны естіп, үлгі алғысы келген өрбір есті азамат, өрине, ақырзаман адамы болмауға талаптанары ақиқат. Бұл нақыл — бірліктің бастауы төрізді.

Зерттеу жұмысымен арнайы шұғылданып, ізденген адамға күйма құлақ ел азаматтарынан Жақсы Жөкең жайлы тың деректер жинауына болады. Ол кісінің жер жүзі мұсылмандарының орталығы Меккеде жатуы өулиелігінің нышаны емес пе? Тірлігінде Алланың барлығын, бірлігін түсініп, біліп, өзін Мұхаммед пайғамбарымыздың үмметі деп санаған, жаны пәк, ары таза, пейілі ақ, ниеті түзу, айтқаны айнымай келген Жанқұттыны өулие десек артық емес. Шет ауданының орталығы Ақсу-Аюлыда Жақсы Жөкеңнің бұлағы бар. Сол бұлақ осы ауылдағы барлық жұртшылыққа қысы-жазы құт. Күні бүгінге дейін қандай қуандшылық, құрғақшылық болмасын көзі жабылып, суы сарқылып көрген емес. Ұлы бабаның бізге қалдырған ұлағаты да, сол бұлағы сияқты. Зейін қойып зерделеген сайын жаңа қырынан танып, таңырқай түсесің.

Жақсы Жанқұтты би және Шортанбай жырау

С. ЖҮНІСҰЛЫ,
филолог,

Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің үздігі.

Жақсы Жанқұтты би мен Шортанбай жыраудың бір-бірімен ара-қатынасын айқындау — бұл екі ірі тұлға туралы тарихи түсінігімізді тереңдете түсері хақ. Жақсы Жанқұтты мен Шортанбайдың өмірдегі байланысы, дос-жар болып Ақсу-Аюлы өңірінде өмір кешкендігі ауыз екі әнгімелерде және Шортанбай өлендерінде кездескенмен жеке тақырып ретінде алынып қарастырылмаған. Жанқұтты шешеннің асыл сөздері зерттеуші ғалымдардың еңбегінде үзік-үзік қана айтылады да, оның билік құрып әділеттік жолында халыққа сіңірген еңбегі, өмір сүрген ортасы айтылмайды. Мұның себебі: советтік құрылым кезінде билер үстем тап өкілдері, олар солардың сойылын соғатын адам деп, шешендік сөздерді таптық идеямен байланыстырып келді. Осының әсері болса керек, шешендік сөздерді әдебиет жанрына қоспай, Жанқұтты сияқты сөз құдіретін ел бірлігі, елдің елдігін сақтауға құрал еткен билер сөзі ескерусіз қалды. Негізінде, қазақтың шешені — ақын, ақыны — шешен болғандығын Жанқұтты сияқты билердің сөзінен айқын аңғаруға болар еді. Осы тұрғыдан қарап Жанқұтты мен Шортанбайдың ара-қатынасын, өмірде тым жақын болуының себеп-салдарын аңғару қиын емес. Оның үстіне ел билеу, елдің басын қосып бірлік орнату, сол кезеңдегі ел басына түскен ауыртпалықтан өз елін алып шығу үшін Жанқұтты биге әрі мұсылмандықты уағыздаушы, дін жолын жете меңгерген, әрі заман ағымын болжай алатын төкпе жырау Шортанбай сияқты белгілі адамдармен етене жақын жүру қажеттілігін де туғызуы заңды құбылыс екені даусыз. Жанқұтты би мен Шортанбай жыраудың ара-қатынасын және тарихтағы әрқайсысының өз орнын терең түсіну үшін, алдымен Жақсы Жанқұтты би туралы қағаз бетіне түскен деректерге сүйене отырып, оның биік тұлғасын, ел арасында және халық алдындағы сіңірген еңбегін айқындап, біліп алуымыз керек болады.

Белгілі журналист, жазушы Жүсіп Алтайбаев “Ағыбай батыр” деген шығармасында Жанқұтты би туралы: “Тауып сөйлейтін, жорға сөйлейтін, сылдыр көмей, жезтаңдай шешендігімен өйгілі болған адам. Жанқұтты қасын кере түсіп, сөйлеп бір кеткен шақта үнінен төкпе жорғаның жүрісіндей майда жылы ырғақты ағын сезілетін. Жұрт оны тындауға құмар... Дау шарда бас аяғын жиыптеріп, ең соңынан сөйлейтін Жанқұттының әдеті. Ердің құнын екі ауыз сөзбен бітіретін майталман шешен әрқашан тап басып, тауып айтады. Сондықтан да халық оны “Жақсы Жанқұтты” деп кеткен. Оның есімі алдында “Жақсысы” қоса жүреді. Ол қалып қойған жерде Жанқұтты аты аталмағанмен тең”, - деп, Жақсы Жанқұттының өдеби бейнесін көркем тілмен шебер бейнелейді. (“Ағыбай батыр”, Алматы, “Жазушы”, 1996, 58-б.).

Жанқұтты туралы қағаз бетіне алғаш түскен дерек поляк революционері А.Янушкевичтің Қазақ даласына жасаған саяхаттар туралы жазбаларындағы “Күнделіктер мен хаттар” (1876) деген кітабында кездеседі:

“Тоқырау өзенінің бойында Әлтекс-Сарымдар жайлаған қойнауға қонуға түстік. Қойнау екі таудың арасында. Таудың ең үлкенінің аты Күшік. Ел билеуші Жанқұтты шағын дәулетті, қарапайым ғана қазақ. ...Өзінің ақсақалдарын ертіп, таңертең бізге Жанқұтты келіп кетті. Аға сұлтан Құсбекті күтіп отырғанын айтты”, - деп Жанқұтты бидің белгілі адам екендігі жөнінде алғашқы қағаз бетіне түскен деректі оқимыз.

Қазақ ауыз өдебиетін жинап, өлшеусіз еңбек сіңірген этнограф-шежіреші Мөжһүр Жүсіп Көпеевтің “Мес” атты қолжазба жинағында да Жанқұтты туралы жазылған.

Жақсы Жанқұттының заманында ірі тұлға болғанын алғаш М.Әуезов “Абай” романын жазу үстінде Құнанбаймен қатарлас, пікірлес адамдардың бірі Жақсы Жанқұтты би болғанын аңғарса да, сол кездегі билерді үстем тап өкілі деп бағалау саясаты оны ауызға алуға, шығармасына кіргізуге мүмкіндік бермегенін, оның кейін қазақтың бір туар перзенті Д.Қонаевқа Жанқұттының Абайға берген батасын айтып беруінен айқын аңғарамыз. (“Абай” журналы, 1999 ж., №7, 2-3-бб.).

Қазақтың тұңғыш ғалымы, этнограф Ш.Уәлихановтың да Жанқұтты бимен кездескендігі және шешендік өнерге ден қойып, ауыз өдебиетінің інжу-маржаны шешендік өнер туралы ғылыми пікір айтуға негіз болғандығы жөнінде деректер бар.

Жақсы Жанқұтты бидің ел бірлігін сақтауда, халқы үшін еңбек

лкен ірі тұлға болғандығын дәлелдей түсетін тарихи жазбалардың ішінде төменде келтірілген құжат ерекше назар аударуға тұрар-

"1846 жылы маусым айының 19-ыншы күнінде бізге төменде мөрлерімізді салмыш адамдар жамиг (жалпы) мәжіліс ішінде бүтін сібір қазақтарының пограничник басшылығы господин генерал-майор мен кавелерінің жүзі алдында мынандай хат қылып мөр салып қол қойдық.

Яғни, Қарқаралы, Аягөз, Көкпекті, Жетісу дуандарының халқы бір ынтымақты, татулықта болып тұрмаққа міндет алынды. өзара ешбір шарифат-низам жолына қарсы келіс сөз, іс қылмасқа және талау-тонау қылмысқа, барымта һәм үрлық қылыспасқа уағда-шарт қылып қол қойды". (Қазақ Республикасы ұлттық архиві, 3 бум).

Бұл үлкен құрылтайға Құнанбайдан бастап, Әлтеке-Сарым Жанқұтты барлығы 23 ел басқарушыларының жөзіккөз мөрлері басылған.

"Атамұра" баспасынан (1995) шыққан "Абай энциклопедиясында" Жанқұтты би туралы жазылған.

Жоғарыдағы келтірілген жазбалардан байқайтынымыз Жақсы Жанқұттының игі қазаққа белгілі ірі тұлға болғандығы.

Келесі әңгіме Қазақ әдебиетінде ерекше орыны бар Шортанбай жырау туралы.

Шортанбай мұрасын алғаш рет атакты фольклор жинаушы, академик, түрколог В.В.Радлов (1837-1918) "Түркі тілдес халықтар әдебиетінің нұсқалары" (3 том, 1870) атты еңбегінде жариялады. Одан кейін "Бала зары" деген атпен Қазан қаласында бірнеше рет басылып шықты. Бұдан кейін Ы.Алтынсариннің "Қазақ хрестоматиясында" (1880), Лютштың "Қырғыз хрестоматиясында" (1883) С.Сейфуллин құрастырған "Қазақ әдебиеті хрестоматиясында" (1931) жарық көрді. Бірақ Шортанбайдың философиялық оймен қоғам шындығын өткір көрсетуімен ерекшеленетін шығармаларының қандай қоғамдық ортада, қандай жағдайда туғандығы және оның ақындық дәрежедегі негізгі факторлары аз зерттелген. Шортанбайдың төкпе жыраулығын және оның көреген адам екенін айтқанда, ақынның ақындық қуатының қалыптасуына әсер еткен ортаны, ел мен жерді және адамдардың ықпалын, қамқорлығын айтпауға, ескермеуге болмайды. Белгілі әдебиет зерттеуші ғалым-сыншы Есмағамбет Исмайылов "Ақындар" деген зерттеу еңбегінде: "Әдетте ақын өмірден үйреніп, творчествосын

дамытады, ақындық талантты жетілдіретін қоғамдық жағдаймен қатар жастайынан үлгі алып ақындық жолда қалыптасатын жақсы орта, дәстүр керек” - деп жазады. Ен далада тамырсыз ешқандай өскіннің өсіп өркен жаймайтыны сияқты ақын да, шешен де өздігінен қоғамдық ортадан тысқары тұрып, шешендік дәрежеге жете алмасы белгілі. Егерде ол тек қана діни тәрбие алып жыр сүлейі дәрежесіне бірден жетті деп, оны өзі өсіп-өнген ортадан бөліп қарасақ, өдебиетке, тарихқа қиямет жасағандық болар еді. Ендеше, Шортанбайдың да ақындық өрісіне Арқа өңіріндегі ондаған ақындар мен шешендердің жақсы өнер дәстүрі, оның дархан елінің салты, өмір тұрмысы ықпал етті деуімізге негіз бар. Жоғарыда айтқанымыздай Шортанбайдың бүкіл тіршілік өмірінде біте қайнасып, ел бірлігіне, имандылық жолын қарастыруға өмірінің ақырына дейін тізе қосып бірге болған адамның бірі — Жақсы Жанқұтты шешен. Баспа сөздерде жазылып жүргендей алғаш Қарқаралыдағы Жамантай төрені аз уақыт төңіректегеннен кейін Нұра бойына біржола қайта оралып, жанұя құрып, Жанқұтты бимен қоян-қолтық араласып, оның елімен сіңісіп кетеді. Оған ел ішіндегі қариялардың сөздері ғана емес, оның шығармаларының өсіресе, “Шортанбайдың елер алдындағы қатын-баласымен арыздасып айтқан сөздері” деп беріліп жүрген ұзақ толғауының ОНҒА тарта шумағы Жақсы Жөкеңе арналуы дәлел бола алады.

Соның бірі:

Жаралған Жөкем едің асыл зат қып,
Өзгеден бір кісі едің ақылы артық.
Алладан ажал жақын келді білем,
Кетейін енді сізге ғарыздасып, - деп келеді де,

Есендікте бол, Жөке,
Қияметтік досым-ай!
Және сізге тапсырдым
Бала менен қатынды.
Жалғанда досым, сіз едің,

Аяй көрме ақылды!.. - деп, артта қалған қатын-баласын Жөкеңе аманат етіп тапсырады. Оның тіпті өмірден соңғы аттанар шағының өзі де Жақсы Жөкең қасында болып, соңғы сапарға шығарып салғанын:

Қоя көр, Жөке, жастықты,
Алпыс үштен асырмай.

Өлім бір келіп асықты...

... Жантәсілім таянды,

Айта көр, Жөке, иманды?!- деген жыр жолдары-
нанжәне Жөкеңнің:

Алланың бір мекені тұрағы еді,

Шортанбай аулисінің ұрпағы еді.

Мұңдасқан, бала жастан бірге өскен

Жақсыға жол үстінде ажал жетті, - деп Шортанбай қаза-
сын естіртуі екеуінің өмірлік достығын көрсетеді. Бұл жөнінде
Е.А. Бөкетов атындағы университетінің кафедра меңгерушісі,
ғылым докторы Мәуен Хамзин: “Текті тектімен таяу жүруге тал-
пынған, ірі тұлға ірілермен қатар болуға тырысқан. Ендеше, Шор-
текең алып бәйтерек болып, не бір тар жол, тайғақ кешуді бастан
кешірген ұлы тұлға, Жақсы Жөкең атанған Жанқұтты би еді”, -
деп, олардың шынайы достығының қисындылығына негіз бар
екендігіне ғылыми тұжырым жасайды. Жақсы Жанқұтты заман-
ныңда елді имандылыққа баулып, жай тәрбиеден аулақ ұстау үшін
мешіт салдырған екен. Сол мешіттің алғашқы имамы да Шортан-
бай жырау болған. Жоғарыда келтірілген деректер Шортекеңнің
Жақсы Жөкеңмен өмірі де, тағдыры да бірігіп ел бірлігі үшін
екеуінің тізе қосып игілікті іс тындырғанын көрсетеді.

Соңғы жылдарда өлке тарихын жинап баспасөздерде жариялап
жүрген кейбір қаламгерлеріміздің мақалаларында Жанқұтты бидің
қайтыс болған жылы туралы әртүрлі пікірлер айтылып жүр.
Әсіресе, мұндай жаңсақтықтар Шортанбай жыраудың туған жері
мен қайтыс болған жылдары туралы деректерде көзге ұрып тұр.
Жанқұтты шешен туралы тұңғыш зерттеу мақала жариялаған
ғалымдар Б.Адамбаев пен М.Әбдуов (“Жезказған туы”, 19.09.1981).
М.Әбдуовтің 1984 жылы “Жұлдыз” журналының 2-санында “Өткір
сөздің иесі” деген атпен жариялаған мақаласынан соң, ҚарМУ-
дің мұғалімі, ғалым Тұтай Сағытаев (марқұм) “Жақсы Жанқұт-
ты” жөнінде зерттеулерін жариялады. Жоғарыдағы еңбектердің
бәрінде де Жанқұтты шешенді 1873 жылы қайтыс болған деп
жазады. Бұл пікірді ғалымдар Н.Төрешұлов, Т.Көкішевтердің
еңбектерінен де оқимыз.

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің
ректоры, академик, техника ғылымдарының докторы, профессор
Ш.С.Ақылбаевтың басшылығымен шыққан “Шет өңірінің тари-
хы” (авторлары Ж.О.Артықбаев, М.С.Жакин, 1998 ж.) кітабында
шешендік өнердің табиғатын зерттеп ғылыми еңбек жазған ғалым

М.І.Әбулов: “Көптеген басылымдарда Шортанбайды 1818 жылы туып, 1884 жылы қайтыс болған деп алынып жүр. Бұл жаңсақ пікір. Бізге мәлім тарихи мәлімет — Құнанбайдың Меккеге барған мерзімі. Ол 1874 жыл. Ал Жақсы Жанқұтты қажылыққа Құнанбайдан бұрын барған, сонда қайтыс болып жерленген. Оған Құнанбайдың дұға оқып есіне алғаны, басында отырып айтқан ұлағатты сөзі дәлел. Шортанбай ақынның Жанқұттының қолында қаза тапқандығын өзінің өлеңдерінен аңғарамыз. Олай болса, Жанқұтты да, Шортанбай да 1874 жылға дейін қайтыс болған. Енді, ел аузындағы әңгімелерге сүйене отырып топшылар болсақ, ақынды 1808-1871 жылдар аралығында өмір сүрген деп айтуымызға болады” деп батыл пікір айтыпты (Сонда, 255-бет).

Бәлкім, бұл пікірді ғалым Шортанбайдың жан тәсілімі алдында айтқан:

Қоя көр, Жәке, жастықты,

Алпыс үштен асырмай.

Өлім бір келіп асықты,- деген жыр шумағын негізге алған болар.

Жоғарыда айтылған пікірді біз де қолдаймыз. Оның себебі, осы екі ірі тұлға өмір кешкен өлкенің азаматы болуымен бірге Шортанбай мүрдесі біздің ата-бабамыздың ғұмырлық мекенінде, Нұра өзенінің “Ақсу” аталатын біздің балалық шағымыз өткен елді мекенінің жанында жатқандықтан, Шортекең басына өкемізбен барып талай рет дұға жасауымыз, кейінірек оның баспа бетін көрген шығармаларын іздеп оқуымызға себеп болды. Әлі де болса, Жақсы Жанқұтты шешен мен Шортанбай жыраудың ара-қатынасы, ел бірлігін сақтаудағы еңбектері талай зерттеулердің тақырыбына айналары сөзсіз. Келешек зертеушілер Жанқұтты би өмірін Құнанбай қажы арқылы, ал Шортанбай өмірін Жанқұтты шешен арқылы зерттесе көп деректерге кезігері даусыз. Өйткені, бұл үш тұлғаның өмір жолында көп байланыс болғаны ауыз екі әңгімелерде де, жазбаларда да кездесіп отыруы осы ойға жетелейді.

Құнанбайдың қазақ арасында ғана емес, сол кездегі жер аударылып келген батыстың жөне орыс саясатшыларының арасында зор беделі болды, досы Жанқұтты би арқылы Шортанбай жырларының баспа бетіне түсуіне ықпал етті деген пікірдің жаны бар екенін де айта кетейік.

Есімде қалған есті сөз

Ж. ЕСМАҒАМБЕТОВ,
еңбек ардагері, зейнеткер.

Өзі емес, өзгенің қамын ойлап, елі үшін егіліп, буыршын мұзға тайған күндерде, толарсақтан саз кешкен тұмарлы тұлғалар біздің халқымызда баршылық. Олардың әрқайсысының өзіндік орыны, тарихтан алған тұғыры бар. Бірі шешен болса, бірі көсем, бірі батыр, екіншісі балуан, келесі бірі ақын болып келеді. Тарих бетінде келбеті кестеленіп, есімі мен үлгі алатын ұлағатты сөздері ел есінде сақталған үлкен тұлға — Жақсы Жөкең. Қариялардың айтуы бойынша ол кісі айтқаны айнымай келетін дуалы ауыз, данышпан адам болыпты. Мейлі би болсын, мейлі сұлтан, төре болсын Жөкең отырған жерде сөз сөйлемейді екен. Сол Жақсы Жөкеңнің шарапаты біздің ата-бабаларымызға да тиіпті.

“Қилы-қилы заман болар, қарағай басын шортан шалар” демекші, ел басынан талай-талай аумалы-төкпелі кезеңдер өтті ғой. Қысымға шыдамай қалжыраған халықтың, ауыл-ауыл болып басқа өңірге үдере көшкен кезі де болған. Солардың бірі — сонау Батыстан қоныс аударып келген біздің ата-бабаларымыз еді. Өткен ғасырдың қырықыншы жылдарында руы - Алшын, оның ішінде Баян болатын Өтетілеу, Өтебай деген ағайынды аза маттар аздаған ағайын-туыстарымен Қарқаралы өңіріне келіп қоныстанады. Ол дуанбасы Құсбек төренің дүрілдеп тұрған кезі еді. Алғашқыда келісім бергенімен, артынан түлкі бұлаңға салған төре жер бергісі келмей, жігіттерге әр түрлі тапсырмаларын орындатып уақыт үтүн өн болады. Арада төрт-бес жыл өтеді. Он жылға жуық Қаратау бойын қыстаған Жанқұтты көктем келе Арқаға көш түзейді. Балқаштан өтіп Бектаутаға жақындаған тұста, дамылдаймыз деп үй тіктіреді. Елге хабаршы жіберуге қам жасайды. Жақын інілерінің бірін шақыртып алып:

- Сен Күнекеме бар, сәлем айт! Құс ұйқылы, қыран көзді сақ дадам ғой, менің келе жатқанымды естіген шығар. Елді ертетін де басшы, еліртетін де басшы, елірткенді көріп болдық қой, ер-тоқымын сайлай берсін, - депті. Көптен бері қасында бірге болып талай сыннан сүрінбей өткен Әлтеке Жаманқұл баласы Дүйсен-

байды, Қарқаралыға жұмсайды:

- Сен Құсбекке бар, сәлем де! Арман атқа жеткізеді, ат мұратқа жеткізеді. Мұрат - көсемге қонса шуақ, данаға қонса шырақ, биге қонса бұлақ. Ал ақымаққа қонса уақытша ғана тұрақ. Адамның түбі бір, елдің тегі бір. Адам Алланың кендесі, пенденің пендесі емес. Сөз білетін жігітсің, осымды орыңды тілмен жеткіз!

Дүйсенбай Құсбектің ауылына келсе елу шақты елдің иігі жақсылары биік төбенің басында дөңгелсене жайғасыпты.

Орталарында Құсбек төре мен Алшынбай.

- Ассалаумағалейкум! - деп дауыстап сәлем берген Дүйсенбайға Құсбек:

- Уағалейкум ассалам! Уа, иір қобыздың баласы, келдің бе? Оңаша емес, осы көптің алдында сөйле! Жәкем не деп сәлем айтты? - дейді. Сонда Дүйсенбай:

- Бұл барғаннан барарсың Қарқаралы дуанға, көпті көрсен бас қосқан, жақсы екен деп қуанба. Алқа-қотан отырар жиылған халық, ортасында екі адам отырады. Танымасаң бірінің бетінің бедері бар, екіншісінің басының үлгісі бар. Кесімі оңай болса да кескісі келмейтін басшы болады, шешімі жеңіл болса да, шешкісі келмейтін басшы болады. Адамды Аллаға кенде қылсын, пендеге пенде қылмасын деп Жәкем сәлем айтты, - депті. Келесі күні төре үкім шығарып Саржал, Шолақтүлкі, Жаманқойтас деген жерлерді бөліп беріп, Алшын ауылдарын орналастырады.

Құсбектен қаимығып, қорқып қалған көпшілік бекітіліп берілген жерді иемденуге бірден бата алмай Құнанбай шешенмен жиылып кеңес құрады. Ел тығырыққа тірелген шақта ортаға жүгіріп шыққан он үш жасар Есмағамбет бала:

- Жасы үлкен ағалар, асыл сөзді бағалар, бала екен деп қалмаңыз, бізде де бір шама бар. Ердің екі сөйлегені өлгені емес пе, мұсылманның екі сөйлегені иманының сөнгені емес пе, Құсбек төренің екі сөйлегені өзін тірідей көмгені емес пе? Өзіміз аз-ақ болғанымызбен қанымыз бір қазақ емеспіз бе? Жәкең атаның айтқан сөзі жөн-ді, төре амалсыз көнді. Омалып ойға кіріскенше, елдігімізді танытып тойға кірісейік! - деген екен.

Сөзіне риза болған көпшілік осыған бөтуаласып, үш жерге үш ауыл қоныстандырады. Алғашқы ауылға Өтетілеу баласы Сүлейменді, екінші ауылға Өтебай баласы Оспанды, үшінші ауылға Кәтібақ баласы Есмағамбетті басшы етіп тағайындайды. Арала жыл өткенде Құсбек төре орнынан түсіп, Құнанбай сайланады. Міне, Жақсы Жәкең жайлы бір әңгіме осындай.

Баба өсиеттері және бүгінгі ұрпақ

III. КӨКЕНТЕГІ, дербес зейнеткер.

Өткенге көз жіберсек, билер арасында ел тарихын жетік білетін зерделі зиялылар аз емес екен. Олар ел ішіндегі даулы мәселелерге төрелік айтқанда қара қылды қақ жарып, өділдікпен шешіп отырған. “Сенің кім екенінді білейін, досыңды айтшы” дегендей адамды өскен ортасы тәрбиелейді. Орталық Қазақстанды Сарыарқаның кіндігі десек, сонын күйкалы жері Нұраталды, Қарқаралы, Наршөккен, Қызылқайың, Беказы, Тоқырауын-Жәмші, Толағай, Тойатқаншұнақ т.б. өңірден кезінде Қаз дауысты Қазыбек бастаған нелер дүлдүлдер шыққан. Қараменде, Сеңкібай, Жарылғап, Жидебай, Шабанбай, Жалаңтөс, Сана би, Шортанбай, Ағыбай, Жақсы Жанқұтты сияқты ақындар мен батырларға, билер мен шешендерге ас беріп, ескерткіштер орнатып жатыр.

Кезінде Шабанбай биден бата алған Жанқұтты шешен жайлы Мөжһүр Жүсіп Көпейұлы: “Бұл Жанқұтты Мұса, Секербай заманында ауызға ілініп, көзге түскен, қазақ жақсыларының қасқамандайы болған.

Жанқұтты бабамыз қажылыққа барып, сол жақта қайтыс болған, басына Құнанбай барып көк тас орнаттырып, тасына “Арғын Сарым руы, Жанқұтты Ботантайұлы” - деп жаздырыпты деген дерек бар” дейді.

Жанқұтты бабамыздың өсиеттері кешегі, бүгінгі ұрпақ үшін ең жоғарғы үлгі боларлық сарқылмас қазына. Жанқұтты бабамыз жалғыз ғана Шуаш Ботантай ұрпақтары үшін ғана емес, бүкіл орта жүзге аты әйгілі Әділдік биі атанған ірі тұлға. Әсіресе, өтпелі қиын кезеңдерде жан-жағынан қаумалап келіп ақылдасатын көптің кеңес алатын билерінің бірі еді, бес атаның баласы бетінде ел билігін даналықпен жүргізген кемеңгер ретінде танылды.

Менін өз білуімше бабамызды алғаш рет зерттеп, өз өкесі Лиястан естіген, білгендерін жарыққа шығарған ел азаматы, қазір көпке танымал зерттеуші, филология ғылымдарының кандидаты Мұхамстқали Әбдуов. Бұл азамат 1981 жылы ең бірінші “Жұлдыз” журналына Жанқұтты мен Жаманқұл жайында мақала әзірлеп

жарыққа шығарды. Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, қаламгер, зерттеуші, ақын Балтабай Адамбаев та ел аузынан жинақтап, Әбдуов Мұхаметқалимен бірігіп “Мәдениет және тұрмыс” журналына Жанқұтты шешен жөнінде мақала дайындаған. Кейінде Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ақын Жеңіс Қашқыновтың 1995 жылғы 16 наурыздағы “Орталық Қазақстан” газетінде жарық көрген “Әулие билер” мақаласы өте тартымды шыққан. Бұл материалда Жақсы Жөкең жөнінде ұрпаққа үлгі боларлықтай жақсы-жақсы пікірлер келтірілген.

Күні кешеге дейін қызыл империяның айтқанына имандай иланып келдік. Билер тіпті елеусіз, ескерусіз қалды.

Солардың бірлі-жарым шешендік сөздерін, нақылдарын ел аузынан естіп білдік. 1967 жылы “Жазушы” баспасынан шыққан, Балтабай Адамбаев құрастырып, алғы сөзін жазған “Шешендік сөздер” қолымызға тигенінс қуанған едік. Өткенге зерделей көз жіберсек, билер ел үшін еңбек етіп, ұрпаққа үлгі етерлік сөз қалдырған зерделі даналар екен.

Кейінгі 5-10 жылда Жақсы Жөкеңді зерттеушілердің қатары көбейе түсті. Әдебиетшілер, Жөкеңнің ұрпақтары, жазушылар көптеген тың материалдарды жинақтап халыққа, ұрпақтарға тәрбиес-тәлім ретінде зерделі, ойлы мәселелерді ұсынуда. Олай болмаған күнде, енді бір екі ғасырға жақын уақытта Жақсы Жөкеңнің шешендігін, билігін, даналығын өділдігін кім білер еді!

Қазақтың бір туар азаматы Дінмұхаммед Ахметұлы Қонаев “Егемен Қазақстан” газетіндегі (26 шілде 1997 жыл) “Мәңгілік мектебі” деген М.Әуезовтің 100 жылдығына арнап шығарған мақаласында Жақсы Жөкемнің өз заманында қандай адам болғанын өте қарапайым тілде М.Әуезовтен естіген едім деп жазған. Ұрпақтарға үлгі боларлықтай даналық сөзін өзінің ұрпақтары Сәулебек Жүнісұлы, марқұм Тұтай Сағытайұлы, сондай-ақ жазушы Көмел Жүністегі жарыққа шығаруға ат салысқан еді.

Жөкемнің ұрпағының нағашы жұрты да текті жерден. Жанқұтты шешен отаршылдықтың салдарынан жерінен айырылған елді қоныстандырып орналастыруға үлкен еңбек сіңірген. Сол кезде өмір сүрген жергілікті ақын Жанбайдың Әбіші бидің өділдігін былай деп жырлаған екен:

Әуелі сыйынамын жалғыз хаққа,
Медет берсін құдайым тіл мен жаққа,
Ел ауып Қаратаудан келгенінде,
Құт болып Жөкем мінген алтын таққа.



Жаксы Жаксиниң ұрпағы Қарқажап Аманбекұлы

Жапониянын атыс урматы,
кадр Акеби "Н(У)А-Цика" Ор-
истинин директору
Мирям Балалиев.



Академик атыс урматы, Кыргыздын илим-техникалык
саясат жана өнүктүрүү, техника өнөр-үндүрүшүнүн өнөр-үндүрүшүнүн
илим Леван Рахимов.



Хонга Хонгага үргэлж Шилдгийн Хөндөгч.



Хонга Хонгага үргэлж Суралцаж Ингэсчээ.



Жаксы Жөкөннің ұрпағы, еліміздегі саятшылық өнерін
жандануына аярыкша үлес қосқан Тілеукабыл Есенбеков

Міне осы Әбіш ақынның ұрпағы, филология ғылымдарының докторы, профессор, Қарағанды Мемлекеттік Университетінің қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі Мәуен Хамзин бабамыздың асыл қазынасын кеңінен зерттеп, көпке танытуда еңбек сіңірген. 1991 жылы “Қазақ тілі” қоғамы Жезқазған облыстық ұйымы газетінің бетінде “Шашасына шаң жұқпас тарлан тұлпар” атты мақаласы жарық көрді.

Екінші бір ұрпағы марқұм Әбілдин Қалиасқар Жазушылар одағының мүшесі болған, әдебиеттегі ақын-жыраулардың туындыларын көп зерттеген азамат еді. Ол өзі ақылдылығымен, байсалдылығымен көп құрметіне бөленген болатын. Артына өшпейтін, өз ұрпағына үлгі боларлық мұра қалдырған. Оның көптеген өлеңдері, ой-толғаулары Жезқазған, Қарағанды облыстарының газеттерінің беттерінен жарық көрді. Осындай азаматтың өмірден ерте кеткені өкінішті-ақ.

Өйткені олардың өмірге деген, тарихқа деген берешегі көп еді. Тарихты зерттеушілер, ғалымдар, жазушылар, ақындар баршылық. Келешекте қазақтың тарихын, дәстүрін, қазақ ортасынан шыққан дүлдүлдерді өлі де зерттеп бүгінгі және келешек ұрпақтар үшін тағлымы мол мұраларды жарыққа шығара бермек.

Енді шежірелік мәліметтерге тоқталып көрелік. Ботантайдан Байқұтты, Жанқұтты, Аймағанбет деген ұрпақтар өмірге келген. Енді осы үш ұрпақтан тарағандардың біразы 1930-1937 жылдары, қуғын-сүргін, ашаршылық заманында қаза тапқан. “Артында бар оналар” деген қазақ мақалы тегін айтылмаған. Өздері жоқ болғанмен көздері бар демекші, өткен бабаларымыздың айтып кеткен өсиеттері, берген баталары қабыл болып, бабаларының атына кір келтірмей жақсы жағынан көрінген және көрініп жүрген ұрпақтарымыз аз емес.

Жақсы Жөкеңнің өзінің тікелей ұрпағы — Тәтибек, Сәтбек. Тәтибектен Сыздық, Шөкен, Аманбек, Әділ, Әшкендер тараған. Сәтбектен Сейітқали, Сейіткамал, Көкіш, Сейітбектер туған. Менің білетінім: Аманбектен Қарғажан, Өзбек, Шөкеннен Кәдірбек, Сейітқалидан Түсіп. Осы ағаларымыздан ұрпақтар бар.

Қарғажан, Өзбектер ертеден Алматыда, Шуда тұрады. 1948 жылы Алматыға жоғарғы оқу орнына барғанымда мені Жөкемнің үшінші ұрпағы Сейітқалидың Түсібі, Аманбектің Өзбегі Қарғажан ағамызға алып барды. Мен барған кезде Алматыдағы жоғарғы оқу орындарында емтихан басталып қалған екен. Мені Қарғажан, Түсіп ағаларым сол кездегі Қазақ ССР Ғылым Академия-

сының тұңғыш президенті Сәтбаев Қанышқа алып барды.

Қанышты алғаш көруім еді, қазақтың нағыз қасқа маңдайы екен. Қанекен Қарғажан ағайға қаран: “Мына бала мен мына кісі неге келді” деп сұрады. Қарғакен: “Қанеке, мына кісінің аты Түсіп, Жақсы Жәкеннің ұрпағы, ал анау отырған бала біздің ағамыздың баласы, осында оқуға келіпті” - деді. Қанекен маған қарап: “оқу барлық жерде басталып жатыр, қай институтқа оқығың келеді” - деп сұрады. Мен КазГУ-де оқысам дедім. Ол: “Жақсы Жәкеннің ұрпағының бір тармағы екен ғой, оқуың керек” - деді. Сол кезде қалтасынан шақшасын алып насыбай атып отыр еді, біздің ағай Түсіп Қанекен: “Маған да насыбайыңыздан атқызсаңыз” деп сұрап, насыбай атты. Қанекен Қарғакенге қарап: “Асылы бала, менің тілімді алсаңыздар, ауылдың баласы ғой, мал дәрігерлік-зоотехникалық институтқа түсіп оқысын, қазақтың ауылдағы маман жігіттері әскерге кетіп жоқ болды ғой. Солардың орнын осы балалар басу керек” - деді. Сонымен Жақсы Жәкеннің аруағы қолдап, Қанекен арқасында оқуға түстім. “Жақсы өке жаман балаға 100 жыл азық” деген сөз осыдан қалған болар. 1998 жылғы 9 қыркүйекте, Қаныш Сәтбаевтың туғанына 100 жылдық мерейтойы қарсаңында “Жақсының шарапаты ғұмырыма нұр құйды” деген тақырыптан Жезқазған қалалық “Сарыарқа” газетіне мақала дайындадым.

“Ғалымның хаты, жақсының аты өлмейді” дейді ғой халқымыз.

Қарғажан ағамыз нағыз бабасына тартқан ақылды, ойшыл деп әкем Көкен өз әкесінен естігенін айтып отырушы еді. Шындығында сондай адам болып өмірден өтті. Ертеде оқи алмай, 4 кластық білімімен 15 жыл Қазақстан Орталық Партия комитетінің Партия тарихы институтында кіші ғылыми қызметкер-аудармашы болып қызмет істеген. Институттың 50 жылдығына арналған кітанқа (Алматы, 1973 жыл) бұл кісінің қандай еңбектер жасап, қандай ұлағатты сөздер айтқаны жазылған.

Ағайдың баласы Ғазиз, Әзбектің баласы Серғазылар да әкелерінің айтып кеткен ақылдарын бұлжытпай орындап жүр. Ғазиз Алматы облыстық әкімшілігінде жауапты жұмыста. Серғазы Алматыда шағын қайырымдылық фирмасын құрып, тұрмыстары нашар кемтарларға үлкен көмек көрсетіп жүр.

Дінмұхаммед Қонасұтың Жақсы Жәкен жөнінде Мұхтар Әуезовтен естідім деген мақаласында (“Абай” журналы, 7-1993 ж.) Жәкен тұлғасына айрықша тоқталған, яғни Жанқұтты баба-

мыздың ел бірлігін сақтауда сіңірген еңбегі мемлекетіміздің, бүгінгі егемен, тәуелсіз еліміздің қазіргі саясатымен шебер ұштасады. Мұны айтып отырғаным, Қарғаскең ағамыз Мұхаңмен сыйлас болып өтті. Ағайдың үйінде Мұхтардың болғаны есімде.

Әрбір ата-ана артымда түтін түтетіп, атымызға кір келтірмей жүретін ұрпағымыз болса екен деп тілейді.

Осыған байланысты айтатыным, биыл 1999 жылы қараша айында 70 жасқа толамын. Жас кезімде өкемнен, өкемнің інісінен, ағалардан естіген, түйгенімді осы Жәкеме арналған кітапта жазғанымды дұрыс деп есептедім. 45 жыл партия, кеңес шаруашылық-мекемелерінде қызмет атқардым. Қазір дербес зейнеткермін.

Әкем Көкеннің інісі Рахым пайғамбар жасы 63-те дүниеден кайтты. Өз заманында, өз ортасында белгілі, беделді, атына сай рахымдылығы арқасында халыққа сыйлы болды. Қазіргі уақытта замандастары аз қалды, бары сол кісінің уақытысында қандай адам болғандығы жөнінде айтып отыратын. Бұл Рахаң өкеміз жетім-жесір, кемтарларға үлкен қамқорлық жасаған адам. Әсіресе соғыс жылдары Тоқсанбайдың Әубәкірі деген кісі екеуі халыққа қол ұштарын беріп қамқорлықты көп көрсетіпті. Осы уақытқа дейін замандастарының бүгінгі ұрпақтары бұл кісілерді естерінен шығарған емес. Қолында мүмкіндігі жоқ өмір сүру қиындығын басынан өткізген ауыл, аудан адамдары Рахаңа келіп тұратын. Сонда мен ауданда оқу оқимын, складта жұмыс істеймін. Маған: “Сен мынау адамға бір пұт астық өлшеп бер, мынау адамға 10 кг ұн бер, мынау адам текемет бастырып алсын, керек жүнін алып бер”, - деп отырушы еді. Мен айтқанын орындайтынмын. Кейде Рахаң үйіне өкем келіп: “Рахым, сен не істеп жүрсің, үкіметтің склады сенің жеке меншігің емес қой, неге ұнды, бидайды, жүнді таратып жатырсың”, - деуші еді.

Ол кісі өкейге: “Бөрінің есбi бар ғой, кемтарларға көмектескен дұрыс, одан үкіметтің қазаны ортаймайды алғыс баталарын аламын. “Батамен ер, жауынмен жер көгереді” деген. Ал маған ақыл айтып отырған өзің ше? Сіз де үкіметтің қойын таратып жатырсыз ғой, маған ол хабар жетіп тұрады”. Сонда өкей: “Колхоздың қойын өз қозысымен жабамын ғой “ - дейді. Екеуі осылай қалжыңдасып отырушы еді. Ал Тоқсанбайдың Әубәкірі болса, ол кісі сол кездегі аудандағы промкомбинатта (аяқ киім тігу, жамау пима басу) жұмысын істеген, кемтар жетім, жесірлерге тегін киім, тігіп беру, жамау-жасқау жұмыстарымен айналысатын еді. Бұл екі кісіге аудан тұрғындарының рахмет, алғысы

шексіз болатын.

Бір күні таңертең ауылдан әкем Көкен келіпті. “Мен Жанқұтты бұлағының басынан үй саламын, қандай көмегің болады”, - деді. “Менде болса сенікі ғой, үйінді бастап сала бер”, - деді. Содан сол бұлақтың басына екі жылда үй тұрғызды, сол жерде қайтыс болды. Осы бұлақтан аудан халқы қазірге дейін сусындап отыр. Әкейдің інісі Болжынбек соғыстан қайтпады, Кәдірбек ақылды, көпшіл адам болатын. Ақын еді, баласы Зекен қазір Қарағанды Политехникалық колледжін басқарады, техника ғылымының кандидаты. Кәдем көбінесе жолдастарына арнап қалжың аралас өлеңдерді жиі шығаратын. “Шет ауданы ақындарының антологиясы” кітабында осындай өлеңдері және Жақсы Жәкеме арнай шығарған толғауы бар. Шөкітай — ендігі қалған үлкені, халықшыл азамат, қазір құрметті демалыста, Қарағандыда тұрады.

Молдабек інісі дүниеден ерте кетті, көп жылдар ішкі істер орындарында жауапты қызметтер атқарған.

Нұра бойына кіндік қаны тамған, халқымыздың бір туар ұлдарының бірі, кейінгі ұрпақтарына мақтан етерлік ұлағатты шешендік сөздерін артына өшпес мұра етіп қалдырған Жанқұтты Ботантайұлының туғанына 190 жыл толып отыр. Осыған байланысты жақсы Жәкемнің мерейтойын бүкіл халық болып кеңінен атап өту — бүгінгі ұрпақтың алдындағы басты парыздардың бірі болмақ.

Қазақтың әдеби мұраларындағы би, шешендер бейнесі

Сағынш МҰХТАРОВА,
аспирант.

Ұлттық әдеби мұраларымыздың кешегі мен бүгінгісіне зер салсақ, сонау алпысыншы жылдардан бастап қазақ әдеби процесіне көптеген тарихи романдардың молынан келе бастағанын көруге болады. Бұл құбылыс, Н.Добролюбовтың пікіріне сүйенсек, “когда народное сознание обращается к воспоминанию своей прошедшей жизни”, сол уақытта тарихи роман туады. Сондықтан да болса керек, қазақ әдеби процесіне тарихи туындылардың көптеп келуі тек қана әдебиеттің кемелденуін, өсіп-өркендегенін ғана көрсететін көрсеткіш емес, сонымен бірге ұлттық сана мен ұлттық рухтың белгілі бір дәрежеде биік межеге самғағаны деп қабылдағанымыз абзал.

Соңғы жылдардағы әдеби процесті қарап отырсақ, негізінен, тарихи прозаның бас қаһармандары — ел билеген хандар мен сұлтандар, өділдіктің ақ туын арының тазалығы деп есептеген билер, бір басына қазіргі оркениетті елдердегі судьяның, депутаттың, педогог-психологтың сипаттарын жинаған шешендердің образын байқауға болады. Барша қазақ даласын айтпағанның өзінде, бір ғана Арқа жеріндегі шешендік өнердің, ән-күй өнерінің орны қаншалықты мағынаға ие екені көпке мәлім. Бір ескеретін мәселе: қазақ қаламгері өзі кескіндеп отырған батыр мен бағланның, хан мен сұлтанның бейнесін жасағанда міндетті түрде айыр көмей шешен мен қара қылды қақ жарған өділ бидің образын қоса сомдауға тырысады. Мұның өзі хан мен сұлтанның, ақ сүйек пен Бекзаданың ғұмыры мен дүниетанымында, ұлы Даланың тарихында би-шешеннің қаншалықты рөл атқарғанын көрсетсе керек.

XVIII ғасырдың тарихи оқиғалары ауқымында Әбілқайыр ханның қарама-қайшылық пен кереғарлыққа толы өмірін суреттеген тарихи романдар “Үркер” мен “Елең-алаңда” Әбіш Кекілбаев өз заманының сұңғыласы Мәті биді даралап көрсетуге тырысса, Қ.Исабаев сол кезеңдегі шытырман оқиғалар ішінен Шоң биді кескіндеп, оған осы аттас роман арнаған. І.Есенберлин өзінің

“Көшпенділер” трилогиясында Бұқар, Ақжол би, Қотан жырау, Нысанбайлардың жайына синкреттік өнер сипаттарын дарытуға талпынған. Бұлар әрі ақын, әрі жырау, әрі шешен, әрі би тұлғасында кескінделген. С.Жүнісов “Ақан сері” тарихи роман-дилогиясында Ақандай өнерлі жанның тұлғасын сомдау процесінде оны ел қамын ойлаған қайраткер, халқының ауыр жағдайын патша мұрагеріне жеткізе білген абыз бейнесінде бейнелеуге ұмтылыс жасайды. Соның нәтижесінде Қылышпай би немесе Ақанды біреудің қалыңдығын алып қашты деген желеумен артынан үкім айтқан билер тобы шығарма өзегінен орын алған.

З.Ақышевтің “Жаяу Мұса” романындағы Шөкен Құдайберген болыс, Қ.Жүмаділовтің “Дарабоз” романындағы билер тобы, Ғ.Мүсіреповтің “Ұлпан” романындағы Тілеуімбет т.б. билер, кезінде өз дәуірінің мақтанышы болып, бүгінгі күндерге де сол өре-деңгейімен жеткен. Шөкәрімнің “Қалқаман-Мамыр” дастанындағы Әнет баба бейнесі де осы айтылған ойларымызға дәлел.


Жақы Жөкең атанған Жанқұтты би — ел арасында өзінің өділ билігімен, шешендігімен, ел бірлігін ойлаған кемеңгерлігімен ғана емес, бәрінен бұрын, ғасырлар бойғы қазақтың қанына сіңген шешендік өнерді ХХ ғасырдың соңына дейін сары алтындай күйінде әдемі жеткізе білуімен де біз үшін үлкен мақтаныш.

Жалпы, Жөкендей біртуар перзенттің ғұмырына арналып жазылған азды-көпті туындылар, негізінен, газет-журналдар беттерінде көбірек жарияланып келді. Атақты тұлғаның қайталанбас тұлғасын сомдауға арналған шығармалар қатарына Ж.Алтайбаевтың “Ағыбай батыр”, К.Жүністегінің “Құба белдер” туындыларын жатқызуға болады. Әрине, қос автордың ешқайсы да бидің бейнесін жасауды арнайы мақсат тұтпаса да, оқиға желісіне сол кезеңдегі тарихи-қоғамдық, әлеуметтік оқиғаларды өз мөнінде ашу барысында Жанқұтты бейнесін ұтымды көрсете білген. Соның нәтижесінде бірліктің киелі тамшысы елдіктің телегей-теңіз мұхитына айналғай деп тілеген асыл затты ұлы бабаның рухы, шетсіз-шексіз сахараның, сайын даланың озіндей боп шығарма өзегіне тиімді түрде кірігіп кеткен.

Әрине, шағын мақалада күрделі кезеңде ғұмыр кешкен сұңқар қанатты, тұлпар тұрпатты Жөкеңнің, ол арқылы бүкіл ұлттық рух пен ұлттық болмысты бейнелеген әдеби, мәдени мұраларды түгелдей талдап шығу мүмкін емес. Біз соның тек басты-басты деген, ауқымды бағыттарына ғана тоқталуды мақсат тұттық.

III тарау

*ЖӘКЕҢ ЖАЙЛЫ
ЖАЗБАЛАР*



Бейбіт САПАРАЛЫ

Жанқұтты Ботағайұлы (1810-83) — белгілі шешен, би. Кезінде аға сұлтан Құнанбай, Алшынбай, Мұса секілді Қарқаралы дуанындағы танымал би, шешендермен үзеңгі қағыстырып, айтысып-тартысып өткен. От ауызды, орақ тілді Жанқұтты биді Абай қатты қадірлеген. Оның қара қылды қан жарған өңгімелерді тыңдап қана қоймай, Жанқұтты Құнанбай үйінде қонақ болғанда, Абай онымен кездескенде Жанқұтты сол кездесуде түрлі сұрақтар беріп, жас Абайды сынап көреді. Абай оның барлық сұрақ-жауабына жауап қайтарады. Оған дән риза болған бидің өтінішімен:

Сіз сұңқар самғай ұшқан қиядағы,

Талпынған мен балапан ұядағы.

Өрнекті өлең сөзбен жауап берсем,

Дүниенің жалғыз үміт тиянағы.

Көз көруі жетпейді қабағына,

Шам жарығы түспейді табағына.

Өз сабын болат пышақ өзі кеспес,

Мақлұқат тарытпай қоймас тамағына, - деп, табан астында өлең сөзбен өрнектеген жауабы да ел аузында сақталып қалған. Сонымен қатар, жасын деп жасқанып қалмай, Абай да биді сынамақ болып:

- Би аға, арзан не, қымбат не, даусыз не? - деп сұрайды.

Оған: “Шырағым, арзан — өтірік, қымбат — шындық, даусыз — көрілік емес пе? - деп жауап бере отырып, жанарыңның оты бар екен, ақындығың шығар, халқыңның қалаулы азаматы бол! - деген батасында да Жанқұтты бидің өз заманының тоқығаны көп. өрелі де зерделі адамы болғаны байқалады.

“Абай” энциклопедиясы,

“Атамұра” баспасы, 1995 ж. 240-бет.

Орта жүз тарихы

М.Ж. КӨПЕЕВ

Әлтеке-Сарымнан — Өтеміс, Тоқсан. Тоқсаннан — Жиенгелді, Мастан, Алдияр. Мастаннан — Қожағұл, Құлжан, Мамыр. Құлжаннан — Айдабол, Айдаболдан — Деріпсәлі, Маман, Шуаш. Шуаштан — Атантай, Ботантай, Абайла. Ботантайдан — Жанқұтты, бұл Жанқұтты Мұса, Секербай заманында ауызға ілініп, көзге түскен. Қазақ жақсыларының қасқа маңдайы болған кісі. Қазақ орысқа бағынған соң, екі түрлі закон болған. Бірі ескі закон, бірі жаңа закон. Бұл Жанқұтты жаңа законды көрген жоқ. Ескі законда хажыға барып, Мединеде қалыпты. Басына тас орнаттырып, тасына жаздырған: “Қазақ, арғын Жанқұтты Ботантайұғылы. Мекке мен Мединені көрмеген кісі анадан тумадым, жалған дүниенің жүзіне келмедім десе де болар”, - депті. Онан бұрын (хажыға барғанын айтады) әулиелерді зиярат қыла Алатау, Қаратауға барған. Үйсін Төле бидің басында отырып, билік айтып, төре берген төбесін көремін деп барғанда Алатау, Қаратаудың пәлені қалай, түгені қалай деп сұрағандарына айтқаны:

- Тобықты Құнанбай шынның басынан шыққан қайнар бұла, Қыпшақ Ыбырай қажымас қара болат, Мұса қабыршығы жоқ қолға тұрмас жылмағай қара балық. Шыңғыс төре мұсылманға суық, орысқа жуық. Бұл сөздерді ол Көктіңұлы Сапақтың бел баласы Иманберді датқаға сөйлеген. Тобықты Құнанбай, қыпшақ Ыбырай, төртуыл Мұса, осы үшеуі қазақ маңдайына неғып сыйып жүргеніне айран асырмын деген.

**М.Ж. Көпеев. “Қазақ шежіресі”,
Алматы, “Жалын” 1993 ж. 38-39 беттер.**

Шортанбайдың өмірі мен шығармалары

Қ. ЖҰМАЛИЕВ,
профессор

Шортанбай Қанайұлы 1818 жылы Оңтүстік Қазақстанның Түркістан ауданы, Қаратау деген жерінде дүниеге келген. Бірақ оның көп жүрген жері, сөздерінің де халық арасына мол таралып, ел аузында көбірек сақталған жері — Арқа. Тууын Оңтүстікте туса да ер жеткесін әлдене себептермен Сарыарқаға келіп, Арғын, Найман, Қуандық, Сүйіндік елдерін аралап, өлең-жырлар айтып, өмірінің ең соңғы кездеріне шейін сол жерде болып, Семейден қайтып келе жатып, ауырып, Семейден Қуандық еліне қараған жақта, түстік жерде тұратын Жанқұтты деген досының үйіне келіп, 1881 жылы қайтыс болады.

Шортанбай өзінің бір өлеңінде:

Жалғанның ебін тауып ем,
Қаратауда жүргенде,
Сарыарқаның наны үшін,
Шалқып жатқан мал үшін,
Арқаға таман ауып ем, - дейді.

Жалғыз осы сөзі емес, басқа мәліметтер де мұны растайды. Шортанбайдың айтысқан ақындары, қарым-қатынаста болған дос-жарандар, өлеңдерінде кездесетін кісі аттары - бәрі де Арқаның, Семей айналасының белгілі тарихи адамдары.

“XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ әдебиеті”,
“Мектеп” баспасы, Алматы, 1967, 158 бет.

Жанқұтты шешен

Б. АДАМБАЕВ,

ауыз әдебиетін зерттеуші, фольклоршы.

Есімдері мен сөздері тек ел есінде ғана қалған халық шешендері мен ақындары бар. Солардың бірі Орталық Қазақстанда өткен ғасырда өмір сүрген Жақсы Жанқұтты мен Жаманқұл шешен.

Ысты Бөлтірік шешен бір сөзінде:

Көпбай қажыға сәлем де — бір ат берсін,

Бір ат берсе үш жылғы құр ат берсін,

Жуандығы Көпбайдың өзіндей болсын,

Жорғалығы Жанқұттының сөзіндей болсын! - дейді.

Осында айтылғандай, Жанқұтты заманында атағы үш жүзге әйгілі шешен болған. Шешеннің арғы атасы — Сарым.

Өнер қайраткерінің жасында үлгі алған ұстазы — Сарым руының белгілі биі Шабанбай деген кісі.

Әкесінің айтуымен он жеті жасында алдына бата сұрай келген бала Жанқұттыға:

Шырағым, Жанқұтты балам,

Аллаға жағамын — десең, азаның болсын!

Адамға жағамын — десең қазаның болсын! - деп бата береді

Шабанбай.

Аңыз-әңгімелерге қарағанда Жанқұтты ауқатты адам болған, өзін жақсы-жайсаңмын дегендермен тең ұстай білген. Олай деуге бірнеше дәлел бар.

Бірінші. Жанқұтты бірде қыпшақ дуанбасы Ыбырайдың үйіне келеді. Ыбырай именетін немесе ерекше сыйлайтын кісісі болмаса, кез келген адамды өз үйіне кіргізбей, қонақ үйіне түсіреді екен. Дуанбасының қызметші жігіттерінің қонақ үйге жүріңіз - дегеніне көнбей, Жанқұтты Ыбырайдың өз үйіне кіреді. Ыбырай үйінде Шорманның Мұсасымен сөйлесіп, қисайып жатыр екен, қонаққа қолын бермей, аса таяғының ұшын ұсынады. Жанқұтты таяқты ұстамай, Мұсамен сәлемдесіп төрге шығып отырады.

Дуанбасы өлден уақытта жастықтан басын көтеріп:

- Мұсажан, мына басына бөстек киген шалың кім? - дейді.

- Мұсажан, басымызға елтірі бөрік кисек бөстек дейді. Ел

басқарсын деп пысық жігіттен ұлық қойсақ естек дейді. “Халық аузына қақпақ қойып болмайды” деген осы да, - дейді Жанқұтты. Мұсаның орнына өзі жауап беріп.

- Бағай-еке! (Жұрт солай атайды екен - Б.А.). Сіз сөзден ұтылдығыңыз, шешенге ат-шапан айып беріңіз. Бұл — Сарым Жақсы Жанқұтты деген кісі, - дейді Мұса, Ыбырай ештеңе атамайды.

Қыпшақ Қошқар батыр Қазаннан Есілге қашып келген Жақып, Насыр деген екі татар жігітті асырап алған еді. Қазанда мұсылманша оқыған Жақып Қошқар батырдың аулында бала оқытып, белгілі молда болады. Қошқар батыр бір жорықта қолға түскен қалмақ ханының қызын Жақыпқа өкеп сыйлайды. Сол тұтқын қыздан Есілбай, Еркебай, Жайықбай, Еділбай, Жаңабатыр, Жалпақ және Кенже есімді жеті ұл туады. Ақмолаға қырық жыл аға сұлтан болған Ыбырай — байдың баласы. Қыпшақ Қошқар батыр арғы атасын оқил бала ғып қолдан үйлендіргендіктен, жақсы тұқымы өздерін “қыпшақпыз” дейтін, ал еретіскен қазақтар арғы тегін есіне салып “естек” (татардың бір атасы) деп кемсітетін. Жанқұттының “естек” деуінің, Мұсаның “ұтылдығыңыз” деуінің мәнісі сол еді.

Екінші. Омбыда болған бір жиынға Ыбырай мен Мұса кешігіп келе қоймайды. Жұрт скеуін шақыруға Жанқұттыны жұмсайды.

- Жанке, жиындарыңыз әлі біткен жоқ па? - дейді Ыбырай шақыра келген Жанқұттыны жақтырмай.

- Бітуге жақын, енді бір-екі мәселе қалды, - дейді Жанқұтты.

- Қандай мәселелер қалды? - дейді Ыбырай мен Мұса жарыса.

- Аттың жарысы мен асықтың қаржасуы ғана қалды, - дейді Жанқұтты шешен скеуін де кекетіп.

Сонда Мұса Ыбырайға қарап:

- Әй, Баға-ай! Баяғыда бір билік айтып едім, елемедіңіз. Ақыры менің де арғы тегімді қаздырдыңыз-ау! Сіз бермеген айыпты мен ақ төлейін, - деп шешеннің астына ат мінгізіп, иығына шапан жауыпты.

Қазақ пен қалмақ жиі шабысып тұрған жаугершілікте ата-анасынан адасып қалған бір баланы тауып алған бес ағайынды жігіт балаға таласады.

- Балаларым, таласпаңдар, асыққа жүгініңдер! - дейді анасы. Ағалары асықтың төрт жағын: алшысын, төукесін, бүгесін, шігесін алып, кішісіне омпасы ғана қалады. Асықты ат үстінен қаржанды иіріп тастағанда омпасынан түседі. Сөйтіп, баланы кішісі іні ғып

алады, атын Қаржас қояды. Қаржас Мұсаның “арғы тегімді қаздырдыңыз-ау” дейтін сөзінің мөнiсi сол едi.

Үшiншi. Жанқұтты Құнанбаймен қатарлас, қадiрлес адам екен. Е кеуi бiр жылы “Меккеге бiрге барып қайтайық” деп уәделеседi. Уәделi уақыт жақындағанда Жанқұтты Құнанбайға кiсi жiбередi. Барған кiсi Құнанбайдың:

- Жанкеңе айта бар, ел арасында бiр даулы мәселе болып жатыр. Соны бiржақты қып аяқтау керек болып тұр. Меккеге келер жылдың жазында барайық, - деген сөлемiн айтып келедi.

Сонда Жанқұтты өзiнiң сол жылы өлетiнiн сезгендей:

- Келер жылға мен қарар едiм-ау, ажал қарамайды ғой, - деп Меккеге суыт жүрiп кетедi, сол сапарда қайтыс болады.

Жанқұттының туып-өскен жайлауы мен қыстауы — қазiргi Шет ауданына қарасты Аюлы тауының баурайы. Сол жердегi бiр суы мол бастау күнi бүгiнге дейiн “Жанқұтты бұлағы” деп аталады. Сыр бойында қыпшақ Досбол датқаның:

Жанқұттыға сәлем де, бiр ат берсiн,

Көңiлi түссе үш жылғы құр ат берсiн,

Семiздiгi өзiндей болсын,

Жүрiсi менiң сөзiмдсiй болсын,

Қыландығы хиуаның бөзiндей болсын, - дейтiн сөлемi, сiрә, сол уақытта айтылса керек.

Қаратау мен Сыр бойындағы қазақ ауылдарына жасаған қысым-қиянаттарына шыдамай, Жанқұтты Қазанның Бетлер бегiне қарсы келе бередi, алым-салықшы шабармандарымен де сыйыспайды. Сөйтiп өзiнiң ата-мекенi Сарыарқаға, Аюлыдағы қонысына көшiп келедi, Сарымға болыс та болады.

Мұнда да елдiң бiрлiгiн кетiрiп, берекесiн алатын дау-жанжалдарды, ашық-жабық бақастық пен бақ күндестiктердi көргенде қынжылып: “Қарағайға қарсы бұтақ бiткенше, еменге иiр бұтақ бiтсейшi, құсқа тұғыр болатын; бiр атадан алты жаман туғанша, алты атадан бiр жақсы тусайшы, елге тұлға болатын” деген нақылды жиi қайталайды екен дейдi көрi құлақты қариялар. Кезiнде ел арасында “Жақсы Жанқұтты айтқан екен” дейтiн ұлағатты әңгiмелер, үлгiлi сөздер көп болса керек, бiрақ олардың көбiсi бiзге жетпеген, жәдiгер қариялармен бiрге кеткен, ұмытылған.

“Қазақтың шешендiк өнерi”,

“Ғылым” баспасы, Алматы; 1984 ж. 110-114 беттер.

Шабанбай мен Жанқұтты билер

Ж. ҚАШҚЫНОВ,

ақын,

Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты.

Би шешендермен билікке түсіп, сөз жарыстырып өскен Жанқұтты да халық құрметіне ерте іліккен зиялылардың бірі. Сібір қазақтарының істері жөніндегі бастығы генерал Вишневскийдің 1846 ж. Ұлы жүз — албан, суан, шапырашты, жалайыр елдері мен Орта жүз руларының арасындағы ұрлық-қарлық, талау-тонаудан туған дау-жанжалдарды бітімге келтіру жөнінде өткізілген съезді туралы құжаттар Қазақ Республикасы Ұлттық мемлекеттік архивінде сақталған. Бүкіл Жетісу, Аягөз, Қарқаралы дуандарын қамтыған ұлы дүбірлі үлкен құрылтайға қатысқан рубасы, елбасылар ондағы қаралған мәселелерді бекіткен уәкіл куәлер ретінде өз мөр-таңбаларын басқан. 23 аға сұлтанның бірі Әлтеке-Сарым руынан Жанқұтты Ботантайұлы екен. Елдің еркіндікке ие болып, тәуелсіздікке қолының жетуін армандап сол жолда көмек көрсеткен де Жанқұтты. Ол (1810-1873 жж.) Жезқазған облысының Шет ауданындағы Аюлы тауының баурайында туған. Ел ішіндегі ақындар мен батырларды, хандар мен билерді, күйшілер мен өншілерді зерттеп жүрген Ақсу-Аюлыда тұратын жергілікті жазушы Кәмел Жүністегі “Жұлдыз” журналының 1991 жылғы үшінші санында жарық көрген “Кенесары жұртында” деген мақаласында жаңағы ойымызды растай түседі:

“Кенесары бастаған ұлт-азаттық қозғалысқа елдің болашағын ойлаған игі жақсылардың көбі қосылған. Солардың бірі — атақты Жанқұтты шешен. Жанқұтты Кене хан қазаға ұшыраған соң, келер жылы елге оралған. Жанқұттының Ағыбаймен, Шортанбаймен, Құнанбаймен аса дос болғанын ескерсек, бұл топтың ішкі арманынан көп сырды ұққандаймыз. Және бұл топтың патша үкіметінің ешуақытта сеніміне ие болмағанын түсінеміз. Бұған Құнанбайдың әлденеше рет тергеуге түсуі, Ағыбай аулына ұзақ уақыт жер бермей, сергелдеңге ілігуі, Шортанбайдың соңына сөзін аңдытып приставты салып қоюы куә”.

“Тура биде туған жоқ” дегендей Жанқұтты әділдікті жақта-

ған Құдайды қолпаштап, Алланы аялаған, Дінге сенген, соны ардақ тұтқан Шортанбай ақынды қасына алып, Ақсу-Аюлыдан мешіт салдырып, медресе аштырған. Балаларды діни сауаттандырған Шортанбай сияқты жыр сүлейінің жырларын сүйіп тыңдаған. Екесуінің достық қарым-қатынастары өле-өлгенше ажырамаған.

Бірде Жанқұтты шешен Құнанбайдың үйінде отырғанда оған Абай келіп сәлем береді. Ол кезде Абайдың жас, үйленбеген шағы екен. Абайдың тапқырлығын, өлең шығаратынын естіп жүрген шешен баланы қасына алып, оған бірнеше сұрақ қояды:

- Шырағым, дүние неге сүйенеді?

Абай:

- Дүние үмітке сүйенеді.

Жанқұтты:

- Көздің көрмесі бола ма?

Абай:

- Көз қабағын көрмейді.

Жанқұтты:

- Шам жарығының түспесе бола ма?

Абай:

- Шам жарығы түбіне түспейді.

Жанқұтты:

- Болат пышақтың кеспесі бола ма?

Абай:

- Болат пышақ өз сабын өзі кеспейді.

Жанқұтты:

- Тамағына тартпайтын мақлұқат бола ма?

Абай:

- Өз тамағына тартпайтын мақлұқат болмайды.

Абайдың жауабына риза болған шешен оған с лең түрінде жауап беруін сұрайды. Сонда Абай:

Сіз сұңқар самғап ұшқан қиядағы,

Талпынған мен балапан ұядағы.

Өрнекті өлең сөзбен жауап берсем,

Дүниенің жалғыз үміт тиянағы.

Көз көруі жетпейді қабағына,

Шам жарығы түспейді табанына.

Өз сабын өзі кеспес болат пышақ,

Мақлұқат тартпай қоймас тамағына,- депті.

Ет желініп, қымыз ішілгеннен кейін Абай:

- Ата, сізден сұрақ сұрауға бола ма? - дейді.
- Е, шырағым, сұрай ғой,- дейді Жанқұтты.
- Ата, арзан не, қымбат не, даусыз не? - депті Абай.
- Шырағым, арзан — өтірік, қымбат — шындық, даусыз - көрілік емес пе?! (Жанқұтты айтыпты).

Жанарың отты екен, ақындығың шығар, мандайың жазық екен, ойлылығың шығар, халқыңның қалаулы азаматы бол! - деп батасын беріпті.

Шабанбай би Жанқұттыға бата беріп, батасы қабыл болып “Жақсы Жанқұтты”, “Ақылшы ата” атанып, ел құрметіне бөленіп, ал жақсы Жанқұттының Абайға берген батасы да қабыл болып, Абай бүкіл халқының данышпан ұлы ақыны атануы ұстазынан шәкіртінің озғандығын көрсетсе керек.

**“Шабанбай би”, жинақ,
Жезқазған, 1995 ж, 12-14 беттер.**

Сөз қадірі

Қайырбек СӘДУАҚАСОВ

Қазір өдеби тілдің тегін іздеушілер көбейген сияқты. Өдеби тілдің негізі тереңде, халық тілінде, ғасырлар бойы түзілген, тұтас, тек қана кәсіби диалекті бар, алмастай жарқыған өдемі тілімізде жатыр. Өдемі тіл ғана — өдеби тіл. Сондықтан да ол сұлу тіл, толымды тіл, қазақтың қанына біткен шешендігіне лайық ырғақты, өуезді тіл. Әйгілі түрколог-ғалым В.В.Радловтың мына қорытындысының дәлдігіне қайран қаласың: “Өздерімен туыстас түркі тектес елдермен салыстырғанда, қырғыздар да, қазақтар да сөзге шешендігімен ерекше көзге түседі. Олардың шешендігіне, шындығында таң қаласың. Қазақтар сөйлегенде ешбір мүдірмей, іркілмей сөйлеп кетеді. Өлең шумақтарында ұшырайтын сөйлем түрлері жай сөздердің өзінде іркес-тіркес келіп жатады да, тыңдаушыға өлең төрізді әсер етеді. ...Сондықтан да қазақ халқы поэзияның дамуының жоғарғы сатысына жеткен”... “Ат сүрінгенше” ақыл тапқан қазақ, сөзді сөз бойын сергіткен қазақ сөздің асылдығын қасиеттей білген. Ұтымды сөзге ұтымды жауап беру оңай емес екендігін әрдайым есте ұстаған. Жалпы тіл жалпақ елге ортақ болғанымен, тіл дарыған адам ғана, ақпа-төкпе шешен ғана, көріпкел көсем ғана оны сөнімен, ойлы мөнімен, оңтайлы орнымен пайдалана алған. Сондықтан да Бұқар жыраудың:

Көш бастау қиын емес,
Қонатын жерде су бар.
Қол бастау қиын емес,
Шабатын жерде жау бар,
Шаршы топта сөз бастау қиын,

Шешімін адам таппас дау бар,- деп ескертуі тегіннен тегін емес. Бертінгі Мәжнұр Жүсіп Көпеев те “Иманды құл тілге шетін” дейді, онысы арлы адам артық сөзден аулақ жүреді дегені, Шортанбай одан да түптеп:

Атасы топқа кірмеген,

Сөзге салмас құлағын,- деп ынтаның өзін жартылысқа қарай бұйыратынын мезгейді. “Айтпаймын халық кеңес тындамаса” - деп өзін-өзі тежейді. Қазақтың қара өлеңі де

“Сөзіннің қадірі жоқ білмегенге” - деп асыл ойды текке қорқылмауға үндейді. Әйткенмен, әр заманда бүтін ел болып кемел ой, терең ақыл күтетін сын сағаттар болады. Сол мезгілде топ жарып, толғанша сөз айтып, тағлымды ой қосып, тосыннан жол тауып, тығырықтан шығынсыз шығаратын ділмар шешендерін күткен, оларға Отан тағдырын сеніп, орасан үміт артқан. Осындай тұтқиыл шешім қабылдау арқылы еру елдің намысын қорғайтын тұста көсемдік жауапкершіліктен бейтарапқа болмайтын, ауыздыға сөз бермейтін, қаусырма жақ, қызыл тілге келгенде алдына жан салмайтын шешен-билер ортаға шыққан.

Осы жерде би ұғымына сәйкес түсініктемелерге жүгінген жөн. Біздің пайымдауымызша, қадым заманнан қазақта “би” бір тайпа елдің ішкі-сыртқы саясатын ұстап, шаршы топқа шығып отырған. Шешендік сөздерді жинақтауда біраз еңбек сіңіргендер - деп Ы.Алтынсарин, А. Васильев, Ә. Диваев, М.Ж. Көпеевтің есімдерін атау парыз.

XX ғасырда шешендікті, ол қастерлі өнердің асыл арқауы шешендік сөздерді алғаш жүйелі зерттеген С.Сейфуллин мен М.Әуезов. Осы тұста С.Сейфуллиннің бір ойына назар аудармай кетуге болмас: “Кейбір би-шешен айтты-ау деген сөздер одан бұрынғы заманда басқа ділмардың аузынан шығуы мүмкін, үнделіп, түрленіп айтылуы мүмкін. Сондықтан сөзге үлкен ыждаһалылықпен қарау қажет” - деп ескертеді. Қоғамдық өмірін өзінің қисынды тұжырымымен, шешімді уәжімен, басқару тәжірбиесімен реттеп отыратын беделді ру басы немесе ел басы. Телі мен тентегін тезге салу да, теңдесіне төпкір айту да шын шешен, сөзі өтімді, беделі берік адамның ғана қолынан келмек. “Елдестіргемек — елшіден, жауластырмақ — жаушыдан” дегенде, қажет кезінде билер ру аралық жүз аралық, ел аралық мәселелерді шешуде мәмілегер, елші қызметін де атқарған. Аталар басын иемеген жерге тізесін бүкпеуді мақсұт еткен қайраткер болған. Сондықтан да, біздің түсінігімізше, олардың арасынан оқшауланып шыққан санаттағы шешен, асқан ділмар азамат қана би бола алады.

Ал енді М.П.Вяткиннің 1985 жылғы Қазмембаспасынан шыққан “Сырым батыр” деген көлемді зерттеу еңбегінде: “Ең алдымен атап көрсететініміз, 187/қ қазақ арасынан шыққан документтерінің қандайында болса да “би” деген термин рулық ұғым ретінде емес “тархан”, мырза деген терминдер сияқты түрлік ұғым ретінде ауызға алынады” - делінген. Осы ойды П.П.Палласта, И.Г.Георгиев де қоштайды. Алғашқысы былай деп жазады:

"Өзінің қарауында бағынышты адамдарының саны көптер хан және сұлтан деп аталады. Сол сияқты бұларға бағынышты тағы бір шендер бар, атап айтқанда "би" деп аталатын "дворяндар". Оның үстіне П.П.Паллас билерді "ақ сүйектер" қатарына жатқызады. Сол сияқты П.И. Рычков та: "Би дегеніміз — кішігірім князь, бұл атақ азиялық халықтарда дворяндар қатарлас таңдаулы, текті адамдарға беріледі" деп жазады. Ал Тимковский Қытай деректеріне сүйеніп "Қазақтарда ру басшысын би (князь) деп атайды", - дей келіп, би атағы көбіне мирасқорлық жолмен де беріліп отырған деген тұжырым жасайды. Ал "Дала уалаяты" газетінің 1888 жылғы 55-ші санында Д.Сұлтангазиннің "Бұрынғы замандағы қазақтардың билік қылуы" деген мақаласы басылған. Онда: "Бұрынғы уақытта биді сайламай, білімді ақсақалдар болып, көбінесе тұқымына кетеді екен... Солар көп уақыт билік қылып әбден ысылып, халық арасында бір атақты би аталып, ешкім қарсы тұрмайтын болып, өз ойлағандарымен әділеттіктен іс кеседі екен, һәм солардың бітірген жұмысын өуелі хандар да арқашан бұзбайды екен, солардың біліміне әбден сеніп, жұмысына кіріспей һәм қылған биліктерін бұзбайды екен. ...Бұл халық сондай билерді мейлінше ұлық тұтып, бір түрлі кісі деп құрметтеп тұрады екен. Сондай билер турасында қазақтың мақалы да бар, батыр мен биді салыстырғанда, биді қатты артық көретінін білдіретін. Сол мақал мынау: "Батыр деген бір барақ ат - екі қатынның бір табатын, би деген ақсарағат — бүтін елде біреу ғана табатын", - деп жазылған.

Шоқан Уәлихановтың пікірінше би атағын алу үшін екі шарт орындалу керек: біріншіден, халықтың салт-дәстүрін жетік білу керек те, екіншіден, ерекше шешендік қабілеті болу керек. Бұл ойды Абай да айтқан: би болу екінің бірінің қолынан келе бермейді, ол үшін "Қасым ханның қасқа жолын", "Есім ханның ескі жолын", "Әз Тәуке ханның жеті жарғысын" терең білуі керек және ескірген заңдарды заманға лайық өзі жетілдіре алатын адам ғана би бола алмақ. Бұл екі ғұламаның да ортақ пікірі: би деген төрелер мен қажылар сияқты атадан балаға мирасқорлықпен жалғаса бермейді, әр рудан, елден өзінің дара ойшыл, легдарлық, біліктілік, шешендігімен көрінген жеке қасиеттерімен оқшауланған, беделімен елді аузына қаратқан адамдардан сараланады.

Теңіздің дәмі тамшысынан белгілі. Шабекеннің мағынасы жағынан, тереңдігі жағынан, тағлымы жағынан ешқашан өшпес кенеулі сөзі — Ботантайдың Жанқұттысына берген батасы. Бұл

шындығында үлгісі биік бата. Аз сөзге соншалықты бүкіл адамзаттық, жаратылыстық мағынасы бар тілек-тілеуді сыйғызу, дәннаның атымен сленіп, көсемнің жүрегімен тербеліп, ділмардың тілімен әрленіп, арқалы аңыздан құлықты тыңдаушыға жеткізу шешендіктің хас шеберінің ғана қолынан келмек.

Осы тұста қазақтың “Батаменен ер көгерер, жаңбырменен жер көгерер” деп, жақсының шарапаты тисін, ішкі төубөмізді естен шығармай, рухымыз биіктесін деп бата-тілекке қатты мән бергендігін айту орынды. Бұл — қазақ фольклорының өз алдына бай жанрларының бірі. Оларды жинау, зерттеу, жүйелеу өткен жылдарда-ақ басталған. Бірақ, біздің білуімізше, ең алғашқы жинақ 1905 жылы Орынборда басылып шыққан “Баталар — благие пожелания” деген шағын кітапша. Осы кітапшаны 1992 жылы Қазақстан Республикасы мемлекеттік кітап Қазынасы әйгілі романист Софы Смағайтың бастамасымен, “Жезқазған түсті металл” акционерлік қоғамының демеушілігімен қайта басып шығарғаны қуантарлық жаңалық болды.

Одан кейінгі жылдары бата-тілектер үлгілері Балтабай Адамбаевтың “Шешендік сөздер”, “Тозған қазды топталған қарға жейді”, “Ел аузынан” жинақтарында, Тұрсынбек Көкішев құрастырған “Билер сөзі”, І.Есхожин құрастырған топтамаларында келтірілген. Бір төуірі кейінгі үш топтамада Шабекеннің Жәкеңе берген батасының толық варианты басылған. Осыған байланысты, мыңда бір рахмет айта отырып, бірер пікірді ортаға салуды міндетіміз деп санаймыз. Бұл вариантың екі жеріне түзету енгізу қажет деп есептейміз. Ондай түйінге батылымыз барып отырғаны, Шабанбай бидің сөздерін бұрмаланбай тұрғанда көкіректеріне ұялатқан көне көз қариялардың өз аузынан естіп үлгергеніміз. Ең алдымен бірінші жол “Аллаға жағам десен — азанды бол”. Мұнда “Аллаға” емес “Аллаға” болу керек. Өйткені жаратушы бір адамға ғана емес баршамызға ортақ, құдай тағала. Екіншіден, бесінші жол “Жердей берік бол” емес, “Жердей көтерімді бол” болу керек. Сонда бұл батаның біздің, Шабекеннің ұрпақтарының жастайымыздан құлағымызға әбден сіңіп, көңілімізге ұялаған варианты шығады:

Аллаға жағам десен — азанды бол,
Ағайынға жағам десен — қазанды бол,
Халқыма жағам десен — әділ бол,
Судай таза бол,
Жердей көтерімді бол,

Өмірің ұзақ болсын,
Аймағың суат болсын,
Сөзің халқына қуат болсын!

Келешектегі басылымдарда осы нұсқа сақталса деген тілек-теміз. Осыған қосар және бір базынамыз бар. Әрине әр уақытта салыстыру, жарыстыру абырай әпермейтін әбестік болар еді. Әйте-кенмен, әділдік үшін кейінгі шығатын жинақтар тақырыбында тек “Жанқұтты шешен” делінбей, екеуін қатар: “Шабанбай би және Жанқұтты шешен” десе құба-құп болар еді. Өйткені бата деген тілек айтушы мен бата алушының бірінсіз бірі болмайды. Екіншіден, ұстазы, жасы үлкені, бата берушінің есімі алдында тұруы тиіс.

**“Шабанбай би”, жинақ.
Жезқазған, 1995, 22-26 беттер.**

Заманының дарабоз өр тұлғасы

*Мәуен ХАМЗИН,
филология ғылымдарының докторы,
доцент.*

Империялық өктемдік үстем болып, қасаң саясат өз дегенін істеп тұрған заманда ұлттық болмыс-бітімі, кескін-келбеті ғана емес, бүкіл қоғамдық сана деңгейі, ой өрісі көрінетін тарихи тұлғалар ғұмыр кешкен дәуір көзден таса, көңілден ұмыт болғанын айта кеткеннің бүгінгі таңда ешқандай дау тудырмасы ақиқат.

Шоқтығы биік, өрі шешен, өрі би болған тарихи тұлғаларды бүгінде зеректікпен зерделеп, ойлы көзбен ақыл таразасынан өткізер болсақ, олардың ғұмыр кешкен қоғамдық-әлеуметтік ортасына, заманы, дәуір кескініне назар салуымыз қажет, бұл орайда, өрине, тарих анаға жүгінеміз. Ал оларды тек сөз қадірін түсінген, сөз күдіретін қастерлеген деп қана бағаласақ, үлкен ағаттыққа жол бергеніміз. Себебі, олар — өздері өмір сүрген қоғамның, онда да ғасырлар бойы өзіндік салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, ұлттық мәдениеті мен өнері қалыптасқан қазақ мемлекетінің, дарабоз өр тұлғалары, сол қоғамның перзенті, адам жанының нәзік иірімдерін сұңғылалықпен сезе білетін психологы, тәрбие-тағлым бере білетін ұстаз педагогы, заман жайын бағамдай білетін ойшыл филолософы, ел мен елші, ру мен руды берекесі-бірлікке шақыратын мәмілегер елшісі, ханына ұтымды ақыл-нұсқау беретін мемлекеттік деңгейдегі кеңесшісі...

Ендеше, мерейтойы тойланғалы отырған Шабанбай бидің тарихтағы орнын анықтау барысында мәселеге осы тұрғыдан келгеніміз абзал. Әйтпесе ғасырлар үрдісі мен уақыт проблемасындағы іштегі сабақтастықты үзіп аламыз. Сабақтастық дегеннен шығады, өрі қайраткерлік, өрі тарихилық, өрі идеологиялық желі, қарап отырсақ сонау Ақжол биден бастап, бертініректегі жеті баба — Қаз дауысты Қазыбек, Сана би, Сеңкібай би, Қараменде, Жидебай, Жарылғап, Шабанбай, Жанқұтты болып жалғаса береді екен. ал бұның өзі пайымдай білген жанға қазақ жеріндегі, өсіресе. Арқа жеріндегі сонау бағзы заманнан келе жатқан ерекше бір дәстүрді, айрықша бір үрдісті көрсетсе керек.

Шабекен өмір сүрген дәуір, ақын сөзімен айтқанда:

“Еділді келіп алғаны,

Етекке қолды салғаны.

Жайықты келіп алғаны,

Жағаға қолды салғаны.

Ойылды келіп алғаны,

Ойдағысы болғаны”,- деген заман туа қоймаған-

мен, дәл сол зұлмат күндердің, отарлық дәуірдің тақап келе жатқан қарсаңы еді. Міне, өз замандастарынан мойыны озық туған сұңғыла Шабекен асқан көрегендікпен ел-жұртын береке-бірлікке, ынтымаққа шақырды.

Дүниеге келгеніне, шамамен, екі жарым ғасыр өтсе де осынау ұлы тұлғаның жұрт көңілінде өулие саналатыны, күні бүгінге дейін өресі биік болып, көңілден көмескіленбей керісінше жаңара, жаңғыра түсуінің басты себебі осында жатса керек.

Шабекеннің өмір сүрген кезеңі — Абылай және оның балалары, әсіресе аузы алты қарыс Қасым төренің қазақ жеріне билік жүргізген кезеңі. Бұқар жыраудың сөзімен айтсақ, арыстандай ақбатты, жолбарыстай жүректі ұрпақтың заманы еді ғой. Бұқар бабаның Абылай түсін жорыпты деген аңыз-әңгімеге қарасақ, Кенесары хан тұсы — кокжал қасқырдай осы заман тұсы.

Міне, Шабекен билік құрып алты Алашқа мөлім болған тұс, жоғарыда көрсеткеніміздей, қазақтың аса өйгілі ханы Абылай мен оның атақты баласы Қасым төренің тұсына, солардың сайын далада сан жортып, елінің тәуелсіздігі үшін күрескен кезеңімен тұспа-тұс келеді.

Абылай хан заманында билік құрғандар мен алты Алашқа ие болған өйгілі жырауларының, көмекей тілді өулиелерінің Шабекен соңғы шегіне жатады. Өйткені, бидің шамамен туған жылы мен дүниеден өткен жылы осы ойымыздың дәлелі болса керек. Шабанбай би Бұқар дүниеден өткенде отыз жасқа тола қоймаған, нағыз қылшылдаған жаста болды. Сол бір аласапырандау кезеңнің аса белгілі адамдары қатарына Көтеш ақынды, Шал ақынды, Жамақ ақынды, т.б. жатқызуымыз керек.

Ал олар өмір сүрген кезең — қазақ жерінің береке-бірлігінен, тәуелсіздігі мен бостандығынан айрыла қоймаған кезі, өйткенімен, небір қауіпті дәуірдің туып келе жатқаны баршаға аян еді.

Сондықтан да Шабанбай бидің, яғни Қаракесек ішіндегі Сарым елінің биі, өйгілі шешен, батагөй тұлғасын мемлекетінің тәуелсіздігі үшін күрескен, күні кешегі ұшы-қиыры жоқ, асты

да, үсті де қазына даласы бар, Евразияның апайтөс даласын көктей өтіп, еркін көшіп жүрген, кешегі заманда ұлы Қытай қорғанының салынуына себепкер болған, досына адал, ақ көңіл, дұшпанына алмас қылыштай өткір келетін батыр жұрттың өздері туғызып, қалыптастырған қоғамдық өмірінің қаймағы бұзылмай, саятанат құруына бірден-бір тілектес болған, тілектес қана болып қоймай, сол қоғам үшін бүкіл ғұмырын арнаған аса ірі қоғам қайраткері еді дегеніміз әлдеқайда ұтымды.

Өзі өмір сүрген заманда бірімен үзенгілес, бірімен замандас, бірінен шамалы жас алшақтығы бола тұрса да, иісі қазақ сахарасын айтпай-ақ қояйық, бір ғана Арқа жеріндегі әрі батыр, әрі шешен Жидебай, әйгілі қолбасшы Жарылғап, Сана би, Қараменде, т.б. ұлағатты сөзі, өнегелі өмірі Шабанбай би өмір сүрген дәуірдің даналық мектебі болды. Гүл өскен жерге гүл, тікенек өскен жерге тікенек өсер дегендей, Шабскен қалыптастырған XVIII ғасырдың екінші жартысы мен XIX ғасырдың басындағы осынау ұлағатты мектеп, көп ұзамай-ақ өз жемісін бере бастады. Соның жарқын дәлелі Шабакеннің сұңғылалықпен жазбай танып, оттылығына, ойлылығына ойлана қарап, Әлтеке-Сарымның өткен ғасырдағы ірі биі, биік тұлғалы қайраткері Жанқұттыға бата беруі.

Жанқұтты заманы Құнанбайдың билік құрып, атқа мінген кезі. Сол Құнанбайдың, мойыны өзге жаннан озық туған Құнанбайдың Қарқаралы дуанына аға сұлтан болып сайлануына атсалысқан да, баласы Абайға бата беріп, ақ жол тілеген де осы Жанқұтты би. Құнанбай, Шорманның Мұсасы, Уәлінің Шыңғысы. Байсейіт, Ақжолтай Ағыбай батыр, Кенесары, Наурызбай, Алшынбай — бұлар Жақсы Жөкең атанған Жанқұттының тұсында қалыптасқан орта. Ал байыптай қарасақ, өзінен бұрынғылардан даналық мектебінің эстафетасын қабылдап алып, өз дәуірінде сондай мектептің қалыптасуына игі әсер еткен осы Шабекен екен.

Өмір-өзен деп жатамыз, бүгінгі тәуелсіздігімізге тәубе деп жатамыз, ендеше оның өзі қарап отырсақ, сансыз су, бұлақ, жылғаның өзенге құйғанымен, ал өзеннің қолге, мұхитқа құйғанымен бірдей екен.

Міне, сондықтан да Шабанбай би туралы қысқаша тұжырым жасап, ой-толғауға берілсек, бүгінгі күн тұрғысынан кешегі дәуірімізге шолу жасағанда, бүгінгі ұрпақтың мәңгі бақи қарыздары да, осы Шабекен сияқты тұлғалар болса керек.

“Шабанбай би”, жинақ, Жезқазған, 1995 ж. 16-17 бет.

Жақсы Жанқұтты

*Сәулебек ЖҮНІСҰЛЫ,
халық ағарту ісінің үздігі.*

Елдің елдігін сақтауға, халықтың ел қатарына қосылуына бар өмірін арнаған қайраткер, ойшыл адамдарымызды таныстыруға облыстық “Сарыарқа” газетінің көңіл бөле бастаған қадамын күлпай отырып, Шет өңірінде өмір сүрген ірі тұлғалардың бірі — Жанқұтты биді оқырман қауымға таныстыруды жөн көрдім.

Жанқұтты өткен ғасырда қасиетті Нұра бойының топырағында, Аюлы тауының баурайында туған. Ол орта жүзге қадірменді болған өткір тілді шешен, ел бірлігін өділеттік арқылы сақтап, құрметке бөленген, қара қылды қақ жарып, билік айтқан Жақсы Жөкеннің өмір жолы, шешендік сөздері кезінде зерттеліп, толықтай қағаз бетіне түспеген. Жанқұтты туралы жазба дерек профессор Қ.Жұмалиевтің “XVIII-XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті” деген еңбегінде кездеседі. Жанқұтты туралы деректер зерттеуші, ғалым Б.Адамбаевтың “От ауызды, орақ тілді” атты XIX-XX ғасырдағы тарихи аңыздарды зерттеу еңбегінде және облыстық “Жезқазған туы” (“Сарыарқа”) газетінде “Жақсы Жанқұтты және Жаманқұл шешен” (1981 ж.) деген тақырыппен жарияланған мақаласында да бар. Өз ауданымыздың тарихын зерттеп, қағаз бетіне түсіріп, шығармаларына негізгі өзек етіп жүрген жазушы К.Жүністегінің “Құба белдер” романында да әйгілі шешен туралы бірқатар деректер кездеседі.

Жақсы Жөкеннің ел ішінде қаншалықты беделді, ірі тұлға болғанына жазушы-журналист Жүсіп Алтайбаевтың “Ер Ағыбай” туындысын оқып отырғанда көзіміз анық жеткендей болады. Шығармада қазіргі “Шет” совхозының жеріндегі Қармыс бойында өткен әйгілі Есбай асына жиналған қаракесек, қуандық, тобықты елінің игі жақсыларының бас қосуында Жақсы Жанқұттының үш жүзге белгілі үлкен тұлға екендігі шынайы суреттелген. Туындыдан үзінді келтірейік: “Сарысу өзенінің бойы құмырсқаның илеуіндей қаракұрым. Ата ұлдарына деп тігілген екі қатар киіз үйлер тізбегінің ана шеті мен мына шеті атшаптырым. Мұнда бүгін кімдер жоқ! Төре де, би болыс та, бай да, кедей де — бәрі

осында!

Үй толы кісі. Ішіндегі ақсақалдары: Көпбай мен Жанқұтты екен. Ағыбай бәрімен амандасып болған соң, Жөкеннің жанына келіп отырды. Әшейінде жай сөздің өзін мәтелдеп, түйдектеп тоғыта сөйлейтін Жанқұтты: “Аспанда не көп, жұлдыз көп, бәрі бірдей жарық емес” деп іттипат көрсетіп, Ағыбайды жарық жұлдызға теңеді.

Досбол датқа хат жазып, “Жүрісі Жанқұттының сөзіндей болсын” дейтін Жанқұттыңыз — осы Жанқұтты”.

Жанқұтты патша үкіметінің отарлық саясатын әшкерелеуде, қалың жұрттың ащы зарын, уайым-өкінішін халыққа жеткізуде XIX ғасырдағы қазақ поэзиясының ең көрнекті өкілінің бірі болған Шортанбай Қанайұлымен дос еді. Мұны Шортанбай ақынның өлер алдындағы “Жаралған Жөкем едің асыл зат ғып, Өзгеден бір кісі едің ақылы артық” деп келетін толғауынан айқын байқаймыз.

Жақсы Жөкең халықты бірлікке, имандылыққа тәрбиелеудің жолын қарастырып, Қарқаралыда Құнанбай салдырды дейтін мешіттің салынуына үлкен қызмет жасайды. Нұра өзенінің бір тармағы Қойкөл бойына мешіт салдырған жөне өзі қажылыққа Меккеге барған адам.

Жанқұттының шешендік сөздері, ел басқарудағы тындырған еңбегі қағаз бетінде болмағандықтан көмескіленіп, үзік-үзік күйінде ел аузында ғана айтылып, ұрпақтан-ұрпаққа жетіп келеді. Сондай бір өңгіме Жанқұтты мен Абай жайында екен. Кезінде Жанқұтты би Құнанбаймен дос-жар болып кездесіп, ел мен жер мәселесін бірігіп шешіп отырған.

Осындай бір кездесуде Құнанбайдың үйінде отырған Жанқұттыға сәлем бере келген жас Абай одан:

- Ата, арзан не? Қымбат не? Дауасыз не? - деп сұрапты.

- Шырағым, арзан — өтірік, қымбат — шындық, дауасыз — көрлік емес пе? Жанарыңның оты бар екен, ол ақындығың шығар, маңдайың жазық екен, ол ойлылығың шығар. Халқыңның қалаулы азаматы бол, - деп Жанқұтты жас Абайға ақ батасын берген екен.

Сонан кейінгі бір дерек Ағыбай батырға байланысты. Қазақ халқының тәуелсіздігі үшін күрескен Кенесары хан өлтірілгеннен кейін оның бас қолбасшысы болған Ағыбайды соттамақ болып, Омбы генерал-губернаторы ру басы Қыпшақ Ыбырайды Ағыбай еліне жұмсамақ керек.

Ағыбай Ыбырай алдына бара жатып Көрсен баласы Көпбайды. Әлтеке-Сарым билеушісі Жанқұттыны қасына алдырыпты.

Ыбырайдың отырған үйіне бірінші Көпбай кіріп, сәлем береді. Оған таяғының ұшын ұсынған төкаппар Ыбырай:

- Сен Көпбаймысың, Көпбай болсаң, былай қарай отыр,- деп шетке отырғызады.

Екінші Ағыбай кіріп сәлемдесе:

-Е. сен көсемісің, көсеумісің, елді қырған есермісің, патша ағзамға қарсы шыққан елден шыққан безермісің,- деп оған да Көпбай отырған тұсты меңзейді.

Сыртта осының бәрін есітіп тұрған Жанқұтты ішке кіре салысымен сәлемдесе беріп:

Су жығылса — жарға сүйенеді,

Жар жығылса — суға сүйенеді,

Мен жығылсам — бес атаға сүйенемін,

Сен жығылсаң, бес үй қыпшақ, кімге сүйенесің?

Өзі үшін істесе ақтама,

Бес күндік қызметке мақтанба,

Ел үшін туған ерді дақтама,

Тарт қолыңды, тарат тобыңды, - деп Қыпшақ Ыбырайдың ұсынған таяғын қағып жіберіпті. Сөзден тосылып, халықтың қаһарынан қоймыққан Ыбырай Ағыбайды жазалай алмай Омбыға қайтқан екен.

Бұл тарихи оқиғаны бұрын бізге ұзақ жыл қаржы бөлімінде жауапты қызмет атқарған, ел ағасы Рысқұл Жонкин осылай әңгімелеген еді.

Ел аузында Жақсы Жөкеңнің Шабанбай бимен арасындағы және Құнанбай, Алшынбай, Мұса үшеуі бірігіп, ел ішіндегі жер дауын шешудегі шешендік сөздері, сонымен бірге қартайған шағында айтқан ұлағатты сөздері сақталған.

Жөкең туралы деректерді қорыта келе, оның кезінде Құнанбаймен, Шортанбай, Ағыбаймен дәмдес, дос-жаран болғанын және кезінде аузы алты қарыс шонжарлар Құсбек пен Алшынбай, Ыбырай мен Шорманның Мұсасымен терезесі тең болғанын байқауымыз.

Жоғарыдағы деректерді жіті оқып, зерделеп жүрген бізге Жөкеңнің осы уақытқа дейін тарихтан өз орнын ала алмай, қалың қазақ еліне жасаған еңбегінің ескерілмей жүргендігі батады.

Біз айтулы адамдарымызды тану, құрметтеу арқылы елімізді, жерімізді танытамыз және ауылымыздың, облысымыздың мерейін,

беделін өсіреміз. Құрметтеу о дүниелік адамға емес, ол келер ұрпаққа тағылым-өнеге. Ендеше, ақын-жырауларымызбен қоса ел билеп, елдің қамын ойлаған атақты билеріміз бен шешендеріміздің шешендік сөздерін де ескергеніміз жөн болар. Осы құрметке Жақсы Жанқұтты да лайық екеніне ешкім шүбә келтірмес деп ойлаймын.

Ұлы Абайдың 150 жылдық мерейтойы қарсаңында, Кенесары ханның, Ағыбай батырдың 190 жылдық мерей тойлары аталып жатқан тұста астанамыздың көшелеріне, аудандарға атақты Төле би, Әйтеке би, Қазыбек би есімдері беріліп жатқанда бір кезде Қарқаралы дуанынан шеткері болғандықтан Шет аталын, алпыс жылдан бері соңымыздан қалмай келе жатқан шет жатқан жүрт деген атақтан арылып, қыстауы тұрған, мөлдір бұлағынан сусындап отырған аудан орталығына Жанқұтты би аты берілуінің қисыны келіп-ақ түр деп сеніммен айтуымызға болады.

Ал Жанқұтты би кім еді деген сұраққа жоғарыда көрсетілген деректі шығармаларды оқыған әр адамның өзі-ақ, жауап табары, оның әруағын құрметтеуге, ұрпаққа үлгі, ғибрат етуге таптырмайтын ірі тұлға екеніне көз жеткізері даусыз.

Тіпті аудан, облыс көлемінде Жанқұтты шешен күнін өткізу арқылы шешендік өнерді дәріптейтін шешендік сөз сайысын өткізіп, ұрпақты сөз құдыретін тануға үйрететін шараларды қолға алғанымыз дұрыс шығар.

“Сарыарқа” газеті, 21-қыркүйек, 1993 жыл.

Өткір сөздің иесі

Мұхамметқали ӘБДУОВ

Өз кезіндегі сөздің шебері — Жанқұтты Ботантайұлы 1810 жылы қазіргі Жезқазған облысының Ақсу-Аюлы селосының күнбатыс жағындағы Аюлы тауының баурайында дүниеге келіп, 1873 жылы қайтыс болды. Жанқұтты Ботантайұлы заманының өткір тілді орақ ауызды шешені болған адам. Ел қадірмен шешенге “Жақсы Жанқұтты” деген ат берген. Жанқұтты туралы жазба дерек профессор Қ.Жұмалшевтің “XVIII-XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті” деген еңбегінде көрсетілген. Біз төменде сөз шеберінің бір топ шешендік сөздерін жариялап отырмыз.

Шабанбайдың Жанқұттыға берген батасы

Жанқұтты он жеті жасында әкесінің айтуымен Сарым елінің беделді биі Шабанбайға бата алуға келеді. Би Жанқұттының жайын сұрап білгеннен кейін:

- Шырағым, дүниеде не адал, әлемде не мықты? - деп сұрайды. Сонда Жанқұтты:

Адал болсаң, судай бол —

Су арамды кетіреді.

Мықты болсаң, жердей бол —

Жер жаһанды көтереді, - деген екен.

Жауабына риза болған Шабанбай бала Жанқұттыны бірнеше күн қонақ етіп кетерінде:

Аллаңа жағам десең — азанды бол,

Ағайынға жағам десең — қазанды бол,

Халқыңа жағам десең — әділ бол,

Судай таза бол,

Жердей берік бол,

Өмірің ұзақ болсын,

Аймағың суат болсын,

Сөзің халқыңа қуат болсын, - деп батасын беріп

аттандырған екен.

Бөлтірік бидің Көпбайдан ат сұратуы

Ысты еліндегі Бөлтірік би бірде Кәрсөндағы Көпбай қазыдан ат сұратып, кісі жібереді. Сонда былай деп сәлем айтқан екен:

Бір ат берсін,
Бір ат берсе, үш жылғы құр ат берсін,
Ақтығы Самарқанның бөзіндей болсын,
Жорғасы Жанқұттының сөзіндей болсын,
Жуандығы Көпбайдың дәл өзіндей болсын!

Жанқұтты мен бала Абай

Бірде Жанқұтты шешен Құнанбайдың үйінде отырғанда Абай келіп сәлем береді. Ол кезде Абайдың жас, үйленбеген шағы екен. Абайдың тапқырлығын, өлең шығаратындығын естіп жүрген шешен баланы қасына отырғызып:

- Шырағым, дүние неге сүйенеді? - деп сұрайды. Абай:
- Дүние үмітке сүйенеді.
- Көздің көрмесі бола ма?
- Көз қабағын көрмейді.
- Шам жарығының түспесі бола ма?
- Шам жарығы табағына түспейді.
- Болат пышақтың кеспесі бола ма?
- Болат пышақ өз сабын өзі кеспейді.
- Тамағына тартпайтын мақлұқат бола ма?
- Өз тамағына тартпайтын мақлұқат болмайды.

Абайдың жауабына риза болған шешен оған өлең түрінде жауап беруін сұрайды. Сонда Абай:

Сіз сұңқар самғай ұшқан қиядағы,
Талпынған мен балапан ұядағы,
Өрнекті өлең сөзбен жауап берсем —
Дүиенің жалғыз үміт тиянағы.
Көз көруі жетпейді қабағына,
Шам жарығы түспейді табағына,
Өз сабын болат пышақ өзі кеспес,
Мақлұқат тартпай қоймас тамағына, - депті.

Ет желініп, қымыз ішілгеннен кейін Абай:

- Ата, сізден сұрақ сұрауға бола ма? - дейді.

- Е, шырағым, сұрай ғой, - депті Жанқұтты.

- Ата, арзан не, қымбат не, дауасыз не? - депті Абай.

Жанқұтты: - Шырағым, арзан — өтірік, қымбат — шындық, дауасыз — көрілік емес пе, жанарыңның оты бар екен — ақындығың шығар, маңдайың жазық екен — ойлылығың шығар, халқыңның қалаулысы бол, - деп батасын беріпті.

Жанқұттының Құнанбай, Алшынбай, Шорманның Мұсасына айтқаны

Бірде Құнанбай, Алшынбай, Мұса үшеуі бірігіп, ел арасында даулы мәселелер көбейіп кетті, барымта жиі қайталанатын болды деген себепті желеу етіп, ел жинап, мәслихат өткізбек болады. Дуанбасылар шақыртқан соң халық жиылады. Халықтың басаяғы түгел жиналып болғанымен дуанбасылар келе қоймайды. Шілденің алтап ыстығында халық бірнеше күн тосып қалады. Ел арасынан реніш сөздер шыға бастайды. Соны сезген Жанқұтты халықты дуанбасылар келмейтін болды деп таратып жіберіп, өзі үшеуінің алдынан шығады. Алшынбай тұрып:

- Е, Жанқұтты, халық жиналды ма? - депті.

- Халық жиналмақ түгіл, жиылыс бітіп қойды. Сіздер кешіккеннен кейін сырқаттанып қалды ма деп, жиылыста қаралатын төрт мәселенің біреуін өзім шешіп, үшеуін үшеуіңізге қалдырып, кейін бір кезі келгенде айтар деп, халықты таратып жібердім, - депті Жанқұтты.

- Оның да дұрыс болған екен, бізге қайсысын қалдырдың? - депті Алшынбай. Сонда Жанқұтты тұрып:

- Мұсажан, асықтың қаржысының билігін саған қалдырдым. Алшеке, тақыр жердің билігін саған қалдырдым. Құнанбай, ақ тобық жердің билігін саған қалдырдым, - деген екен.

Жанқұттының қартайған шағында айтқандары

Шешеннің қартайған шағында ел арасында даулы мәселе болып, соны шешу үшін билік айтуға жастар арасынан адам шыға қоймайды. Соған қынжылған қарт шешен: “Қарағайға қарсы бұтақ біткенше, еменге иір бұтақ бітсейші, құсқа орда болатын, атадан алты жаман туғанша, алты атадан бір жақсы тусайшы, елге тұлға болатын” деген нақыл сөз айтыпты.

* * *

Бір сөз айтсаң жақсыға,
Аталы сөзге тоқтайды.
Бір сөз айстаң жаманға,
Өмірінде ұқпайды.
Надандақтың белгісі —
Өзін-өзі мақтайды.
Көкірегі соқырға,
Өмірде таң атпайды.
Шешеннің сөзі — дария,
Қап түбінде жатпайды.

Тон бітпеске тон бітсе
Қағуменен тоздырады.
Жаман болса алғаны,
Ер жігітті аздырады.
Жақсыменен сөйлессең,
Құмарыңды қандырады.
Жаманменен сөйлессең,
Көңіліңді қалдырады.

Кез болсаңыз суайтқа,
Өтірік айтып нандырады.
Өсекшімен сөйлессең
Ұрмай-соқпай талдырады.
Жолдас болсаң сараңмен
Жол үстінде қалдырады.
Жаман болса достарың
Өзін жауға алдырады.

Жаман болса — жақын жау,
Шайпау болса — қатын жау,
Шабан болса — атың жау,
Тартыншақ болса — түйең жау,
Тебеген болса — биен жау,
Күнде келсе — күйеу жау,
Жымысқы болса — жиен жау,
Тіл алмаса — ұлың жау,
Аrsaң болса — қызың жау.

* * *

Әйелің жақсы болса қонағың мен үйіңнің тұрағы,
Балаң жақсы болса екі көздің шамшырағы.
Атың шабан болса бұл жалғанның азабы,
Әйелің жаман болса дүниенің дозағы,
Балаң жаман болса көрінгеннің мазағы.

* * *

Не жетім?

Ел қонбаса жер жетім,
Құс қонбаса көл жетім,
Кемпірі жоқ шал жетім,
Иесі жоқ мал жетім,
Соқыр болса көз жетім,
Тындалмаған сөз жетім,
Доссыз қалса ер жетім,
Жау қолында ел жетім,
Тыңдаушысыз дана жетім,
Ата-анасыз бала жетім,
Қағазсыз қалам жетім,
Ақылсыз адам жетім.

“Жұлдыз” журналы, №2, ақпан, 1984 ж.

Шабанбай би

Қайырбек БАЙСЕРКИН

Уақытқа төтеп беріп, ұрпақтан ұрпаққа жетіп келе жатқан ауызша деректердің арасында ерекшесі — Шабанбайдың жас өспірім Жанқұттыға берген батасы. Ботантай бай ат жалын тартып мінуге таяп қалған, үміт күттірер зерек баласы Жанқұттыны Шабанбайдан бата алуға жібереді.

Шабанбай жас Жанқұттыға:

- Аллаға жағамын десең — азанды бол,
Халыққа жағамын десең — қазанды бол,
Судай таза бол,

Жердей көтерімді бол, - деп бата берген екен. Жанқұтты мен оның қасына еріп барған өзі тұстас жастар бұл батаны қомсыныңқырап қайтыпты. Аулына келген соң батаны естіген ел жақсысы Ботантай қатты риза болып: “Қабыл болсын, өумин!” - депті. Ботантай батаның мәнін өзінше түспалдап, бағалаған. Біздіңше оның мәні мынадай болса керек. Аллаға жағу дегені — мұсылмандықты берік ұстау, намаз, ораны қажеттеу, исламның бес парызын қалт жібермей орындап отыру, имандылық, инабаттылық, үлкенге - құрмет, кішіге - ізет. Халыққа жағу үшін қазанды болу дегені — кеңпейілділік, қайырымдылық, байға да, кедейге де, ұлыққа да, кішікке де, үлкенге де, кішіге де, арнаулы қонаққа ғана емес, ауылдасқа да, жолаушыға да, қарыпке де, жетім мен жесірге де іске ашық, төрі жазық, дастарқаны жаюлы, асы өзір болу. Су тазартпайтын лас жоқ. Судан таза зат жоқ. Жер көтермейтін ауырлық жоқ. Тауды да, тасты да, өзенді де, көлді де теңізді де, мұхитты да, орманды да көтеріп тұрған жер. Адам да, арам да, өлі де, тірі де, данышпан да, ақымақ та, ақылды да. арамза да, мансопқорлар мен би құмарлары да, өтірікші-өсекші де, алаяқ саудагер де, маскүнемдер мен нашақорлар да, зинақорлар мен жезөкшелер де, ұрылар мен қарақшылар да, арсыздықпен байып жүрген жастар да, бәр-бәрін қосқанда он сегіз мың ғалам Жердің мойнында. Соның бөріне қыңқ етіп жатқан Жер жоқ. Жақсының бағасын, адамдардың сазайын, бір Алла өзі береді. Бұл батаның Шабекен меңзеген бағыты да, міне, осындай болса керек.

Жанқұттының Шабанбайдан бата алуға барған сапары туралы ел аузында мынандай өңгіме сақталған. Ботантай бай ауылының бір ақсақалына алып, барып келуге жұмсайды. Жанына Жанқұтты өзі тұстас екі-үш жасөспірімді қосады. Олар Шабанбай ауылына келіп, ауыл сыртында, желі басында бие сауып жүрген ақсақалдан жөн сұрайды.

- Шабекен ауылы осы ма?

- Осы, - деп жауап береді ақсақал.

- Ол кісі ауылда ма?

- Ауылда.

- Үйі қайсы?

- Үйі анау, - деп жөн сілтеп жібереді жанағы ақсақал.

Үй сыртында аттан түсіп, аттарын көрмеге байлап, үйге кіріп, жайғасып отырады. Әне-міне дегенше дастархан жайылып, қымыз сапырыла бастайды. Осы кезде жанағы бие сауып жүргендегі киімдерін ауыстырып, Шабекен кіріп келеді. Жастарды ертіп келген ақсақал мән-жайды бірден түсініп, орнынан тұрып сәлем береді. Қымыз ішіп отырған жастар: “Жанағы желі басында бие сауып жүрген кісі осы кісі емес пе?” - деп өзара сыбырласа бастайды. Оларды бастап келген ақсақал жастардың қобалжыңқырап отырғанын байқап: “Құлша істеп, бише іш” - деп бір түйін тастаған екен.

Шабанбай би аз сөйлеп, көп ұғындыратын адам болыпты. Көп билер бас қосып, аса даулы мәселелерді талқылап, шешерде Шабекен шеткері, төмендеу отырады екен. Билер дауласып, әрқайсысы өз үкімін айтып жатады. Біреуі келісіп, біреуі келіспей, өркім өз билігін жақтап отырғанда шеткері отырған Шабанбай өз билігін бір-ақ ауыз сөзбен жеткізеді екен. Басқалар осыған келеді екен. Шабанбай бидің ұзақ жылдар билік құрған, шешімдер жасаған іс-тәжірибесі осындай болыпты. Жидебай батырдың:

- Шаппай жүйрік болған Шабаным.

Сөйлемей шешен болған Шабаным, - деуі осыдан болса керек. Шабекенді кейінгі ұрпақ, өулие тұтып, осы уақытқа дейін басына барып, тілек тілеп, түнеп жүреді.

Шабанбайдың өзінен туған бес баласы: Байша батыр, Балапан, Тойғұлы, Молда, Қожа — бәрі де өз заманында бай болған. Шабанбай балаларына енші беріп, бөлек шығарғанда Балапан деген баласы енші малын алғанда Балапанның манайындағы замандастары азсынып: “Шабекен, Балапанға еншісін неге аздау бердіңіз?” деп сұрайды. Сонда Шабекен: “Ол үйдегі келінім көргені мен

желісін өзі бөктере келген, оның дәлелін өлі-ақ көрерсіндер” - депті. Осы келіні Ұмсынғұл кейінде Қарабөйбіше атанған, дәулетті, қолы берекелі, қасиетті адам болыпты. Балапан мен Ұмсынғұл дәулеті басқа ағайындарынан артық болмаса, кем болмаған. Осы Қарабөйбіше халық санасында өулие адам ретінде сақталған.

Бізге жеткен деректер бойынша Арқаның атақтылары, игі жақсылары — Қараменде (1701-1797), Сеңкібай (1709-1789), Жидебай (1726-1826), Шабанбай (1754-1838), Жақсы Жанқұтты (1810-1873) өскен жерлері, қоныстары іргелес, бірі үлкен, бірі кіші, бірақ бірін-бірі білген, бірін-бірі қадірлеген, сырлас, ниеттес болған. Сондықтан да болар бұл дүниелердің мәңгілік тұрағы-зираттары да бірге десе боларлық, аралары небәрі 25-30 шақырымнан ғана.

“Шабанбай би”, жинақ, Жезқазған, 1995 ж., 4-6 беттер.

Жақсы Жанқұтты

Т. САҒЫТАЕВ,

*педагогика ғылымдарының кандидаты,
доцент.*

Жақсы Жанқұтты жөніндегі аңыз әңгімелер үш жүзге белгілі. Ол Құнанбай, Алшынбай, Ерден, Шорманның Мұсасы сияқты танымал адамдармен үзеңгілес. Солардың ортасында Жақсы Жанқұттының өзіндік орны болған. Оның ерекшелігі — айрықша шешендігі және аса имандылығы.

Жақсы Жанқұтты жөніндегі әңгімелердің көпшілігі ұмытылып қалғанға ұқсайды. Оның ел аузында сақталып келген біраз шешендік сөздері “Орталық Қазақстан”, “Жезқазған туы”, аудандық газеттерде және “Ел аузынан” деген кітаптарда жарық көрген. Мысалы, бірінде Жанқұттының он жеті жасында Шабанбай бимен жауаптасқанда айтқан шешендік сөздері, енді бірінде Құнанбай, Алшынбай, Мұса үшеуі бірігіп, ел арасындағы дау-жанжалды шешеміз деп жиналғанда оларға айтқан шешендік сөздері берілген. Сонымен бірге Жанқұттының қартайған шағында айтқандары деген шешендік сөздері бар. Біз бұл жерде ол әңгімелерге найталап тоқталмаймыз.

Жақсы Жанқұттының айрықша шешендігін паш ететін ел аузында жүрген тағы бір мынадай әңгіме бар. Қаракесек, оның ішінде Кәрсен руынан шыққан Көпбай мен Сыр бойындағы қыпшақ Досбол құда болады. Ол Көпбайға былай деп сәлем айтады:

Көпбайға сәлем айт!

Бір ат берсін,

Бір ат берсе, бес жыл мінілмеген құр ат берсін,

Қылаңдығы Бұхардың бөзіндей болсын,

Жүрісі Жанқұттының сөзіндей болсын,

Жуандығы Көпбайдың өзіндей болсын!

Аттың жайлы жүрісін Жанқұттының сөзіне теңеу — оның айрықша шешендігін меңзейді.

Жанқұтты халықтың қамын көп ойлаған, әділ билік жүргізуші, барымта, жер дауы, жесір дауын әділ шешуші болған. Халық оның билігіне дән риза болып отырған. Сондықтан “Жақсы” деген атты

қосып, Жөкем не Жақсы Жанқұтты деп атап кеткен.

Атақты Шортанбай ақын өзінің көп өмірін осы Жанқұтты аулында өткізеді. Ақсу-Аюлы селосының маңында қайтыс болды. Өлер алдында Жанқұттымен, ел жұртымен қоштасады:

Жаралған Жөкем едің асыл зат қып,
Өзгеден бір кісі едің ақылы артық.
Алладан ажал жақын келді білем,
Кетейін енді сізге ғарыздасып, - дейді.

Жанқұтты Қаракесек, оның ішінде Әлтеке-Сарым руының ел билеушісі, әділетті биі болған адам. Елуінші жылдары қайтыс болған Байбеков Төлеген деген кісі ертеректе ел билеген өз өкелері Асылбек бидің қолында “Жанқұтты Ботантайұлы, Әлтеке-Сарым руының билеушісі” деген мөрдің сақталып келгендігін әңгіме етіп айтып отыратын еді.

Қазақ қалмақтарды әбден жеңген соң, өздерінің байырғы қоныстарына қайта көшеді. Қоныстары ауысқан ел үлкен қиындықтарға тап болады. Сол кезде елді қоныстарына орналастыруда Жанқұтты би үлкен ізгілікті, имандылықты жұмыстар атқарады.

Жанқұтты өз маңындағы елдің басын қосып, ынтымақ-бірлікке шақырады. Ертеден осы елге жекжат, күда-құдандал болып, іргелес қоныстанған Табын, Керей, Қанжығалы, Алшын т.б. рудан құралған жұрт бар. Солардың бәрі Жанқұтты аулына қоныстас болып, соны сағалайды.

Бір жылдар Жанқұтты Меккеге жүрмек болып, ел-жұрт онымен арыздасып қалуға жиналады. Сол жиында Алшын руынан Құманбай деген кісі: “Ей, Жөкем, сіз келгенше біз аз үй Алшын болып қаламыз ба?” дейді.

Сонда Жанқұтты өз орнында билеуші болып қалып бара жатқан Малыбайға:

- Ей, Малыбай, мына Құманбай не деп отыр? Бұдан былай бір де бір адам аз ауылға өктемдік жасаса, сен жауап бересің, - дейді. Содан кейінде Жанқұттының бұл өсиеті мүлтіксіз орындалып отырған деседі.

Тағы бір жылдар өзінің немере туысы Бөрі батырдың баласы Жаңабай басқа рудың адамдарымен Қарашоқы деген жерге таласып, Жанқұттыға жүгінеді. Жанқұтты жерді сол руға қайтар деп бірнеше рет сөлем айтқанымен, Жаңабай қайтармайды. Бір күні Жанқұтты өзі келіп:

- Жаңабай, сен менің сөзімді неге орындамайсың? Жауабыңды өз аузыңнан естігелі келдім, - дейді. Сонда Жаңабай:

- Жөке-ау, сіздің сөзіңізді кім орындамайды. Бірақ, сізге айтып қалайын деген бір өкпем бар еді... Сіз жақын туыстан гөрі, алыс ағайынның қамын көп ойлайсыз. Ертең сіз өлгенде бізді өз жерімізге де ие етпейді ғой, - депті. Дегенмен, Қарашоқыны қайтарып беріпті.

Жанқұттының осындай әділдігін, өсиеттерін айтып, оның заманында ел арасында ешқандай араздық болмай, тату-төтті өмір тұрды деп, көне құлақ қариялар тамсанып, ылғи да өңгіме етіп отырғанын естуші едік.

Жанқұтты елді төре тұқымы билеп, қара халықтың қанын сүліктей сорып, шұрайлы жерлерін тартып алып, озбырлық көрсеткеніне қарсы тұрып, ханды қара халықтан сайлау керектігі үшін белсенді күресушілердің және сол кезде Қарқаралы округін билеп келген Жамантай, Құдайменде төрелердің үстінен Омбы, Семей губернаторларына шағым жасаушылардың бірі болған. Бірде генерал-губернатор алдында: “Елді төре билейді, төрені төбе билейді, қара халықтың қамын кім жейді?” деген сөзді Жанқұтты айтыпты. Сол жылы хандық жойылып хандардың орнына аға сұлтандар сайланыпты деген де өңгімелер бар.

Жақсы Жөкең дінді өте құрметтеген адам. Діннің сол кездегі қазақ халқының рухани күші болғанын жақсы түсінеді. Сондықтан да дінді қастерлеп, дін арқылы халықтың адамгершілік-имандылық сезіміне өзгеріс жасау мақсатын көздеген және сол жолда еңбек еткен.

1847 жылы бір топ ел басшылары Омбы генерал-губернаторының алдына барып, Қарқаралы мұсылмандары үшін мешіт салуға рұқсат сұраған. Акт жасап, қол қоюшы 16 адам болған. Оның ішінде мына адамдар бар:

1. Жалықпас болысы — Сұлтан Жәңгір.
2. Күшік Тобықты болысы — хорунжий Құнанбай Оскенбаев.
3. Әлтеке-Сарым болысы — Жанқұтты Ботантаев.
4. Нұрбике-Шаншар болысы — Төттімбет Қазанғалов, күйші.
5. Кәрсән-Керней болысы — Есберген Садыров т.б.

Мешіт салуға рұқсат 1847 жылы алынған. Ал Құнанбай 1850 жылы Қарқаралыға аға сұлтан болып тағайындалған соң, мешіттің салынып бітуін ұйымдастырған. (“Қарқаралы мешітінің тарихы”, “Орталық Қазақстан” газеті, 30 ақпан, 1990 жыл).

Жанқұтты бір жылы Құнанбайға: “Меккеге барайық, дайындал” деп сәлем айтады. Оған Құнанбай: “Жанқұтты биыл тоқтасын, келесі жылы бірге барайық” деп жауап қайтарады. Жанқұт-

ты: “Мен тоқтағанмен, ажал тоқтай ма” деп, Меккеге сол жылы жүріп кетіпті. Содан Мекке-Мәдинеге барып, аз күн ауырып, Меккеде қайтыс болады. Табыты Әлбақи-Жанфаниядан (күрметті адамдарды жерлейтін жай) орын алыпты деседі.

Келесі жылы Меккеге Құнанбай да барады. Меккеде бір жылдай болып, мұсылман қауымы үшін уақып үй (қонақжай үй) салдырып, Құнанбай қажы атанып қайтады. Меккеден қайтарда Жанқұттының басында дұға оқып тұрып: “Жанқұтты, сен жақсы деп мен айтушы едім, Құнанбай, сен жақсысың деп сен айтушы едің, ақыры Жанқұтты, сен жақсы болдың. Сенің сүйегің Меккеде қалды, мен алдамшы дүниеге қайтып бара жатырмын” деп жылапты деген сөз бар.

Жақсы Жанқұтты Қаракесек, оның ішінде Сарым руынан шыққан. Атамекені — қазіргі Шет ауданының орталығы — Ақсу-Аюлы селосы. Аудан жұртшылығы осы жердегі Жанқұтты бұлағынан сусындап отыр. Осы елдің көрі-жасы “Жәкем бұлағының суы қандай тәтті!” деп тамсанып ішетіндігіне куәміз.

Ендеше, халық арасында аңыз болып кеткен шешендік сөзі, қоғамдық-әлеуметтік ой-пікірі, ізгілік-имандылық үлгі-өнегесі қалған Жақсы Жанқұтты есімін есте сақтаудың мән-маңызы ерекше.

“Ильич туы” (қазіргі “Замаң”) газеті, 1991 ж. №113.

IV тарау

**ТЕРЕНДЕР ТЕРЕҢГЕ
ТЕРЕНДЕР**



Бабалар рухын еске алу

Кәдірбек ХАЛИЛИН

Мекенім ата қоныс Күлекеде,
Өз туған топырағыңа жер жете ме?
Үш жүзге адалдықпен аңыз болған,
Жөкемнің жатқан жері түр Меккеде.

Өтті ғой нелер жақсы ағаларым,
Қатардан артық еді-ау бағаларың,
Жайлаушы ең үлкен ауыл-кіші ауыл боп,
Нұраның екі жақта жағаларын...

Қояншытағай-Сарым еліміз,
Сарыарқаның белі біз.
Найзаның ұшымен,
Мирасқа қалған жеріміз.

Деріпсалы, Бөрі, Апақты,
Жауға шапқан жасақты,
Жесір үшін, жер үшін,
Талай ерлік жасапты.

Жақсы Жөкең — жезтаңдай,
Дуалы ауыз Дүйсенбай.
Ел билігін ұстаған,
Би болыпты атақты-ай.
Сырттан келген жау болса,
Іштен шыққан дау болса,
Бірі тауып шешімін,
Бірі айтып кесімін,
Басыпты солай шатақты-ай.

Болжампаз жырау Шортанбай,
Ол да болған ортаң да-ай.
Сол бабалар кезінде,
Дәулетің тұрған ортаймай.

Деріпсалы, Бөрі - қос батыр,
Жаугершілік уақытта,
Солар салған жол жатыр,
Қаракесек, Қуандық,
Шекарада сол жатыр,
Жанқұттыдай шешені,
Жібермеген сөзден есені,
Меккеде барып ол жатыр.

Тұтқа болған осылар,
Қояншытағай-Сарымға,
Мирас боп қалған осы жер,
Бабалар көзі барында.

Өз халқының болған көсемі,
Жібермей жауға есені,
Ел аузындағы аңызда
Дәл осылай деседі.

Ұмытпайық ұрпақтар,
Аруақ бар қорымда.
Сіздер мен біздер ұрпақпыз
Солардың қалған соңында...

Уақыт

Қалиасқар ӘБІЛДИН

Күндер-күндер — жылдардың ол белесі,
Уақыттың жай ғана емес елесі.
Болашақтың қайығындай әрбір күн,
Бастамасы, ғасырлардың кемесі.

Өткен күндер өрі тарих, өрі із-ді,
Ұштастыру бүгінгіге парыз-ды.
Адалдығым, әділдігім — жетекшім —
Жақсы Жәкем аманаты төрізді.

Өткен күндер алға итеріп тастайды,
Келер күндер жаңа жолға бастайды.
Уақыт — сыншы, қадамыңды бағатын,
Ол ешқашан асып-тасып, саспайды.

Кешегі күн қалдырыпты жылдарды,
Бүгінгі күн бастым биік қырларды.
Өткен күнге өкінбеймін өз басым,
Ұқтым одан талай ғажап сырларды.

Ертеңгі күн — келе жатқан болашақ,
Қуаныш қой, биігінде бола алсақ.
Келешектің сыры қанша, білмеймін,
Алға ұмтылам, көрсем ғой деп соны аңсап...

Дана би

*Жеңіс ҚАШҚЫНОВ,
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі.*

Би Шабанбай халқы үшін жаратылған,
Сөзі мірдің оғындай дәл атылған.
Ел бірлігін ойлаумен күн батырып,
Көзін ілмей қырандай таң атырған.

Ол айтпаған шешендік сөз қалмаған,
Салмақты жан жартастай қозғалмаған.
Шабанбайдан Жанқұтты бата алып,
Ұстазынан шөкірті озған заман.

Тілі майда, ал кейде шақпақ жаққан,
Мамық болып кетеді тастақ жатқан.
Шаппай жүйрік, сөйлемей шешен болған,
деп Жидебай пір тұтып, асқақтаған.

Ақиқатты қай пенде жақтамасын,
Тура биге марқайып, мақтанасын.
Көп сөйлемі тастайтын бірақ түйіп,
Дәл айырған әр істің, ақ-қарасын.

Әділ жолды іздеген қалың қауым,
Ақ тілеумен атырған таңын дәйім.
Ала қойды беле деп қырықпаған,
Жоқтамаған жоғын тек Сарымдардың.

Қорғаны боп халықтың жаратылған,
Сөзі мірдің оғындай дәл атылған.
Бүгіндері дүрдиіп тақта отырған,
Дана биге тартса ғой бала туған.

Баба рухымен сырласу

Тезекбай АМАНДЫҚҰЛЫ

**Жақсы Жәкең, көсем сөзде алдына жан салма-
ған шешен Жанқұтты Ботаңғайұлы бабамыздың
есімін туған ауылына беру, ескерткіш белгі қою,
сол арқылы есімін ел есінде мәңгі қалдыру, ұрпақ
көшінен тиісті орнын беру мәселесі көптен бері
әңгіме болған еді.**

Жақсы Жәкем!

Айналдым аруағыңнан,
Үнің жетті ғасырдың өр жағынан.
Мөйтің қалса жырақта мәңгілікке —
Елден ерек, шырқаулы арманыңнан.

Естілгендей бізге де күрсінгенің,
Мәңгілікке содан ба бір сіңгенің.
Біліп, бөлкім, келерін салғырт ұрпақ,
Қабірімді таптамай жүрсін дедің...

Өтпегенсіз, білеміз, текке налып,
Көсемсөзді суарып кекке малып.
Қу тірліктің торынан жырақтанып,
Жайландың ба киелі Мекке барып!

Жігерінді жасықтар құм қылған соң,
Жібегінді пасықтар жүн қылған соң,
Алаңдаумен аулаққа барып қондың,
Тірлік ісін тамамдап, тындырған соң.

Ұтқыр сөзді ұққандар бата көріп,
Саналы ұрпақ ардақтап, жатады өріп.
Бақ жұлдызын жағуға еттің ықпал,
Ұлы Абайға ұлағат-бата беріп.

Ертең жайлы, сол кезгі ортаң жайлы,
Сырға толы сандығың ортаймайды.
Қазағыңның шайыры еткен өзін,
Қаратаудан асырып, Шортанбайды!

Бірлік болса — көктейді түбір өніп,
Тағлымына бабаның үңілетік.
Салғыртсыған ұрпақтың салдарынан,
Жұмақта да жатсыз ба күніреніп!

Ұлым бар деп талайды өсірді Ана,
Азаймай тұр, алайда, кесір-бала.
Өз басынан аса алмай, тірлік еткен,
Соры қалын ұрпақты кешір, Баба!

Құнанбайдың қабір басындағы сөзі

Ғазиз ЕИШТАНАЕВ

**Қажылыққа барған Құнанбай қайтар жолында
Меккеде жатқан Жанқұтты шешеннің қабірін құшақ-
тап жылапты.**

Ел әңгімесінен.

- Ақылдым-ау,
Асқар тауым еңселі,
Өлімнің де өреліктің өлшемі.
Жамиғатқа жақсылығың өтпесе,
Жақсы Жәкем демес еді ел сені.

Көпке жағып келісті өмір сүргенде ер,
Сыйына сай береді екен жүлденді ел.
Жақсы сөзін теліп айтса,
Қайда өлгі...
Құнанбайды құдай санап жүргендер.

Жо-жоқ, Жәкем,
Өкпе артпаймын көпке мен,
Қымбатты сөз қимай жүрген жоқ менен.
Жампоз санар Жанқұттысы бар елге,
Құнанбай кеп құдай болу көп дер ем.

Сен жеңдін де,
Ұғымсыз біз ұтылдық,
Жаратушы жазды солай үкім ғып.
Тірлігінде Жақсы Жәкем атандың
Енді өзінмен жағаласу — күпірлік.

Тұрлауы жоқ тақ мінгенге мастанып,
Дабыдаттық,
бақ қонғандай басқа анық.

Біз бейбаққа Меккеде өлу жазбады,
Текті жердің топырағын жастанып.

Ақылдым-ау,
Асқар тауым еңселі,
Өлімнің де өреліктің өлшемі.
Көп мықтыдан басың биік тұрмаса,
Жақсы Жәкем демес еді ел сені.

Қош, қош Жәкем,
Жайлы болсын мекенің,
Сені тастап ит тірлікке кетемін.
Ұқтырдың-ау,
Өнегелі күн кешіп
өлудің де ұлы мұрат екенін!..

Алып тұлға әруақтым

*Аманжол ӘЛТАЕВ,
айтыскер ақын,*

“Дарын” жастар сыйлығының лауреаты.

Әр заманда талай асыл, текті өткен,
Сол бабалар дала сырын шертті өктем.
Арқадағы Жанқұтты би кешегі,
Ел ішінде “Жақсы Жәкең” деп кеткен.

Әділ сөзі жұртқа тарап, қырды асқан,
Толғамынан тебіренген нұрлы аспан.
Ұлт ұясы бұзылмаса екен деп,
Құнанбаймен ой бөлісіп сырласқан.

Өрелі би озық шыққан қатардан,
Ақылыңды дос түгілі, жат алған.
Ауызыңнан шыққан сөзді ырым ғып,
Ұлы Абай ниеті ауып, бата алған.

Салиқалы сөз бастасаң ақырын,
Жұмыр жерді толғандырған батыл үн.
Санамызда өмір сүріп келеді,
Ақиқатпен ақтарылған нақылың.

Фасыр өтсе су алмаған арналым,
Мекке барып орындалған арманың.
Откен едің бий болып Алаштың,
Кеткен едің құлы болып Алланың.

Сырттан ерден мұра болып сөз қалған,
Ордалы ой әр заманда тозбаған.
“Жақсы Жәкең келіп қалар ма екен” деп,
Мекке жаққа елендейді боз далам.

V тарау

**ШЕЖІРЕ
СЫР ШЕРТЕДІ**



Арқаның ардақтылары

Жанқұтты Ботантайұлы 1809 жылы қазіргі Қарағанды облысы, Шет ауданындағы Аюлы тауының баурайында дүниеге келіп, 1873 жылы Меккеге қажылыққа барған сапарында қайтыс болады. Ол өз заманының әділ биі, от ауызды, орақ тілді шешені болған адам. Бала кезінде ауылдағы молладан оқып, мұсылманша сауатын ашады. Он төрт-он беске келген шағында, аты Алашқа мәлім, дуалы ауыз Шабанбай биден бата алады. Іле-шала өкесі Ботантайдың ұйғаруымен округ болып құрылған Қарқаралы қаласындағы (1824 жыл) медресеге оқуға түседі. Мұны төмамдаған соң ел ішіндегі өртүрлі билік, басшылық мәселелерге араласа бастайды. Өйткені, өрі алғыр, өрі тапқыр, өрі шешен, өрі әділ азамат көптің көзіне тез түсіп, есімі жедел тарай бастаған еді.

Шешеннің алғаш рет жұртқа танылуы Жамантаймен жауаптасуы. Қарқаралыға аға сұлтан болып сайланған Жамантай төре елдің игі-жақсыларын жинапты. Жер көріп, ел танысын деген ниетпен Ботантай Жанқұттыны ертіп келеді, мұны көрген Жамантай:

- Бұл қатын-қалаш, бала-шағының өсек айтатын жері емес, алқалы топтың бас қосатын мәжілісі емес пе, мына бала кім? - депті.

Сонда Жанқұтты:

- Ғафу етіңіз, кеше келгенде бір үйге қонақ болып дәм ішіп едік, бір ақсақал “еті арық екен” деп тыжырынып отырды, бүгін мені көріп сіз тыжырынып отырсыз! Сонда бұл қалай? Адам алжыса астан шошиды, төре алжыса жастан шошиды деген осы ма? Болмаса, “асыл тастан шығады, ақыл жастан шығады” деген ата-лы сөзді аттап кеткеніңіз қай сасқандығыңыз? — депті.

Төре қасындағыларының бірі:

- Сөзін қара, болайын деп тұрған бала екен! - дегенде, Жамантай төре:

- Болайын деп емес, болып тұрған, төрт құбыласы тең түсіп, толып тұрған жас екен, бұдан былай біздің округтің ішіндегі дау-шарға қатысты мәселені осы шешетін болсын, - деп үкім шығарыпты.

Жанқұтты Ботантайұлы шешен ғана емес, ақылды, парасатты,

тереңнен ойлап түсінетін кемеңгер адам. Бала Абайдың болашағын болжап, ақ тілеу батасын берген. Тіршілігінде басшылық орынға қызықпаған адам. Қазылық сайлауында халықтың қалауымен сайланғанымен, орынын өзінің немере інісі Малыбайға береді. Ислам дінінің қағида, заңдылықтарын жете меңгерген.

* * *

Құнанбай Өскенбайұлы — өткен ғасырда өмір сүрген, ел басқарған қайраткер. Халықтың өз сөзімен айтар болсақ, Құнанбай — “Қарадан шығып хан болған” азамат. Ғалым Ахмет Байтұрсынов “Құнанбай жұрт аузына қараған қазақтың бас адамдарының бірі болған” деп жазған.

Құнанбай 1804 жылы дүниеге келіп, 1886 жылы қайтыс болған. Әкесі Өскенбай би халыққа танымал, өділдігімен, турашылдығымен аты шыққан. Руы — Тобықты-Көшек. Алдымен арабша сауатын ашқан Құнанбай, діни мектепте оқып, мұсылманша білім алады. Өткірлігімен, шешендігімен, ұшқыр ойлылығымен он бес жасқа келген шамада көпке көріне бастайды. Жас кезінен бастап ақ арманы халықты бірлікке үндеудің жолын іздеу, ел басқару, өділ төрелігін айту болған. Алғаш рет билікке араласу жолы XIX ғасырдың отызыншы жылдарынан басталады. Әуелі старшын, соңынан болыс, кейін аға сұлтан болған.

Құнанбайдың аға сұлтан болған уақыты 1849-1852 жылдардың аралығында. Осы мерзімде ол оқу, білім мәселесіне ерекше көңіл бөліп, ел ішінде ауыл-ауылда мектептер аштыруға ықпал жасаған. Оның әсіресе Семейде, Қарқаралыда, Бесқарағайда ұйымдастырған медреселері тұрғылықты оқу орынына айналып, жыл өткен сайын оқушылар саны арта түсіп отырған.

Аға сұлтандықтан түскеннен кейінгі он жылы біраз қиындықтар әкеледі. Үстінен түскен шағым, көрсетістердің кесірінен Омбы қаласында алты ай абақтыда да отырады. Ел жақсыларының өтініші арқасында босатылады.

Халыққа жақсылық жасаған үш азаматтың бірі — Құнанбай. Ол 1874 жылы төрт жылға созылған Меккеге барған сапарында “Тақия” қонақ үйін салғызып, қазақ жұртын әлемге паш етеді.

* * *

Мұса Шорманұлы — өткен ғасырда өмір сүрген халқымыздың зиялы азаматы. Ол 1819 жылы Баянауылда дүниеге келіп, 1885 жылы Омбыда қайтыс болған. Руы — Қаржас. Бала кезінде мұсыл-

манша оқып сауатын ашқан Мұса, білімге деген айрықша құштарлығымен, алғырлығымен көзге түседі. Сөйтіп, Омбы қаласындағы әскери училищеде оқиды. Уәлиханов, Достоевскиймен дос-жар болып, жиі қарым-қатынас жасасып тұрады. Ел арасының бірлігін нығайтуға, жастарға білім жолын нұсқауда айтарлықтай еңбек етіп, жұмыс жүргізген. Орыс және француз тілдерін еркін меңгерген. Қазақ балаларын оқытатын мектеп ашудың қажеттігін нақты мысалдар арқылы дәлелдей отырып, сібір қазақтарының облыстық басқармасына жылжымалы гимназия ашу керектігін айтып, ұсынып жібереді. Г.Н.Потанинмен, К.К.Сутковскиймен тұрақты түрде хат арқылы байланыс жасап тұрған.

Ел аузындағы әңгімелерге қарағанда XIX ғасырда қазақ халқына ауқымды деңгейде жақсылық жасаған үш адамның бірі — осы Шорманның Мұсасы. Әңгіменің қысқаша мазмұны төмендегідей:

Патша өулеті Романовтардың үш жүз жылдық тойында француз және орыс тілдерінде қысқаша баяндама жасаған Мұса назарға ілігеді. Патша ағзам айрықша ілтипат көрсетіп оны жеке қабылдайды, тілегін сұрайды. Сонда Мұса:

- Маған жабық үйдің кілтін беріңіз! - дейді. Патша келісім береді. Сөйтсе, “жабық үй” дегені абақты екен. Омбыда, Орынборда, Қызылжарда қамауда жатқан қазақ азаматтарына азаттық алып берген екен.

* * *

Дүйсенбай Жаманқұлұлы XIX ғасырда өмір сүрген өткір тілді, сөз шебері. Ол 1824 жылы қазіргі Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Қаратоғанбай тауының бауырында дүниеге келіп, 1892 жылы қайтыс болған. Мұсылманша оқып, хат таныған адам. Жас кезінен бастап-ақ, ру арасындағы әр түрлі дау-дамайларға билік айтып, ұшқыр ойлылығымен танылған.

Шешеннің ел ішінде кеңінен тараған бір әңгімесі мынадай:

Омбы қаласында отырған жарым патша қазақ халқының игі жақсыларын жинайды. Мәжіліс аяқталғаннан кейін, көпшілікке: “Ақ патшаға аят оқып, бата жасандар!” дейді. Жұрт патшаға бата жасайын десе діні бөлек деп, жасамайын десе жандаралдан қорқып, үнсіз қалады. Сонда Дүйсенбай көпшілікке:

- Уа, халқым! Батаны былай жасайық: Жетісем деп Жиделі Байсын бардық — түйеден басқа малы жоқ елді көрдік, Түркістан мен Ташкентті көрдік — жемістен басқа өнімі жоқ елді көрдік;

төрені көрдік — тепкіні көрдік, Бегілер Бегіні көрдік; ойға шаптық, қырға шаптық, оңдыны, жақсыны қайдан таптық, дінім үшін емес, күнім үшін, мен жазықты болам ба мұным үшін! - деген екен.

Тындаған халық осыған бөтуаласып, бата жасапты.

* * *

Кенесары Қасымұлы ХІХ ғасырдың бірінші жартысында отарлау саясатына қарсы ұйымдасқан қозғалыстың басшысы болған. Абылайханның отыз ұлының ішіндегі ең кенжесі Қасымның бірінші әйелінен Саржан, Есенкелді, Ағатай, Бопы, Күшік жәнс Кенесары деген алты ұл, екінші әйелінен Наурызбай жалғыз туады.

Кенесары жас кезінен айрықша қабілеттілігімен, шешендігімен танылады. Өсе келе оның алғырлығын ағалары да мойындайды. Сөйтіп, ел басқаруға білімділігінің бар екендігін байқатады. Ол ат жалын тартып мінген кезде Көкшетау өңірінен Шу өзені бойына қоныс аударады. Бірақ, бұл көптің соны жақсылыққа апармайды. Әкесі Қасым сұлтан Қоқан әкімдерінің қолынан қаза табады. Енді Кенесары еріксіз әскер жасақтап, қол жинауға мәжбүр болады. Сондай мақсатта жүргенде өзі де Ташкентте бір жылдай тұтқында болып, Мәделі ханның араласуымен құтылады. Мұнан кейін ол ағайындарымен Ұлытауға көшіп келеді.

1841 жылы өр рудың ақсақалдары мен билері жиылып, ұланғайыр ас беріп, Кенесарыны ақ киізге салып хан көтереді. Осы кезден бастап 1847 жылға дейін орыс әскерлерімен ұрыс жүргізеді. Бірде жеңіссе, бірде жеңіп отырған. Тәжірибелі орыс офицерлерінің өзі Кенесарының соғыс тәсілдерін жетік білетіндігіне қызыға таңырқайды екен. Орынбор қаласының әкімі Н.Серада: “Кенесары өз сарбаздарының парасатты билеушісі бола білді. Оларды қанаттандырған рухани жігер қуатын көрсе, Европа әскери қолбасшыларының кез-келгені қызғаныштан күйіп кетер еді”, - деп жазған. Бірнеше жылға созылған үздік-создық шайқастан шаршаған елі мен сарбаздарын дамылдату мақсатында және Қытаймен байланыс жасауды көздеп, маңайындағы жиырма мыңға жуық шаңырағымен Қарақұмға қарай көшеді. Сөйтіп, Шудың оқ жақ бойлығындығы Күрті, Ұзынағаш, Қарғалы жерлеріне қоныстанады. Осы жолы қырғыздардың Орман, Көрібоз, Жантай манаптарымен қақтығысады. Кішігірім бір шайқаста Ағыбай батыр жекпе-жекке шығып, Көрібоз батырды өлтіреді. Қақтығыстың соңы

шиеленісіп, Кенесарының қазасына әкеліп соғады. Оның қазақ тарихында өзіндік орыны бар, өткен ғасырдағы үлкен тұлғалардың бірі екендігі ақиқат.

* * *

Ағыбай батыр (1802-1885) Арғынның Шұбыртпалы руынан шыққан атақты батыр, Кенесары Қасымұлының бас қолбасшысы болған. Халық Ағыбайдың батырлығын, ақылын, тапқырлығын, көрегендігін жоғары бағалаған, түрлі-түрлі аңыз-өңгімелер шығарған, “Ақжолтай Ағыбай батыр” деп ат берген.

Кенесары серіктерінің ішінде Ағыбайдың алатын орыны ерекше. Ерссен ерлігіне сай ақыл-парасаты, қысталаң шақта жол тапқыштығы, әр нәрсені болжап білетіндігі тәрізді сан қилы қадір-қасиеттеріне орай Кенесары оны айрықша қадірлеп “Менің Ақжолтайым” деп атаған.

Архивтегі деректер Ағыбайдың ерлігін сипаттаумен ғана шектелген. Қандай ортадан шыққан, тәлімгері кім болған, өмір жолы қалай өткен деген сұрақтарға толық жауап бере алмайды. Оның есесіне ел аузында Батыр туралы мол мұралар сақталған, Ағыбайдың халықтық бейнесі жасалған.

Батырдың Манабай, Танабай деген ағалары да Кенесары қозғалысына қатысқан. Анасы Қойсана деген кісі, белгілі Байғозы батыр шыққан Тарақты руынан.

Ағыбайдың 13 жасында әкесі өліп, анасының қолында тәрбиеленді, 19 жасынан бастап Саржан, Есенгелділермен жора-жолдас болады. Кенесары қозғалысының басынан соңына дейін қатысқан. Оның батырлығын дәріптейтін мынадай әңгіме де бар. Бірде Кенесарыға әскербасылардың бірі былай деп сұрақ қойыпты: “Хан-исеміз, сіз қолбасыларға “жүзбасы”, “мыңбасы”, деген атақтарды беріп жатырсыз, осы Аукемізге неге атақ бермейсіз?” Сонда Кенекен: “Ой, Төңірі-ай! Менің әскерлерімнің алды “Абылайлап” жауға тисе, соңы “Ағыбайлап” шабалды. Аты ұранға айналған адамға атақтың қажеті қанша?” деген екен.

Батыр өмірінің соңғы жылдары Балқаш көлінің Бетпақдала бетінде Ақтау, Қызылтау, Тайатқаншұнақ жерлерінде өтеді. Екі әйелінен Аманжол, Аманбай, Сопы, Дуана деген төрт баласы болған. Ағыбайдың ерліктері жайында талай дастандар жарыққа шығып, ел ішіне кең тараған.

1914 жылы Ә.Бөкейханов “Қызыл қайнар Тек тұрмас” деген кітабында Ағыбай туралы жазған. С.Сейфуллиннің “Ақжолтай

батыр” деген шығармасы аласапыран кезде із-түзсіз жоғалып кетті. М.Көпеев, М.Әуезов, І.Есенберлин еңбектерінде батырдың бейнесі жан-жақты көрініс тапқан. Сондай-ақ, батырдың ұрпағы, филология ғылымдарының кандидаты М.Әпсеманов те бабасы жайлы зерттеу жүргізіп, “Ақжолтай Ағыбай батыр” деген еңбек шығарды.

* * *

Жаманқұл Табылулы 1790 жылдар шамасында қазіргі Ақтоғай ауданына қарасты Қаратоғанбай тауының баурайында дүниеге келіп, 1860 жылдары қайтыс болған. Руы — Өлтекенің ішінде Ақбота. Он бес жасында Шабанбай биден бата алып, шешендік өнердің жолына түседі. Алғашқыда ауыл арасында ағайындарына танылған ол, бірте-бірте жер, жесір дауына араласып, билік, төрелік айтып, көпке белгілі бола бастайды. Жанқұтты, Құнанбай, Құсбек, Алшынбай сияқты ел жақсыларымен қарым-қатынас жасасып, дос-жар болады. Өлтекенің белді де беделді биі болған ол ел бірлігін сақтауға оз үлесін қосқан. Отарлау саясатына наразылығын білдіріп, ағайын-туыстарымен көшіп барып, Қаратау бойын он бір жыл қоныс еткен. Кейінгі ұрпаққа үлгі боларлық тәрбиелік мөні бар нақыл создерден мол мұра қалдырған. Шешеннің өмірі мен шығармашылығы өлі толық, жан-жақты зерттеліп болған жоқ.

1981 жылы “Жезқазған туының” 19-қыркүйектегі санында Б.Адамбаев пен М.Әбдуовтің “Жақсы Жанқұтты және Жаманқұл шешен” деген мақаласы жарияланған.

Жоңғар-қалмақ шапқыншылығына ұшырап, бірлігінен, бірыңғай хандығынан айрылған қазақ елінің Алатау мен Қаратау өңірінде, Сыр бойында қалған руларын билеген Қоқан хандары қарапайым шаруаларды өскер күшімен қорқытып бағындырыпты. Ал қазақтың баққұмар атқамінерлеріне сый-сыбаға беріп, сыйлағансып алдап, айламен ұстапты. Алдауына қарсылық жасағандарын ұстатып, жазалап отырыпты. Халыққа жасаған зорлық-зомбылығына қарсы тұрған Жанқұтты шешенді де ұстауға үкім шығарыпты. Соны естіген Жаманқұл шешен тиісті тарту-таралғымен Түркістанның Бегілер бегіне барады. Бек сыйлығына разы болып, қайтарда Жаманқұлға:

- Қонағым, “сыйға-сый, сыраға-бал” деген, сен де бір менен сыйлық алып қайт, не қалайсың, мал аласың ба? - дейді.

- Тақсыр, малға зөру емеспін, байтақ далам толған мал, - дейді Жаманқұл.

- Ендеше ақша аласың ба?
- Ақшаға да зәру емеспін, малымды саудаласам ақша болады.
- Кілем аласың ба?
- Кілемге де зәру емеспін, көшкен сайын жұртымда қалады.
- Енді не қалайсың? - дейді Бегілер Бегі.
- Тақсыр, үш үйлі ағам бар, бір тентек інім бар, солардың билігін өзіме берсең разымын, - дейді Жаманкүл.

- Қонағым, бар қалағаның сол болса бердім, - деп қағазын жасап, мөрін басып беріпті. Бектің анасы ақылды әйел екен. Жаманкүл аттанып кеткен соң:

- Балам, қонағың қандай адам екен, не қалады? - деп сұрады.

- Ой, шеше-ай, әкелген тарту-таралғысына қарап қазақтың бір ақылдысы екен десем, ең ақылсызы болып шықты. “Не қалайсың?” дегенімде, “үш үйлі ағам бар, бір тентек інім бар, солардың билігін өзіме берсеңіз разымын” - деді.

- Айтқандарын бердің бе?

- Бердім.

- Ой, балам-ай, қонағың қазақтың ақылсызы емес, ақылдысы екен ғой. Оның “үш үйлі ағам” дегені үш ағайынды қазақтың үш жүзінің баласы емес пе? “Тентек інім” дегені өзіне кеше ұстатуға үкім шығарған Жанқұтты емес пе? Жаманкүл қолыңнан бүкіл қазақтың билігін алып кеткен екен ғой, - дегенде, Бегілер бегі санын бір-ақ соғып:

- Қазақтың жаманы мұндай болғанда, жақсысы қандай болмақ екен? - депті. Сөйтіп, Жаманкүл ақылмен Қаратау мен Сыр бойының қазақтарына аз уақытқа болса да бостандық әперіпті және Жанқұттыны Бегілер бегінің тұзағынан арашалап алыпты.

“Жаманкүл үш жүздің баласына билік айтыпты” деген сөз осыдан қалған екен.

* * *

Шортанбай Қанайұлы — XIX ғасырда өмір сүрген қазақ халқының тарихындағы ірі тұлғалардың бірі. Ол өз дәуіріні шындығын бүге-шігесіне дейін көрсете білген бірден-бір ақын. Шортанбай белгілі ортаның немесе аймақтың ғана тұрмыс-тіршілігін жырлаған жоқ, барша халқының басындағы мұң-мұқтажды толғады, көптің жоқтаушысы болды. Зобалаң заманның зорлығын көзімен көріп, жанымен, тәнімен сезінген ол өзінің “Зар заман”, “Бала зары”, “Опасыз жалған”, т.б. тәрізді толғаулары арқылы ақиқат-

тың астарын айқара ашып берді.

Шортанбай өзіне дейінгі Бұқар, Шал, Төтіқара, Ақтамберді жыраулардың да мол мұраларымен жақсы таныс болған. Өмірінің дені Арқа өңірінде өткен. Жақсы Жанқұттымен достық қарым-қатынаста болып, сыйластықпен ғұмыр кешкен.

Көптеген басылымдарда ақынды 1818 жылы туып, 1881 жылы қайтыс болды деп алынып жүр. Бұл жаңсақ пікір. Бізге белгілі тарихи мәлімет — Құнанбайдың Меккеге барған мерзімі. Ол — 1874 жыл. Ал Жақсы Жанқұтты қажылыққа Құнанбайдан бұрын барған, сонда қайтыс болып, жерленген. Оған Құнанбайдың дұға оқып, есіне алғаны, басында отырып айтқан ұлағатты сөзі дәлел. Шортанбай ақынның Жанқұттының қолында қайтыс болғандығын өзінің өлеңдерінен аңғарамыз. Олай болса, Жанқұтты да, Шортанбай да 1974 жылға дейін қайтыс болған. Енді, ел аузындағы өңгімелерге сүйене отырып топшылар болсақ, ақынды 1808-1871 жылдар аралығында өмір сүрген деп айтуымызға болады.

Шортанбайдың ақындығына байланысты төмендегідей ерекшеліктерді ашып айта аламыз.

Біріншіден, сол заманның кескін-келбетін дәл басып, нақты көрінісін жасаған шыншыл ақын.

Екіншіден, өзінің болмыс-бітіміндегі көріпкелдік қасиетінің арқасында бұлыңғыр болашақты айна-қатесіз болжаған өулие ақын.

Үшіншіден, өлеңнің өрнегін қиыстыра білген, мазмұн мен маңызды ұшғастыра білген шебер ақын.

Шортанбай мұраларын зерттеу барысында ғалымдар М.Әуезов, С.Мұқанов, Қ.Жұмалиев, С.Қирабаев, Х.Сүйінішөлиев, Т.Нұртазин, М.Мағауин, Ы.Дүйсенбаев, Ф.Мұсабасвардың жан-жақты еңбек сіңіргендігін де айта кеткен орынды.

* * *

Кәрсен Көпбай қазы XIX ғасырды өмір сүрген заманында ел билеген білгір, сөзге ділмар адам болған. Сол кездегі қазақтың Жанқұтты, Құнанбай, Жаманқұл төрізді иті жақсыларымен ішкі-сыртқы жұмыстарға бірігіп араласып отырған. Омбының генерал-губернаторынан нұсқау келіп, Ағыбай батырды жауапқа тартуға жиналғанда, ақтап алуға айрықша ат салысқан ел азаматының бірі осы Көпбай еді. Ысты еліндегі Бөлтірік би Көпбайдан ат сұратып жібергенде былай деп сәлем айтқан екен:

Маған бір ат берсін!

Бір ат берсе үш жылғы құр ат берсін,

Ақтығы Самарқанның бөзіндей болсын,
Жорғасы Жанқұттының сөзіндей болсын,
Жуандағы Көпбайдың өзіндей болсын!

Осы айтылған мәселеге орай көп жерлерде Көпбайды денелі, зор адам болған десіп жүр. Негізінде олай емес. Шешендер сөйлеген сөзіне айрықшы астарлы мән, мағына беріп отырған. Қазақта толық немесе денелі, зор адамды жуан адам деп атамайды. Олай болса Белтірік шешен сөлемінде Көпбайдың ел ішіндегі беделін, салмағын пайымдап отыр. Сондай-ақ, Көпбайға қазы атауы ел басқарғанына байланысты тағылмаған. Қазы болып сайлану әр елде де баршылық. Ал, Көпбайдың қазылығы оның әділдігі, қара қылды қақ жарған турашылдығының белгісі.

Жанқұттының Ағыбай батырды жауаптан құтқаруы

Омбының генерал-губернаторы Ағыбай батырды кезінде Кенесары Қасымұлы бастаған көтеріліске қатысты, оның әскери қолбасшысы болды деген айыппен жауапқа тарту жұмысын Қыпшақ Ыбырайға тапсырыпты. Ыбырай болса үй тіккізіп, Ағыбайды шақыртады, ел басшыларын жинайды. Батыр жауапқа тартылады дегенді естіген халық, наразылығын білдіріп, дуанбасыға сөзі өтеді деген жақсыларды Ыбырайға жібереді. Дуанбасы жеңістік бере қоймайды. Жақсылардың соңын ала кірген Көпбайға: “Мынауың кім? Көпбай ма, көп байлардың бірі болған Шөпбай ма, шешенсініп аузына келгенін оттай ма, бұл да ел намысын жоқтай ма?” деп, бір ауыз сөзге келтірмей, оны да шығарып салады.

Содан дуанбасы отырған үйге Жанқұтты келіп кіреді.

Ыбырай оған қарап отырып:

- Мынауың қандай пошым? Басы жалпақ екен, бұты талтақ екен, қазақ па, өлде қалмақ па? - депті.

Сонда Жанқұтты:

- Қалмақ емес, қазақпын, осы отырған қазақтың бәрінен де таза, ақпын. Жар жығылса суға сүйенеді, су құласа жарға сүйенеді, мен жығылсам бес атаға сүйенемін, сен жығылсаң, жалғыз үй естек, кімге сүйенесің? Ағыбайдың ісі арам болса, айдатқара тобыр халқы бар, іздеп алар арты бар. Не болмаса мақтан үшін ел жинамай тарқат, мизамның да мөлшері бар, нарқы бар, - депті.

Шешеннің сөзінен сескенген дуанбасы: “Жанқұтты бес атаны аузына алды, енді болмас” - деп Ағыбай батырды жауаптан босатыпты.

Дүйсенбай мен Жақсы Жанқұтты

Қаракесек ішіндегі Қояншытаңай еліне қарасты Қызылтау жерін бір заман Шуаш елі қоныс қылып, оны Қояншытаңайлар жоғарыға жазып, қудалап, іс соңы дауға ұласады. Сол кезде аға сұлтан Құсбек төреге от сұлтан болып жүрген Көрсен Көпбай Жанқұттыға астыртын сөз салып, “Қызылтауды бер-мендер” деп үгіт жүргізеді. Қазылық сайлау жақындап келе жатқан кез болса керек. Егер Қызылтау Шуаштарда қалып қойса, сайлауда Қояншытаңайлар тасты Көпбайға салып, қазылықты алып кету қаупі туады. Жер дауына ел адамдары жиналып, билік айтуды ара ағайын, Әлтеке Дүйсенбай Жаманқұл баласына ұсынады. Сонда Дүйсенбай былай деп билік айтыпты:

- Жанқұтты жерді даулағанын қоймады,
Көпбай соңынан салпандап қалмағанын қоймады...

Мұның өзі Қызылтау,
Бас-аяғы ұзын тау,
Төтелесе - менікі,
Төрелесе - сенікі, - деген екен.

* * *

Заманында Жақсы Жәкеңмен, басқа да ел жақсыларымен сыйлас, қадірлес болған Жаманқұл Табылұлындай белді, беделді адамнан туған, сол арыс өкенің асыл мұраларын бойына ұлағатпен қабылдай білген осы Дүйсенбайдың артында қалған ғибратты сөздер де біршама. Төменде солардың жөне біреуі келтіріліп отыр. Әңгіме әкесінің сәлемі, Құсбек төре, Алшынбай билер хақында.

Жаманқұл ертеректе әлде қандай себептермен Қаратау бойына қарай көшіп кетіп, содан еліне қарай қайта қоныс аударғанда елден Құсбек төренің Кіші жүз кірме - Алшын елін атарман-шабарман ретінде ұстап отырғандығын естиді де, өзі қатты сырқат болғандықтан баласы Дүйсенбайды төреге жұмсайды. Дүйсенбай ауылға келіп, бір төбенің басында алқақотан отырған халық пен көпшіліктің ортасында жайғасқан Құсбек пен Алшынбайды көреді.

Төре Дүйсенбайды танып, дауыстап:

- Уа, иір қобыздың баласы, көшіп келесіндер ме? Жаманқұл не деп сәлем айтты? - дейді.

Дүйсенбайдың әкесін ұзын бойлы, еңкіш, сөзге шебер болғандықтан “иір қобыз” деп атайды екен.

Сонда Дүйсенбай:

- Әкем: “Алқа-қотан жиылған халық, ортасында екі адам отырады. Танымасаң - бірінің бетінің бедері бар, екіншісінің басының үлгісі бар, адамды аллаға пенде қылсын, пендеге пенде қылмасын” деп сәлем айтты, - депті.

Бір ауыз тіл қаптаған төре ертеңіне Алшын елін көшіріп, Саржал деген жерге қоныстандырады.

ОҚЫРМАН НАЗАРЫНА!

Өз заманының аса ірі тұлғасы болып, ел бірлігі мен ұлт тұтастығын сақтауға айрықша үлес қосқан Жақсы Жанқұтты бабамыз жайлы жазылған кітапты өздеріңізге ұсыну барысында редакция алқасы бір жайтқа қысқаша түсініктеме бергенді жөн көрді.

Біз мақала жазған адамдардың авторлық құқына нұқсан келтірмеуге тырыстық. Жекелеген стильдік, грамматикалық кемістіктерді өңдегенімізбен, барлық жазба дүниелерді еш өзгеріссіз жібердік. Дегенмен, кітаптың екінші тарауындағы “Ел бірлігін, абыройын ойласақ” атты мақалада “...Шет ауданының құрылуына себепкер болған азаматтардың есімдері аудан тарихынан, халық зердесінен лайықты орын алғаны жөн болмақ” деген жолдардан соң бір топ азаматтардың тізімі берілген. Өкінішке орай, тізімде хронологиялық тәртіпті сақтауда жаңсақтықтар кеткен. Сондықтан да бұл жолдарды аудан құрылған кезден бастап, бертінге дейін өңірдің өсіп, өркендеп, дамуына белгілі дәрежеде үлес қосқан азаматтардың бір тобы деп қабылдауларыңызды өтінеміз.

Қалай болғанда да, ұлттық руханият саласында ауқымды іс тынғанына қуанайық, ағайын! Ең бастысы - есімін атауға белгілі дәрежеде шектеу қойылған біртуар бабамыздың рухына арналып шығарылған кітап дүниеге келді. Тәубе дейік, қанағат дейік!

Редакция алқасы.

Сөз түйіні

Қазақ фольклорында ерекше көзге көрінетін, айрықша айтылып, жан-жақты зерттеліп келе жатқан сала - шешендік өнер. Оның қалыптасуы мен даму жолдарына назар аударған адам, сөз зергерлерінің өз кезінде ірі тұлға, мемлекеттік деңгейдегі қайраткер болғандығын аңғарады. Шешендердің өзін дәрежесіне қарай бірнеше тапқа жүйелеуге болады. Мәселен: бітпес дауды бітімге келтіріп төрелік айтатын билер, суырылып шығып сөз сөйлен, тақпақтай төгетін шешендер, тілі мірдің оғындай шүйреп түсетін ділмарлар, ұрымтал тұсын тауып, ұтымды жауап қайтаратын тапқырлар, тағы басқалары. Осылардың қай-қайсысы болмасын көне дәуірден бастап, күні бүгінге дейін өшпей, жалғастығын тауып келе жатыр. Яғни, дәуірден дәуірге ұшта-сқан шешендік өнердің сабақтастығын көреміз.

Шешендіктің төлім-тәрбиелік мәнінің де мол екендігін айтпасақ болмайды. Өйткені, ол терең ойдың түкпірінен еленіп, екшеліп шыққаннан кейін, жалаң, жаеық түрде туындамайды. Сомдалып, сұрыпталған өоздің бойынан адамгершілікті, әділдікті, ақиқатты аңғарамыз. Он бес жасар Қаз дауысты Қазыбектің Қрңтәжіге айтқан сөзінің негізгі түйіні екі елдің араеындағы бітімділікте жатқанымен, мазмұнының қаншама тағылымға тұнып тұрғанын көріп қайран қаласыз! Байдалы бидің:

Ағасы бардың, жақсы болса, жағасы бар,

Жаман болса інісіне жабар жаласы бар;

Інісі бардың, жақсы болса, тынысы бар,

Жаман болса ағасына берер жұмысы бар;

Баласы бардың, жақсы болса, панасы бар,

Жаман болса күдайдың берген бөлесі бар, - деп халық мақалын өңдеуден өткізуі кемеңгерліктің көрінісі емес пе? Немесе, Дүйсенбайдың түйыққа тірелген көпшілікке ақ патшаға бата берудің жолын табуы ұшқырлықтың белгісі екендігі ақиқат. Сондай-ақ, Шабанбай бидің Жанқұттыға берген батасы ұлағатты да үлгі боларлық сөзге толы. Әрине, айта берсек мұндай мәселелер толып жатыр.

ХІХ ғасырдағы жақсының жайсаңы болып табылатын Жанқұтты Ботантайұлы өз заманындағы тұлғалы тұстастарынан тұрпаты жоғары тұрған, ақиқатты аялап, әділдікті әлдилеген еңселі ер, тарихи бейне. Дәуірдің дарабоздары Құнанбаймен, Шорманның Мұсасымен дос-жар болуы, қаһарынан қалың ел қорыққан Ыбырай, Құсбек тәрізді аға сұлтандардың Жақсы Жәкеңнің әр сөзіне таңырқап таңдай қағуы, айтқан билігіне халықтың қалтқысыз мойын ұсынуы, бақиға аттанғанда мұсылмандардың орталығы Меккеден орын алуы көп жағдайды аңғартады.

Жақсы Жәкеңе дейін де, кейін де Арқа өңірінен талай тарлан азаматтар шыққан. Оған Жаманқұл, Дүйсенбай шешендерді, Көпбай қазыны, Боранқұл көсемді, Тәшен, Қақпан, Дия, Маясар, Әбіш тағы басқа ақындарды атап айтуға болады. Бір сөзбен түйіндер болсақ, осылардың барлығы - Сарыарқа саңлақтары! Солардың көш басында Жақсы Жанқұтты тұрары хақ.

Мұхамметқали ӘБДУОВ,
филология ғылымдарының кандидаты, доцент.

Жақсы Жанқұттыға байланысты әдебиеттер тізімі

а) кітаби басылымдар:

1. “Сөз тапқанға қолқа жоқ”. Авторлар жинағы. Алматы: Жазушы, 1988 ж.
2. Жұмалиев Қ. ХІХ ғасырдағы қазақ әдебиеті. Алматы: Мектеп, 1967 ж.
3. Адамбаев Б. Шешендік сөздер. Тозған қазды топтанған қарға жейді. Алматы: Жазушы, 1989 ж.
4. Дулатбеков Н.О. Мемлекет және құқық тарихы бойынша хрестоматия. Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 1994 ж.
5. Көкішев Т. Билер сөзі. Алматы: Жазушы, 1992 ж.
6. Негимов С. Ақ бата. Алматы: Ана тілі, 1992 ж.
7. Абай. Энциклопедия. Алматы: Атамұра, 1995 ж.
8. Қазақтар. Алматы, 1998 ж., 4 том.
9. Көпеев М.Ж. Қазақ шежіресі. Алматы, 1993 ж.
10. Артықбаев Ж.О., Жакин М.С. Шет өңірінің тарихы. Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 1998 ж.
11. Янушкевич А. Күнделіктер мен хаттар. Алматы: Жазушы, 1974 ж.
12. Шабанбай би. Жинақ. Жезқазған, 1994 ж.
13. Халилин К. Бабалар рухын еске алу. Шет өңірі ақындарының антологиясы. Қарағанды: Болашақ-Баспа, 1998 ж.

ә) газет-журналдар:

1. Адамбаев Б., Әбдуов М. Жақсы Жанқұтты мен Жаманкүл шешендер. “Жезқазған туы”, 19.09.81 ж.
2. Әбдуов М. Өткір сөздің иесі. “Жұлдыз”, №2, 1984 ж.
3. Адамбаев Б., Әбдуов М. Жақсы Жанқұтты. “Мәдениет және тұрмыс”, №5, 1984 ж.
4. Сағытаев Т. Жақсы Жанқұтты. “Ильич туы”, 21.09.91 ж.
5. Жүнісұлы С. Жақсы Жанқұтты. “Сарыарқа”, 12.09.92 ж.
6. Хамзин М. Жанқұтты би. “Зерде”, №2, 1993 ж.
7. Қонаев Д. Адамзатқа ортақ тұлға. “Абай”, №7, 1993 ж.
8. Жүнісұлы С. Шортанбай жырау және Жақсы Жанқұтты. “Заман”, 19.05.93 ж.

9. Жүнісұлы С. Шортанбай жырау және Жанқұтты шешен. “Сарыарқа”, 24.07.93 ж.
10. Жұқанов Ш. Жанқұтты шешен. “Заман”, 31.07.93 ж.
11. Көкентегі Ш. Жақсы Жанқұтты шешен. “Сарыарқа”, 10.02.94 ж.
12. Қашқынов Ж. Жақсы Жанқұтты. “Заман”, 07.09.94 ж.
13. Қашқынов Ж. Шабанбай мен Жанқұтты ел қамын ойлаған еулие еді. “Сарыарқа”, 22.11.94 ж.
14. Көкентегі Ш. Әділеттің туы. “Сарыарқа”, 08.02.95 ж.
15. Жүнісұлы С. Жанқұтты шешен. “Арқа”, №2, 1995 ж.
16. Сәдуақасов Қ. Сөз қадірі. “Сарыарқа”, 15.07.95 ж.
17. Жүнісұлы С. Ұлылар ілтипатпен еске алған Жанқұтты баба ұмыт қалмасын. “Сарыарқа”, 27.07.95 ж.
18. Хамзин М. Нұрын шашып тұрады. “Сарыарқа”, 28.07.95ж.
19. Жүнісұлы С. Билер туралы. “Заман”, 11.10.95 ж.
20. Жүнісұлы С. Билерді біліп өссе бүгінгі ұрпақ. “Сарыарқа” 07.10.95ж.
21. Қашқынов Ж. Жақсы Жанқұтты. “Егемен Қазақстан”, 06.12.95 ж.
22. Жүністегі К. Жақсы Жанқұтты. “Орталық Қазақстан”, 12.02.98 ж.
23. Жүнісұлы С. Жақсы Жанқұтты — ірі тұлға. “Орталық Қазақстан”, 27.05.98 ж.
24. Қашқынов Ж. Данагөй билер Шабанбай мен Жанқұтты. “Жұлдыз”, №9-10, 1995 ж.
25. Көкентегі Ш. Жақсыны жалпақ жұрты білсе жөн-ді. “Орталық Қазақстан”, 24.06.98 ж.
26. Хамзин М. Даналық мектебі. “Сарыарқа”, 06.95 ж.
27. Көкентегі Ш. Жанқұтты туралы бір ауыз сөз. Бейнетаспа. Қарағанды телкомпаниясы. 05. 1998ж.

б) қосымша деректер:

1. Сібір қазақтарының билеушілерінің жасасқан келісім шарты. 1846 ж., маусым, Қазақ Республикасының архиві, 374 бума.
2. Алтайбай Ж. Ағыбай батыр. Алматы: Жазушы, 1996 ж.
3. Жүністегі К. Құба белдер. Қарағанды, 1996 ж.
4. Аманжолұлы Қ. Фибрат. “Сарыарқа”, 02.09.94 ж.
5. Мәкенбаев К. Алып тұлғалар. “Сарыарқа”, 19.02.95 ж.
6. Майбас Т. Байсейіт би. “Сарыарқа”, 08.1995 ж.

Мазмұны

Алғы сөз	7
Бастау	9
I тарау. Ғалымның сөзі — ғылымның көзі	11
Х.М. Нұрмұханов. Шешендік және шеберлік	12
М. Хамзаұлы. Жалпы адамзаттық құндылықтар және ұлттық болмыс	19
Ж.О. Артықбаев. Жанқұтты заманындағы қоғамдық-әлеуметтік орта	24
З. Рахимов. Баба туралы толғаныс	33
М. Әбдуов. Жанқұтты би тағлымы	41
М. Ғалым. Жаны құтты шешен	47
II тарау. Ойды ой қозғайды	51
К. Сарханов. Ел бірлігін, абыройын ойласақ	52
Т. Есенбекөв. Құсбегілік — киелі өнер	57
Ш. Қасымов. Бірлік болмай тірлік болмайды	62
С. Жүнісұлы. Жақсы Жанқұтты би және Шортанбай жырау	65
Ж. Есмағамбетов. Есімде қалған есті сөз	71
Ш. Көкентегі. Баба өсиеттері және бүгінгі ұрпақ	73
С. Мұхтарова. Қазақтың әдеби мураларындағы би-шешендер бейнесі	79
III тарау. Жәкен жайлы жазбалар	81
“Абай” энциклопедиясы	82
М.Ж. Көпеев. Орта жүз тарихы	83
Қ. Жұмалиев. Шортанбайдың өмірі мен шығармалары	84
Б. Адамбаев. Жанқұтты шешен	85
Ж. Қашқынов. Шабанбай мен Жанқұтты билер	88
Қ. Сәдуақасов. Сөз қадірі	91
М. Хамзин. Заманының дарабоз өр тұлғасы	96

С. Жүнісұлы. Жақсы Жанқұтты	99
М. Әбдуов. Өткір сөздің иесі	103
Қ. Байсеркин. Шабанбай би	108
Т. Сағытаев. Жақсы Жанқұтты	111
IV тарау. Тереңдер тереңге тереңдер	115
К. Халилин. Бабалар рухын еске алу	116
Қ. Әбілдин. Уақыт	118
Ж. Қашқынов. Дана би	119
Т. Амандықұлы. Баба рухымен сырласу	120
Ғ. Ештанаев. Құнанбайдың қабір басындағы сөзі	122
А. Әлтаев. Алып тұлға әруақтым	124
V тарау. Шежіре сыр шертеді	125
Арқаның ардақтылары	126
Сөз түйіні	139
Жақсы Жанқұттыға байланысты әдебиеттер тізімі	141

АЛҒЫ СӨЗ

Өткенсіз бүгін жоқ, бүгінсіз ертең жоқ деген қағидаға сүйенсек, біздің халық әлемдік деңгейдегі адамзаттық ақыл-ойды “өткенге — салауат, бүгінге — тәуба, болашаққа — үміт” деп тұжырымдайды. Адамзат баласының мәңгі бақи қозғалыста болатын Өмір атты көш-керуенінде сөзбен сурет салып, сарай соққан, сөз қадірін түсініп, өнерпазын қастерлеген қазақ ұлтының әлемдік руханият дүниесінен алатын орны да қомақты.

Оқырманға үміт пен сенімді арқалатып, үлкен мақсат-мүддемен жол тартқан осынау кітап Елбасымыздың 1999 жылды “Ұрпақтар бірлігі және сабақтастығы жылы” деп жариялауымен сәйкес келіп отыр. Мемлекет басшысының соңғы жылдарды Саяси қуғын-сүргінді бастан кешкендерді еске алу, Халық бірлігі және ұлттық тарих жылы деп ұйғаруы — бәрі биылғы жылмен іштей сабақтастықта, органикалық бірлікте, тұтастықта деп қабылдағанымыз абзал.

Аталған кітапқа арқау болған Жанқұтты бабамыз — кезінде қазақтың үш жүзіне мәлім болған, әділ билігімен, сөз мәйегін төккен шешендігімен танымал болған аса ірі, еңселі тұлға. Ел-жұртынан “Жақсы Жәкең” деген ат алған Жанқұтты би өз халқының сұңғыла ойын, кемел санасын, ұлтының биік дүниетанымын, тұжырымдай айтсақ, барша болмыс-бітімін, кескін-келбетін өзгеге әйгілей білген жан.

Егер біздің тәуелсіз, дербес мемлекетімізде болашақ атты ұғым ертеңгі ел тізгініне ие болатын жастармен тығыз байланысты десек, Жанқұтты бидей белгілі тұлға жайлы жазылған осынау кітап тек қана ұлы бабаның әруағына тағзым еткеніміз ғана емес, сонымен бірге бүгінгі жас ұрпақ бойына патриотизмді қалыптастыру деп қорытындылағанымыз жән.

Жақсы Жәкең заманы — ХІХ ғасырда қазақ еліне бодандық бұғауы кеңінен киіле бастаған отаршылдық заманы. Ұшы-қиыры жоқ, сайын сахараның барлық жерінде дерлік патшалық Ресейдің бекініс-бекеттері салына бастады. “Балапан — басына, тұрымтай — тұсына” дегендей заман туды. Міне, дәл осы тұста, яғни ұлттық

рух, ұлттық тіл, ұлттық діл, ұлттық дін саудаға түскен сәтте, қазақы болмыстың санадан өшіп кетпеуі үшін күрескен топтың белсенді мүшесінің бірі осы Жөкең бабамыз болатын. Сондықтан да Жанқұтты сияқты атақты тұлғаның өмір-сұмыры, халқы, елі-жұрты үшін сіңірген еңбегі бүгінгі ұрпақ үшін үлгі-өнеге, болашаққа мақсат-мүдде.

Жанқұтты бабамыздай ел бірлігін, ұлт тұтастығын көксеген азаматтар бүгінгі таңда егемен еліміз үшін ауадай қажет. Аталған жинақтың жалпы жұртшылыққа берер тағылымы да осында деп білгеніміз абзал. Өйткені, біздің ел — бірліктің киелі тамшысы елдіктің телегей-теңіз мұхитына айналмай деп тілейтін ел.

Жамбыл АҚЫЛБАЕВ,
Халықаралық Жоғары мектептер Ғылым Академиясының
академигі, техника ғылымдарының докторы, профессор.

ОҚЫРМАНҒА

Әуеліде Орталық Қазақстандағы әлуетті білім ордаларының бірі Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті жанынан ірге көтеріп, кейінде жеке шаңырақ болып бөлініп шыққан маңызды білім беретін “Болашақ” институтының ат-атағы бүгінде қалың бұқараға танымал. Соңғы жылдар сорабында, қоғамымыздың барша буындары сияқты, білім беру саласында да қауырт қолға алынып, жүзеге асырылып жатқан күрделі реформалар, оң өзгерістерге сәйкес, нарықтық қатынастар талаптарына орай “Болашақтықтардың” да іс-қимыл бағдарын басқаша белгілеп, жарқын келешекке жаңаша бағыт түзеген сыңайы бар.

Осы ыңғайда бас-аяғы бірер жылдың ішінде екпін алып, еңсесін тіктеп үлгерген сәнді-сәулетті ғимарат, оқу-әдістемелік, материалдық-техникалық база, бай кітапхана, т.б. жөнінде әңгіме бөлек. Бүгінгі бірер ауыз сөз — институт жанындағы “Болашақ-Баспа” редакциялық бөлімі хақында.

Әлбетте, мұндай мазмұны бөлек бөлім ұйымдастыру да өскелең өмірдің өзі талап етіп отырған толайым шара. Бүгінгідей баспа ісі тоқырап тұрған жағдайда аса қат, жаңа оқу құралдарын, әдістемелік кітап-қағаздарды өзгеге күн түсірмей-ақ, өз күшіңмен дайындап, демде шығарып алу үшін, бұл дегеніңіз бірден-бір дұрыс жол болса керек.

Осындай игі мақсатта құрылған бөлімнің қазіргі аяқ алысы жаман емес. Өнім түрінің молайып, өндіріс көлемінің ұлғайып келе жатқаны соншалық, баспа ұжымы, оқу-әдістемелік құралдар көлемінен шығып, ел-халық, жер тарихын тектеп, таразылау, ұлттық рухани жәдігерлерімізді әспеттеп, ұрпақ санасына зерделеу ісіне де үн қоса бастады.

Оған мысал ретінде, соңғы бір жыл ішінде ғана жарық көрген: осы өңірдің даму-өркендеуіне еселі еңбек сіңірген адамдардың өмірбаяндарынан түзілген “Қарағандының тұғырлы тұлғалары” (“Кто есть Кто в Караганде”), туган өлке тарихын көркем сөзбен кестелеген ақын-жыршыларын ардақтаған “Шет өңірі ақындарының антологиясы”, “Атыңнан айналдым, Жаңаарқам”, мысты, жезді өлкенің қалыптасу тарихын сөз ететін “Жезқазғанның мыс алыбы”, Егіндібұлақ, Қарқаралы өңірінде өмір сүрген әйгілі өншілер туралы деректі әңгімелердің жинағы, түзілуі, жүйеленуі жөнінен

академиялық деуге де келетіндей әйгілі Нарманбет ақын шығармалары, халқымыздың біртуар азаматтарының бірі “Академик Е.А.Бөкетовтің қабырғалы еңбектері” т.б. көптеген кітап-жазба нақтарды айтсақ та жеткілікті болар.

Аталған кітаптар қазірде оқырман қауым арасына кеңінен таралған, көзі қарақты адамдардан лайықты бағасын алып үлгерді. Осындай қол жеткен табыстарға қанаттанған баспагерлер бұл бағыттағы ізденістерін әлі де індете түспек ниетте.

Әйткенмен, осы арада кейінгі кездері жиі сөз болып, көпшіліктің назасын алып жүрген бір келеңсіздікке оқырмандарымыздың назарын аударсақ па деп едік.

Біз, білесіздер, ақылы оқу үлгісінде болғанымызбен, кейбір ұйымдардай, коммерциялық мақсат көздеген іс-шараларға бара алмаймыз, ондай құқыққа ие емеспіз. Сондықтанда барша өнімдерімізді, өзіндік құны қашанда өндіріс шығындарын ғана құрайды. Нақтырақ айтсақ, бізде басылатын кітаптардың бағасы орта есеппен 120-350 теңгенің мұғдарында болып келеді. Ал қазірде бізге мәлім болып отырғандай, кейбір пысықайлар біздің кітаптарды 2-3 есе артық бағаға сатып, үстінен пайда табумен де шұғылданып жүрген көрінеді. Мәселен, өткен жылы жарық көрген, өзіндік құны 176 теңге ғана тұратын бір жинақ ауылды жерлерде 500 теңгеге, 300 теңгелік бір кітап 1200(!) теңгеге саудаға түскен!

Оқырманның іші сезіп отырғандай, бұл жердегі бар жаманат бізге келеді. Бұл келеңсіздік алдағы уақытта қайталанбас үшін әрбір кітапқа оның өзіндік құнын жазып отыруды ережеге енгізу ниеттеміз. Бабамыз Жанқұтты туралы әр кітапты шығару – 20 теңгеге түсті.

“Малым жанымның садағасы, жаным арымның садағасы”, ата сөзін мұрат тұтқан ұрпақпыз. Еліме, туған жеріме лайықты ұлы болсам деген арманның жетегінде жүрміз. Сол жолдан тәжірім тайдырмасын!

Нұрлан ДУЛАТБЕКОВ,
Қарағанды маңызды білім беретін
“Болашақ” институтының ректоры.

Сарыарқа санлақтары

Жақсы Жанқұтты

“Болашақ-Баспа” бөлімінде басылып шығарылды.

**Бас редакторы Бабулова Г.Ж.
Редакторы Оспан Ж.Қ.
Техникалық редакторы Тоғызбаев Н.С.
Корректоры Қауашева Б.Х.
Суретшісі Қақыш М.**

**Басуға 7.07.99ж. қол қойылды.
Пішімі А5. Көлемі 9,5 есепті б.т.
Таралымы 500 дана.**